

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ  
МИНИСТРЛІГІ  
АЛМАТЫ ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**НОРМАТИВТІ ҚҰЖАТТАРДЫ ЖӘНЕ СТАНДАРТТАРДЫ ӘЗІРЛЕУ  
ТЕХНОЛОГИЯСЫ**

**Алматы, 2020**

**УДК 006 (075.8)**

**ББК**

***Пікір жазғандар:***

**Узаков Я.М.** – техника ғылымдарының докторы, Алматы технологиялық университеті «Тағам өнімдерінің технологиясы» кафедрасының профессоры, РФ тағам қауіпсіздігі академиясының және ҚазҰЖҒА академигі;

**Диханбаева Ф.Т.** - техника ғылымдарының докторы, Алматы технологиялық университеті «Тағам өнімдерінің технологиясы» кафедрасының профессоры;

**Ахметсадықов Н.Н.** - ветеринария ғылымдарының докторы, профессор, «Антиген» ғылыми-өндірістік кәсіпорнының бас директоры;

**Оспанов А.А.** - техника ғылымдарының докторы, Қазақ ұлттық аграрлық университеті, «Тағам өнімдерінің технологиясы және қауіпсіздігі» кафедрасының профессоры.

Нормативті құжаттарды және стандарттарды әзірлеу технологиясы/  
Б.Т.Тнымбаева, Г.Н.Жақсылықова, Е.С.Ержигитов, А.Н.Серикбаева –  
Алматы: АТУ, 2020.

**ISBN**

Оқу құралында стандарттады, техникалық регламенттерді, нормативтік құжаттарды әзірлеу технологиясы қарастырылған. Оқу құралы 5 бөлімнен тұрады, онда Қазақстан Республикасының «Техникалық реттеу» және «Стандарттау» туралы заңнамалары туралы және осы заңдарға сәйкес негізгі нормативтік және техникалық құжаттарды, стандарттарды, техникалық регламенттерді әзірлеу, рәсімдеу, бекіту талаптары, ұлттық техникалық-экономикалық ақпарат жіктеуіштерін әзірлеу тәртібі, нормативтік және техникалық құжаттарды әзірлеу алдында жүргізілетін жұмыстар туралы т.с.с материалдар берілген.

Оқу құралы жоғарғы оқу орындарының «Стандарттау және сертификаттау» мамандығының студенттеріне, сонымен қатар қызмет көрсету мен өндіріс саласындағы мамандарға арналған.

© Б.Т.Тнымбаева, Г.Н., Жақсылықова,  
Е.С.Ержигитов, А.Н.Серикбаева, 2020 ж.

© ҚР Жоғары оқу орындарының  
қауымдастығы, 2020 ж.

## МАЗМҰНЫ

	КІРІСПЕ	5
1	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ТЕХНИКАЛЫҚ РЕТТЕУ ЗАҢЫ, СТАНДАРТТАУ САЛАСЫНДАҒЫ НЕГІЗГІ ҚҰЖАТТАР	6
1.1	Қазақстан Республикасының «Техникалық реттеу» заңнамасы	6
1.2	Техникалық реттеу саласындағы ЕАЭО нормативтік құқықтық базасының құрылымы	10
1.3	Қазақстан Республикасының «Стандарттау туралы» Заңы	13
2	НОРМАТИВТІК ЖӘНЕ ТЕХНИКАЛЫҚ ҚҰЖАТАРДЫ ӨЗІРЛЕУ АЛДЫНДА ЖҮРГІЗІЛЕТІН ЖҰМЫСТАР	18
3	ТЕХНИКАЛЫҚ РЕТТЕУ ЗАҢНАМАСЫНА СӘЙКЕС ТЕХНИКАЛЫҚ РЕГЛАМЕНТ ЖОБАСЫН ӨЗІРЛЕУ ТАЛАПТАРЫ	23
3.1	Техникалық регламент жобасын әзірлеуге қойылатын талаптар	25
3.1.1	Техникалық регламент жобасын әзірлеудің басталуы туралы хабарлама жасау	26
3.1.2	«Техникалық реттеу объектілері, регламенттің қолданылу саласы» бөлімі	26
3.1.3	«Негізгі ұғымдар» бөлімі	29
3.1.4	«Қазақстан Республикасының нарығында өнімді орналастыруға қатысты жалпы ережелер» бөлімі	29
3.1.5	«Өнімге қойылатын талаптар» бөлімі	30
3.1.6	Техникалық регламенттерде өнімге қойылатын ең аз қажетті талаптардың тапсырмасы бойынша ұсыныстар	32
3.1.7	«Стандарттарды қолдану» бөлімі	36
3.1.8	«Сәйкестікті растау» бөлімі	39
3.1.9	«Мемлекеттік бақылау (қадағалау)» бөлімі	42
3.1.10	«Қорытынды және өтпелі ережелер» бөлімі	42
3.1.11	Техникалық регламенттерді рәсімдеу бойынша ұсыныстар	43
3.2	Еуразиялық экономикалық одақтың техникалық регламентіне қойылатын талаптар	45
3.2.1	ЕАЭО техникалық регламентін әзірлеу, қабылдау, өзгерістер енгізу және күшін жою тәртібі	46
3.2.2	Стандарттар – ЕАЭО ТР жүзеге асырудың басты құралы	47
4	МЕМЛЕКЕТТІК ЖӘНЕ ҰЙЫМ СТАНДАРТАРЫН ӨЗІРЛЕУГЕ ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР (ҚР СТ)	49
4.1	Стандартты әзірлеуді бастау	49
4.2	Стандарт құрылымы	49
4.3	Стандарттардың жазылуына қойылатын талаптар	70
4.4	Әр түрлі типтегі стандарттарды баяндау ережелері	72
4.5	Стандарттарды рәсімдеу ережесі	99
4.6	Стандарт мәтінін және оның жобасын рәсімдеуге қойылатын	100

	талаптар	
4.7	Стандарттарды белгілеу ережесі	101
5	Ұлттық техникалық-экономикалық ақпарат жіктеуіштерін әзірлеу тәртібі	103
5.1	Жіктеуіштерді әзірлеу, бекіту және мемлекеттік тіркеу	103
5.2	Жіктеуіштерді жасауға, жазуға және ресімдеуге қойылатын талаптар	107
	Әдебиеттер тізімі	108

## КІРІСПЕ

Экономиканың қазіргі заманғы даму жағдайында әлемнің барлық елдерінде тұтынушыларға ұсынылатын материалдық тауарлар мен қызметтердің сапасына кепілдік беру проблемалары өткір тұрды. Осы проблемалармен тығыз байланысты өнімдер мен қызметтердің, өндірістік процестердің, сондай-ақ еңбек өнімдерін өткізу, сақтау, тасымалдау, пайдалану және кәдеге жарату процестерінің қауіпсіздігі мәселелері де ерекше маңызға ие болады.

Ұсынылып отырған оқу құралының мақсаты 5B072700 – Азық-түлік өнімдерінің технологиясы, 5B072800– Қайта өңдеу өндірістерінің технологиясы, 5B073200 – Стандарттау және сертификаттау мамандықтарының студенттеріне тағам өнімдерінің технологиясы үдерісінде жаңа өнімдерге нормативті құжаттарды және стандарттардың жобасын әзірлеуге көмектесу болып табылады.

Аталған мәселелерді шешуді қамтамасыз ету үшін Қазақстан Республикасында «Техникалық реттеу туралы» (2004 жылғы 9 қарашадағы №603), «Стандарттау туралы» (2018 жылғы 5 қазандағы №183-VI ҚРЗ), «Тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы» (2010 жылғы 9 қарашадағы №274-IV) заңдары, ДСҰ-ның саудадағы техникалық кедергілер, санитарлық және фитосанитарлық шаралар жөніндегі шарттарына толық көлемде жауап беретін заңдарды қолданып және оларды қолдану тәртіп жолдары көрсетілген.

«Нормативті құжаттарды және стандарттарды әзірлеу технологиясы» оқу құралын –стандарттау саласындағы, сонымен қатар аралас қызмет салаларындағы мамандарды дайындау үшін де қолданады.

Аталған оқу құралында тағам өнімдерінің технологиясы үдерісінде жаңа өнімдерге нормативті құжаттарды және стандарттардың жобасын әзірлеу мәселелеріне көмектесу мақсатында Қазақстан Республикасының «Техникалық реттеу туралы», «Стандарттау туралы» заңдары, стандарттау саласындағы негізгі құжаттар, нормативтік және техникалық құжаттарды әзірлеу алдында жүргізілетін жұмыстар, техникалық реттеу заңнамасына сәйкес техникалық регламент жобасын әзірлеу талаптары, техникалық реттеу саласындағы кеден одағының нормативтік құқықтық базасының құрылымы, Еуразиялық экономикалық одақтың техникалық регламентіне қойылатын талаптары, мемлекеттік және ұйым стандарттарын әзірлеуге қойылатын талаптар (ҚР СТ), ұлттық техникалық-экономикалық ақпарат жіктеуіштерін әзірлеу тәртібі қарастырылған.

# **1 ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ТЕХНИКАЛЫҚ РЕТТЕУ ЗАҢЫ, СТАНДАРТТАУ САЛАСЫНДАҒЫ НЕГІЗГІ ҚҰЖАТТАР**

## **1.1 Қазақстан Республикасының техникалық реттеу заңнамасы**

«Техникалық реттеу туралы» Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 9 қарашадағы №603 Заңы өнімге, көрсетілетін қызметке, өнімнің өмірлік циклінің процестеріне (бұдан әрі - процестер) қойылатын міндетті және ерікті талаптарды айқындау, белгілеу, қолдану және орындау, олардың сәйкестігін растау, аккредиттеу және техникалық реттеу саласындағы мемлекеттік бақылау жөніндегі қоғамдық қатынастарды реттейді. Өнім, көрсетілетін қызмет, процестер техникалық реттеу объектілері болып табылады. Мемлекеттік органдар, сондай-ақ Қазақстан Республикасының аумағында қызметін жүзеге асыратын және Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасына сәйкес техникалық реттеу объектілеріне қатысты пайдалану құқығын иеленетін жеке және заңды тұлғалар техникалық реттеу субъектілері болып табылады [1,20].

Техникалық реттеудің негізгі мақсаттары мен принциптері

Техникалық реттеудің негізгі мақсаттары:

1) міндетті регламенттеу саласында:

- өнімнің, процестердің адам өмірі мен денсаулығы және қоршаған орта, оның ішінде жануарлар мен өсімдіктер дүниесі үшін қауіпсіздігін қамтамасыз ету;

- ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету;

- өнімнің, көрсетілетін қызметтің қауіпсіздігіне және сапасына қатысты тұтынушыларды жаңылыстыратын іс-әрекеттердің алдын алу;

- саудадағы техникалық кедергілерді жою;

2) стандарттау саласында:

- отандық өнімнің бәсекеге-қабілеттілігін арттыру;

- табиғи және энергетикалық ресурстарды үнемдеу болып табылады.

Техникалық реттеу:

1) мемлекеттік техникалық реттеу жүйесінің бірлігі мен тұтастығы; техникалық регламенттерде, сондай-ақ Қазақстан Республикасы қатысушысы болып табылатын ұйымдардың техникалық регламенттерінде бірыңғай міндетті талаптар белгілеу;

2) бірыңғай терминологияны, өнімге, көрсетілетін қызметке, процестерге қойылатын талаптарды белгілеу ережелерін қолдану;

3) техникалық реттеу мақсаттарының орындылығы мен қолжетімді болуы, техникалық реттеу процестеріне қатысу үшін тең мүмкіндіктерді, мемлекет пен мүдделі тараптар мүдделерінің теңгерімін қамтамасыз ету;

4) отандық және импортталатын өнімге, көрсетілетін қызметке және олардың белгіленген талаптарға сәйкестігін растау рәсімдеріне қойылатын талаптардың бірдей болуы;

5) техникалық регламенттер мен стандарттарды әзірлеу кезінде ғылым мен техника жетістіктерін, халықаралық және өңірлік ұйымдардың стандарттарын басым пайдалану;

б) техникалық регламенттер талаптарының мемлекет экономикасының дамуы, оның материалдық-техникалық базасы деңгейіне және ғылыми-техникалық даму деңгейіне сәйкестігі;

7) мемлекеттік құпияларды және заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын мәліметтерді қоспағанда, техникалық регламенттердің, стандарттардың және олар туралы, оларды әзірлеу, бекіту, жариялау тәртібі туралы ақпараттың қолжетімділігі;

8) стандарттарды қолдану мақсатында оларды ерікті түрде таңдау;

9) сәйкестікті растаудың бірыңғай жүйесі мен ережелері;

10) бір органның аккредиттеу және сәйкестікті растау жөніндегі өкілеттіктерді қоса атқаруын болдырмау;

11) бір мемлекеттік органда мемлекеттік бақылау және сәйкестікті растау функцияларының үйлеспеушілігі;

12) сәйкестікті растау жөніндегі органдардың дайындаушылардан (орындаушылардан), сатушылардан және сатып алушылардан тәуелсіздігі;

13) сәйкестікті растау жөніндегі жұмыстарда бәсекелестіктің шектелуін болдырмау принциптеріне негізделеді.

Мемлекеттік техникалық реттеу жүйесінің құрылымы:

1) Қазақстан Республикасының Үкіметі;

2) уәкілетті орган;

3) Өз құзыреті шегінде мемлекеттік органдар;

3-1) аккредиттеу жөніндегі орган;

3-2) стандарттау жөніндегі ұлттық орган;

4) мемлекеттік органдар жанындағы Техникалық реттеу саласындағы сарапшылық кеңестер;

5) саудадағы техникалық кедергілер, санитарлық және фитосанитарлық шаралар жөніндегі ақпараттық орталық (бұдан әрі - Ақпараттық Орталық);

6) алып тасталды – ҚР 05.10.2018 № 184-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі);

7) сәйкестікті растау жөніндегі органдар, зертханалар;

8) сәйкестікті растау, аккредиттеу, тауардың шығарылған елін, Еуразиялық экономикалық одақ тауарының немесе шетел тауарының мәртебесін айқындау жөніндегі сарапшы-аудиторлар [1].

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Құзыреті:

- Техникалық реттеу саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттарын әзірлеу;

- Техникалық реттеудің мемлекеттік жүйесін қалыптастыру;

- Техникалық реттеу саласындағы құқықтық реформаны қамтамасыз ету;

• Техникалық регламенттер талаптарының сақталуын мемлекеттік бақылауды (қадағалауды) қамтамасыз ету жөніндегі уәкілетті органды айқындау;

Уәкілетті органның құзыреті:

1) Техникалық реттеудің мемлекеттік жүйесін қалыптастыруға қатысады;

2) Техникалық реттеу саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыруды жүзеге асырады;

3) Техникалық реттеу саласындағы мемлекеттік органдардың, жеке және заңды тұлғалардың қызметін салааралық үйлестіруді жүзеге асырады;

4) көлік құралының типін мақұлдауды, шасси типін мақұлдауды бекіту және тіркеу жөніндегі қағидаларды әзірлейді және бекітеді;

5) Көлік құралдарын дайындаушыларға халықаралық сәйкестендіру кодтарын беру қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

6) көлік құралын дайындаушыға халықаралық сәйкестендіру кодын беру туралы куәліктің нысанын әзірлейді және бекітеді;

7) алып тасталды – ҚР 03.07.2013 № 124-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);

8) техникалық регламенттерді әзірлеу жөніндегі жоспарды әзірлейді;

9) жобалар мен техникалық регламенттердің техникалық реттеу саласындағы мемлекеттік саясатқа және осы Заңның 4-бабының 1-тармағында көзделген мақсаттарға сәйкестігіне талдауды және сараптама жүргізуді ұйымдастырады;

10) техникалық регламенттерді әзірлеу бойынша сараптамалық кеңестермен, жеке және заңды тұлғалармен Техникалық реттеу мәселелері бойынша өзара іс-қимыл жасайды;

11) сәйкестікті растау және аккредиттеу жөніндегі халықаралық және өңірлік ұйымдарда Қазақстан Республикасының атынан өкілдік етеді, сәйкестікті растау нәтижелерін өзара тану жөніндегі жұмыстарға қатысады;

12) мемлекеттік техникалық реттеу жүйесінің тізілімін жүргізуді ұйымдастырады;

13) ақпараттық орталықтың жұмыс істеуін қамтамасыз етеді;

14) сарапшы-аудиторларды даярлау, қайта даярлау, біліктілігін арттыру тәртібін әзірлейді, бекітеді және ұйымдастырады, сондай-ақ оларға қойылатын рұқсат беру талаптарын әзірлейді және бекітеді;

15) техникалық регламенттерде белгіленген талаптардың сақталуына мемлекеттік бақылау жүргізу жөніндегі жұмыстарды ұйымдастырады және үйлестіреді;

16) техникалық регламенттердің талаптарына сәйкес келмейтін өнімді алып қоюды және қайтарып алуды жүзеге асыру тәртібін белгілейді;

17) тауардың шығарылуы туралы сертификаттарды берудің негізділігін, оларда қамтылған мәліметтердің дұрыстығын верификациялауды (тексеруді), сондай-ақ тауарды әкелген елдің уәкілетті органдарының сұрау салулары негізінде тауарлардың шығарылған елін



айқындау критерийлерін өндірушілердің орындауына тексеру жүргізуді жүзеге асырады;

18) өнімнің, процестердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету мүддесінде консультациялық-кеңесші органдар құрады;

19) техникалық регламенттерді бекітеді;

20) әзірленген техникалық регламенттерге сараптама жасауды, келісуді, техникалық регламенттердің қолданылуын тоқтата тұруды не оның күшін жоюды келісуді, оның ішінде салалық мемлекеттік органдардың техникалық регламенттердің қолданылуын тоқтата тұру не оның күшін жою мәселелеріне бастамашылық етуді жүзеге асырады;

21) техникалық регламенттерді әзірлеу, сараптау, қабылдау, өзгерту және жою тәртібін белгілейді;

22) техникалық регламенттерді әзірлеу жөніндегі жоспарды бекітеді;

23) тауардың шығарылған елін айқындау, тауардың шығу тегі туралы сертификат беру және оның қолданылуын жою жөніндегі қағидаларды әзірлейді және бекітеді;

24) алып тасталды – ҚР 29.10.2015 № 376-V Заңымен (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі);

25) шығарылатын түпкілікті өнімнің техникалық реттеу және метрология жүйесінің талаптарына сәйкестігі тұрғысынан инвестициялық жобаларға (мемлекеттік қолдаумен жүзеге асырылатын) бағалау жүргізуді ұйымдастырады;

26) сәйкестікті растау қағидаларын бекітеді.

27) сәйкестік сертификатының, сәйкестік туралы декларацияның нысандарын белгілейді және оларды дайындауды ұйымдастырады;

28) алып тасталды – ҚР 16.05.2014 № 203-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі);

29) тауардың шығарылған елін айқындау жөніндегі сертификаттың нысандарын белгілейді;

30) техникалық реттеудің мемлекеттік жүйесінің қағидаларын әзірлейді;

31) шағымдарды (апелляцияларды) қарау үшін апелляциялық комиссия құрады;

32) егер олар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік техникалық реттеу жүйесінің талаптарына сай келмесе, басқа ұйымдар шығарған сәйкестікті растау мәселелері жөніндегі құжаттардың күшін жою туралы ұсыныстар дайындайды;

33) зертханааралық салыстырмалы сынақтар (салыстыру);

34) Қазақстан Республикасының аумағында шетелдік үлгінің сәйкестігін растау саласындағы құжаттарды беру жөніндегі қызметті жүзеге асырудың басталғаны немесе тоқтатылғаны туралы хабарлаған шетелдік және халықаралық ұйымдардың тізілімін жүргізеді;

35) көлік құралының типін мақұлдауды, шасси типін мақұлдауды ресімдеудің дұрыстығы мен негізділігін тексеру жөніндегі қағидаларды әзірлейді және бекітеді [1,20].



1- сұлба. Қазақстан Республикасының техникалық реттеу саласындағы заңнамасының құрылымы

## 1.2 Техникалық реттеу саласындағы ЕАЭО нормативтік құқықтық базасының құрылымы

Одақ аясында тауарлардың, қызметтердің, капиталдың және жұмыс күшінің еркіндігі қамтамасыз етіледі, экономика салаларында үйлестірілген, келісілген немесе бірыңғай саясат жүргізу қамтамасыз етіледі [1,20].

Еуропалық экономикалық одақ туралы шарт 2015 жылдың 1 қаңтарынан бастап күшіне енді.

Техникалық реттеу саласындағы ЕЭК шешімдері:

1. ЕАЭО шеңберінде міндетті талаптар белгіленетін өнімнің бірыңғай тізімін қалыптастыру және енгізу тәртібі (Алқа бұйрығы 2015 жылғы 1 қыркүйектегі №86)
2. КО техникалық регламенттерін әзірлеу және КО ТР-ға өзгерістер енгізу жоспары (ЕЭК Кеңесінің 2014 жылғы 1 қазандағы №79 шешімі)
3. Техникалық регламенттердің мазмұны мен стандартты құрылымы бойынша ұсыныстар (Кеңестің 2015 жылғы 50 тамыздағы №50 шешімі)
4. КО ТР-ны әзірлеу, қабылдау, өзгерту және жою туралы ереже (ЕЭК Кеңесінің 20.06.2012 жылғы №48 шешімі);
5. Халықаралық және аймақтық стандарттардың тізімдерін әзірлеу және бекіту, және олар болмаған жағдайда Кеден одағына мүше мемлекеттердің ұлттық стандарттары, КО ТР талаптарына сәйкестігін қамтамасыз ететін және сәйкестігін бағалау (растау) үшін қажетті (ЕЭК Алқасының 2012 жылғы 25 желтоқсандағы шешімі) №306)
6. Кеден одағына мүше мемлекеттердің нарығында тауар айналымының бірыңғай белгісі туралы ереже (Кеден одағы Комиссиясының 2011 жылғы 15 шілдедегі №711 шешімі)
7. КО ТР-да сәйкестікті бағалаудың стандартты сызбаларын қолдану туралы ереже (КО комиссиясының 2011 жылғы 7 сәуірдегі №621 шешімі).



## 2- сұлба. Техникалық реттеу саласындағы ЕАЭО нормативтік құқықтық базасының құрылымы

Еуразиялық экономикалық одақ туралы шарт шеңберіндегі техникалық реттеудің негізгі қағидаттары:

- ✓ өнімге және өнімге қойылатын талаптарға байланысты жобалау процестеріне қойылатын міндетті талаптарды белгілеу;
- ✓ Одақтың техникалық регламенттерінде бірыңғай міндетті талаптарды немесе Одақ шеңберінде міндетті талаптар белгіленетін өнімнің бірыңғай тізбесіне енгізілген өнімге мүше мемлекеттердің заңнамасында ұлттық міндетті талаптарды белгілеу;
- ✓ мүше мемлекеттерде алып тастаусыз Одақтың техникалық регламенттерін қолдану және орындау;
- ✓ мүше мемлекеттердің аккредиттеу жөніндегі органдарының, мүше мемлекеттердің сәйкестікті растау жөніндегі органдарының және мүше мемлекеттердің қадағалау (бақылау) жөніндегі органдарының дайындаушылардан, сатушылардан, орындаушылардан және сатып алушылардан, оның ішінде тұтынушылардан тәуелсіздігі;

✓ Одақ шеңберінде техникалық реттеудің мүше мемлекеттердің экономикалық даму деңгейіне және ғылыми-техникалық даму деңгейіне сәйкестігі;

✓ стандарттарды қолданудың еріктілігі;

✓ мемлекетаралық стандарттарды әзірлеу және қолдану;

✓ мемлекетаралық стандарттарды халықаралық және өңірлік стандарттармен үйлестіру;

✓ мәміленің түрлеріне және (немесе) ерекшеліктеріне қарамастан Одақтың техникалық регламенттерінің талаптарын қолданудың бірлігі;

✓ кәсіпкерлік қызметті жүргізу үшін артық тосқауылдарды белгілеуге жол бермеу.

Еуразиялық экономикалық одақтың басқару органдарының жоғары Еуразиялық экономикалық кеңесінің құрамына (Тараптар мемлекеттерінің немесе Үкіметтерінің басшылары) жоғары Еуразиялық экономикалық кеңестің төрағасы В. В. Путин, Еуразиялық экономикалық комиссия, департаменттер, консультативтік органдар, ЕЭК Кеңесінің Техникалық реттеу саласындағы өкілеттіктері, және ЕЭК Алқасының Техникалық реттеу саласындағы өкілеттіктері кіреді.

Еуразиялық экономикалық комиссия:

Төрағалық етуші тарап – Армения Республикасы;

Кеңес -Үкіметтің бір Вице – премьері тарапынан Кеңестің 5 мүшесі;

Алқа – төраға және 9 министр.

Департаменттер:

– интеграция және макроэкономика;

– экономика және қаржы саясаты;

– бәсекелестік және монополияға қарсы реттеу;

– сауда;

– ақпараттық технологиялар;

– ішкі нарықтар, ақпараттандыру, ТКТ;

– техникалық реттеу;

– энергетика және инфрақұрылым;

– өнеркәсіп және агроөнеркәсіп кешені;

– кедендік ынтымақтастық.

Консультативтік органдар:

– Техникалық реттеу, санитарлық, фитосанитарлық және ветеринарлық шаралар саласындағы консультативтік комитет;

– Сәйкестікті Техникалық реттеу және бағалау жөніндегі кіші комитет;

– Стандарттау жөніндегі кіші комитет;

– Өлшем бірлігін қамтамасыз ету жөніндегі кіші комитет;

– Құрылыстағы техникалық реттеу мәселелері жөніндегі кіші комитет.

ЕЭК Кеңесінің Техникалық реттеу саласындағы өкілеттіктері:

- Міндетті талаптар белгіленген өнімдердің бірыңғай тізімін бекіту;

- ЕАЭО ТР дамыту жоспарларын (бағдарламаларын) бекіту;
- ЕАЭО ТР қабылдау, өзгерту және күшін жою;
- ЕАЭО ТР әзірлеу, қабылдау, өзгерту және күшін жою тәртібін белгілеу;
- ЕАЭО нарығында бірыңғай айналым белгісінің кескінін бекіту.

ЕЭК Алқасының Техникалық реттеу саласындағы өкілеттіктері:

- Бірыңғай құжаттарды бере отырып, ЕАЭО шеңберінде сәйкестікті растауға жататын өнімдердің бірыңғай тізбесін қалыптастыру, бекіту және жүргізу.
- ЕАЭО ТР күшіне енгізу тәртібі туралы шешім қабылдау;
- ЕАЭО ТР стандарттар тізбесін әзірлеу және бекіту тәртібін белгілеу;
- Сәйкестікті бағалаудың (растаудың) үлгілік схемаларын бекіту;
- Сәйкестікті бағалау (растау) туралы құжаттардың бірыңғай нысандарын бекіту;
- ЕАЭО шеңберінде міндетті талаптар белгіленетін өнімдерді ЕЭО кедендік аумағына әкелу тәртібі туралы ережені бекіту;
- Сертификаттау жөніндегі органдарды және сынақ зертханаларын (орталықтарын) бірыңғай тізілімге енгізу тәртібін бекіту;
- Кеден одағының сертификаттау жөніндегі органдары мен сынақ зертханаларының (орталықтарының) бірыңғай тізілімін қалыптастыру, бекіту және жүргізу;
- ЕЭК Кеңесінің құзыретіне кірмейтін бағыттар бойынша өкілеттіктерді іске асыру [1,20].

### **1.3 Қазақстан Республикасының «Стандарттау туралы» Заңы**

Қазақстан Республикасының «Стандарттау туралы» Заңы 2018 жылы 5 қазанда № 183 бұйырығымен қабылданды. Қазақстан Республикасының стандарттау саласындағы заңнамасы Қазақстан Республикасының Конституциясына негізделеді. «Стандарттау туралы» Заңы Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінен тұрады. Егер Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шартта «Стандарттау туралы» Қазақстан Республикасының Заңында қамтылғаннан өзгеше қағидалар белгіленсе, онда халықаралық шарттың ережелері қолданылады [2,3].

*Стандарттау мақсаттары*

- отандық өнімдердің, процестер мен қызметтердің бәсекеге қабілеттілігін арттыру;
- табиғи және энергетикалық ресурстарды үнемдеу;
- мемлекеттің ұлттық қауіпсіздігін және әлеуметтік-экономикалық дамуын қамтамасыз ету;
- өнімнің, процестердің және қызметтердің қауіпсіздігі мен сапасын арттыру;

- Халықаралық стандарттау жүйесіне интеграциялау жағдайларын жасау үшін саудадағы техникалық кедергілерді жою;
- өнімнің, процестер мен көрсетілетін қызметтердің қауіпсіздігі мен сапасына қатысты тұтынушыларды жаңылыстыратын іс-әрекеттердің алдын алу;
- инновацияларды тиімді енгізуді және жоғары технологиялық өндірістерді дамытуды қолдау, сондай-ақ технологиялар трансфертіне және ең үздік зертханалық практикаға жәрдемдесу;
- халықтың қауіпсіздігі мен өмір сүру сапасын жақсарту үшін жағдай жасау [2].

#### *Стандарттау қағидаттары*

Қазақстан Республикасындағы стандарттау:

- 1) еріктілік:
  - егер Қазақстан Республикасының заңнамасында өзгеше белгіленбесе, стандарттау жөніндегі құжаттарды қолдану мақсатында таңдау;
  - стандарттау жөніндегі жұмыстарға барлық мүдделі тараптардың қатысуы;
  - өзара байланысты стандарттардан таңдау;
- 2) ұлттық стандарттау жүйесінің бірлігі мен тұтастығы;
- 3) стандарттаудың жүйелігі мен кешенділігін қамтамасыз ету;
- 4) бірыңғай терминологияны, стандарттау объектілеріне қойылатын талаптарды белгілеу қағидаларын қолдану;
- 5) барлық мүдделі тараптардың қатысуы негізінде ұлттық стандарттарды әзірлеу және бекіту;
- 6) мемлекеттік құпияларды немесе заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын, авторлық құқық объектісі болып табылатын стандарттау жөніндегі құжаттарды қоспағанда, пайдаланушылар және өзге де мүдделі тұлғалар үшін стандарттау жөніндегі құжаттар, оларды әзірлеу, бекіту және жариялау тәртібі туралы ақпараттың ашықтығы;
- 7) стандарттарды әзірлеу кезінде ғылым мен техниканың жетістіктерін және халықаралық немесе өңірлік ұйымдардың стандарттарын пайдалану;
- 8) стандарттауды серпінді және озық дамыту қағидаттарына негізделеді [2].

#### *Ұлттық стандарттау жүйесі*

Стандарттау саласындағы қызметті жүзеге асыру процесінде субъектілердің және олардың қатынастарының жиынтығы

Субъектілер:

- Үкімет;
- Уәкілетті орган;
- Мемлекеттік органдар;
- Стандарттау жөніндегі ұлттық орган;
- Стандарттау жөніндегі техникалық комитеттер, жеке және заңды тұлғалар.

Объектілер:

- Өнім;
- Процестер;
- Қызмет.

*Стандарттау жөніндегі Ұлттық органның функциялары:*

- Салаларда талдау және жүйелеу;
- Стандарттау жоспарын қалыптастыру;
- Инновациялық және инвестициялық жобаларды іске асыруда негізі қалаушы ҚР СТ, ТР және ҚР СТ-пен өзара байланысты ҚР СТ әзірлеу;
- Стандарттар сараптамасы;
- Стандарттау жөніндегі техникалық комитеттер құру;
- Бірыңғай қорды жүргізу;
- Ресми басылым;
- Қолдану мониторингі;
- Оқыту және ғылым;
- Ұлттық стандарттау жүйесінің тізілімін жүргізу.

*Стандарттау жөніндегі ұлттық органның құқықтық негізі:*

- Мемлекеттік заңды тұлға;
- ҚР Үкіметі айқындайды;
- Қосымша қаржыландыруды талап етпейді.

*Анықтау өлшемдері:*

- Стандарттарды әзірлеу және талдаудағы тәжірибе;
- Стандарттау жөніндегі халықаралық ұйымдармен келісімдердің болуы

[2,8].

«Техникалық реттеу туралы» Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 9 қарашадағы №603 Заңы және «Стандарттау туралы» Қазақстан Республикасының 2018 жылғы 5 қазандағы № 183 Заңы бойынша негізгі нормативтік және техникалық құжаттар:

- техникалық регламенттер;
- мемлекеттік стандарттар;
- ұйым стандарттары;
- аймақтық стандарттар;
- мемлекетаралық стандарттар;
- халықаралық стандарттар;
- техникалық-экономикалық ақпараттың ұлттық жіктеуіштері;
- стандарттау ережелері;
- стандарттау саласындағы нормалар мен ұсынымдар;
- ережелер жинағы;
- өнімге арналған техникалық шарттар.

*Қазақстан Республикасының ұлттық стандарттары*

1. Қазақстан Республикасының ұлттық стандарттары осы Заңда көзделген стандарттау мақсаттары үшін әзірленеді және Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес келуге тиіс.

2. Қазақстан Республикасының ұлттық стандарттары мынадай:

- 1) ұлттық стандарттау жүйесінің жалпы ұйымдастырушылық-әдістемелік ережелерін белгілейтін ұлттық негіз құраушы стандарттар;
- 2) өнімге, процестерге, көрсетілетін қызметтерге, өнімді, көрсетілетін қызметтерді, процестерді бақылау әдістеріне арналған ұлттық стандарттар;
- 3) ұлттық әскери стандарттар;
- 4) өнімге, процестерге, көрсетілетін қызметтерге, өнімді, көрсетілетін қызметтерді, процестерді бақылау әдістеріне арналған алдын ала ұлттық стандарттар болып бөлінеді.

3. Қазақстан Республикасының ұлттық стандарттарында:

- 1) өнімді, көрсетілетін қызметті жіктеу;
- 2) бірегейлендіру, үйлесімділік және өзара алмасымдылық өнім көрсеткіштері;
- 3) терминдер мен анықтамалар;
- 4) функционалдық мақсаты көрсеткіштерін қоса алғанда, өнімнің, көрсетілетін қызметтің сапа деңгейін айқындайтын тұтынушылық қасиеттері мен сипаттамалары;
- 5) өнімді өндіру, қайта өңдеу, қабылдау, буып-түю, таңбалау, тасымалдау, сақтау, өткізу, кәдеге жарату және жою қағидалары;
- 6) өнім мен көрсетілетін қызметтердің сапасы мен қауіпсіздігін сынау әдістері;
- 7) барлық ресурстардың түрлерін сақтауға және ұтымды пайдалануға қойылатын талаптар;
- 8) менеджмент жүйесін енгізуді қамтамасыз ететін өндірісті ұйымдастыруға қойылатын талаптар;
- 9) белгілі қызмет саласына арналған ұйымдастырушылық-әдістемелік сипат ережелері, сондай-ақ жалпы техникалық нормалар мен қағидалар белгіленуі мүмкін [2,8].

*Ұйым стандарттары және консорциум стандарттары*

1. Ұйым стандарттары, консорциум стандарттары стандарттау объектілеріне, оның ішінде өнімнің құрамдас бөліктеріне, терминологияға, қабылдау және бақылау жүйесіне, технологиялық жарақтауға, құралға, сондай-ақ менеджмент жүйесі, өнімді әзірлеу және өндіріске қою шеңберінде ұйымдардағы қызметті басқаруға әзірленеді, ұйымдар дербес бекітеді және олар ұлттық стандарттау жүйесіне есепке алуға және тіркеуге жатпайды [3,4].

2. Ұйым стандарттары, консорциум стандарттары мынадай түрлерге бөлінеді:

- 1) өнімді дайындаушы әзірлейтін техникалық шарттар;
- 2) стандарттарды бекіткен ұйымда ұсынылатын көрсетілетін қызметтерге арналған ұйым стандарттары;
- 3) стандарттарды бекіткен ұйымда жүргізілетін процестерге арналған ұйым стандарттары.

3. Ұйым стандарттарында, консорциум стандарттарында белгіленген талаптар техникалық регламенттерде белгіленген талаптарға қайшы келмеуге тиіс.



4. Ұйым стандарттарында және консорциум стандарттарында белгіленген сапа көрсеткіштері ұлттық стандарттарда белгіленген көрсеткіштерден төмен болмауы тиіс.

5. Ұйым стандарттары, консорциум стандарттары тиісті стандарттың төлнұсқасын ұстаушы ұйымның рұқсатымен ғана пайдалануға беріледі.

6. Ұйым стандарттарын, консорциум стандартын әзірлеу, бекіту, есепке алу, өзгерту, олардың күшін жою, оларды тіркеу, белгілеу, басып шығару, қолдану тәртібін ұйым, консорциум айқындайды.

7. Ұйым стандарттарын, консорциум стандарттарын әзірлеуді республикалық немесе жергілікті бюджет қаражаты есебінен қаржыландыруға тыйым салынады.

#### *Ұлттық техникалық-экономикалық ақпарат жіктеуіштері*

1. Жіктеу мен кодтауға экономика салаларында пайдаланылатын және есепке алынуы тиіс техникалық-экономикалық ақпарат техникалық-экономикалық ақпарат жіктеуіштерін бекіту арқылы кодталуға жатады.

2. Ұлттық техникалық-экономикалық ақпарат жіктеуіштерін әзірлеу бастамашылық тәртіппен не ұлттық стандарттау жоспарына сәйкес уәкілетті орган айқындайтын тәртіппен жүргізіледі.

3. Мемлекеттік органдар уәкілетті органмен келісу бойынша өз құзыреті шегінде ұлттық техникалық-экономикалық ақпарат жіктеуіштерін әзірлеуді жүзеге асырады [3,16].

#### *Стандарттау жөніндегі ұсынымдар*

1. Стандарттау жөніндегі ұсынымдар, стандарттау жөніндегі жұмысты жүргізуге, сондай-ақ тиісті ұлттық стандарттың қолданылуына септігін тигізетін өлшем бірлігін қамтамасыз ету және сәйкестікті растау жөніндегі жұмыстарды жүргізуге қатысты қолдану үшін ерікті, ұйымдастыру-әдістемелік ережелерді немесе оларды ұлттық стандартта (алдын ала ұлттық стандартта) белгілегенге дейін практикада алдын ала тексеру орынды болатын ережелерді қамтиды.

2. Әзірлеу, келісу, сараптама жүргізу, бекіту, тіркеу, өзгерту, күшін жою және қолданысқа енгізуге қойылатын талаптарды уәкілетті орган белгілейді [3,8].

## 2 НОРМАТИВТІК ЖӘНЕ ТЕХНИКАЛЫҚ ҚҰЖАТАРДЫ ӨЗІРЛЕУ АЛДЫНДА ЖҮРГІЗІЛЕТІН ЖҰМЫСТАР

Стандарттау жөніндегі жұмыстар ғылыми-зерттеу жұмыстарына жатады. Өзірленетін нормативтік құжаттар соңғы ғылыми жетістіктерге негізделуі тиіс, сондықтан ақпарат өте құнды нысанға айналады. Кәсіпорындар мен ұйымдардың тиімділігі стандартталған процестердің көмегімен қолдау табады. Сапа талап етілсе – ИСО стандарттарын енгіземіз, инвестицияны қажет етсек – ХҚЕС (халықаралық қаржылық есептілік стандарттары) стандарттарын енгіземіз, тиімділікке мән берсек – МВА стандарттарын енгіземіз, үнемдеуге ұмтылсақ – «үнемді өндіріс» стандарттарын енгіземіз. Қауіп-қатерді бағалау стандарттары, есепке алу және есептілік стандарттары, жоспарлау, бақылау, басқару және ақпараттық стандарттары, қауіпсіздік, құжат айналымы, мінез-құлық, басқару және басқа да көптеген стандарттар енгізілуде [6,8,23].

Барлық өзгерістер мен жақсартулар стандарттарды қолданумен байланысты.

Бірқатар ұлттық және мемлекетаралық стандарттар нормативтік және әдіснамалық базаны құрайды. Ал ішкі қызметті стандарттау жөніндегі міндет экономиканы жаңғырту болып табылады.

Стандарттаушының тактикалық міндеті – бизнес-процестерді мүдделі тараптар үшін тиімді және ашық ету.

Стратегиялық міндет – компаниядағы сыртқы өзгерістерді, оның ішінде бизнесті жүргізу үшін жаңа стандарттар мен ережелерді қабылдауға дайын болу.

Стандарттау объектілері өнім, қызметтер және процестер болып табылады.

Стандарттар нормалар мен әдістемелерді, ал техникалық регламенттер – қауіпсіздік деңгейін реттейді. Техникалық регламенттер өнімге, оның ішінде ғимараттарға, құрылыстарға, жабдықтарға немесе өнімге қойылатын талаптарға байланысты жобалау (іздіструді қоса алғанда), өндіру, салу, монтаждау, баптау, пайдалану, сақтау, тасымалдау, өткізу және кәдеге жарату процестеріне әзірленеді.

Стандарттар түрлері бойынша – негізге алушы, бақылау әдістеріне, үйлесімділікке, көрсеткіштер номенклатурасына, терминдер мен анықтамаларға, өнімдер мен қызметтерге бөлінеді [22].

Ережелер жинағы ұлттық стандарттар үшін белгіленген құжаттарды құруға, баяндауға және ресімдеуге қойылатын жалпы талаптар бойынша әзірленеді. Ережелер жинағын әзірлеу және бекіту ҚазСтИн-да жүзеге асырылады.

Әзірлеуші зерттеу объектісін таңдау үшін, тиісті көлемде ақпарат алуы керек, нормативтік және құқықтық құжаттарды, интернетті, мерзімді және анықтамалық әдебиетті пайдалана отырып, талдау жұмысын жүргізуі тиіс.

Ақпарат нормативтік құжаттарды әзірлеу үшін жүйелі негіз бола алады. Газеттерден, арнайы журналдардан, ғылыми мақалалардан, кітаптардан, интернеттен ақпарат алуға болады.

Бірінші кезеңде шешілуі қажет мәселені дәл сәйкестендіру жүргізіледі. Мәселені нақты белгілеу неғұрлым тиімді шешімдерді елемеу қаупін төмендетеді және артық реттеу ықтималдығын төмендетеді, ол регламенттеуді қамту аймағы проблеманы шешу үшін қажетті деңгейден асып түсетін жерде пайда болады. Бұл, мысалы, өндірістік шығындардың артуына, бәсекелестіктің төмендеуіне, инновацияларды азайтуға және тұтыну қауіп-қатерінің қысқаруына байланысты қосымша шығындарға әкеледі [3,24,25].

Стандарттарды әзірлеу кезінде еңбек сыйымдылығы мен шығындарға әсер ететін негізгі факторлар:

- стандарттау объектісі, стандарттың санаты мен түрі;
- стандарттың жаңалығы;
- стандарттың ақпараттық сыйымдылығы;
- стандартты үйлестірудің күрделілігі;
- стандартты әзірлейтін мамандардың біліктілігі мен практикалық тәжірибесі.

Әзірленетін стандарттар жаңалығына байланысты негізгі топтарға бөлінеді:

- нормативтік техникалық құжаттаманың орнына әзірленетін;
- неғұрлым төмен дәрежелі және ғылым мен техниканың қол жеткізілген деңгейін бекітетін;
- алғаш рет немесе қолданыстағы стандарттардың орнына әзірленетін және мәні ғылым мен техниканың қол жеткізілген деңгейінен асатын перспективалық көрсеткіштерді қамтитын, ИСО, ХЭК және басқа да халықаралық ұйымдар құжаттарының талаптарына сәйкес келетін;
- алғаш рет әзірленетін және принципті жаңа инженерлік шешімдерді қамтитын [9,10].

Стандарттың ақпараттық сыйымдылығы стандартталған көрсеткіштердің санымен, бұйымдарды дайындаудың еңбек сыйымдылығына байланысты олардың күрделілігінің өзгеруімен анықталады, ал машина жасау емес өнеркәсіп өнімдері үшін – өнімді дайындау мен шығарудағы технологиялық операциялардың санымен анықталатын технологиялық реттеудің күрделілігінің көрсеткіші болып табылады [6,8].

Мәселенің табиғатын анықтағаннан кейін оның маңыздылығын бағалау қажет. Бұл үшін жиі қолданылатын механизм – «қауіп-қатерді бағалау». Бұл нақты жағдайға, рәсімге немесе қызметке байланысты түрлі қауіп-қатерлерді қарау процесі.

Мұндай қауіп-қатерлерді бағалау кезінде басқалардың арасында мынадай маңызды аспектілерді қарау ұсынылады: өндіріс процесіне немесе өнімді болжамды түпкілікті пайдалануға қатысты ғылыми-техникалық ақпараттың қолжетімділігі [25].

Қауіпсіздік аспектілерін өнімнің, процестердің және қызметтердің көптеген түрлері үшін көптеген салаларда стандарттау жөніндегі қызметте ескеру қажет. Қауіпсіздікке қауіп-қатер деңгейін қолайлы деңгейге дейін төмендету арқылы қол жеткізіледі. Рұқсат етілген қауіп-қатер өнім, процесс немесе қызмет қанағаттануы тиіс қауіпсіздік пен талаптар, сондай-ақ пайдаланушы үшін тиімділік, шығын тиімділігі және т. б. сияқты факторлар арасындағы оңтайлы баланс болып табылады.

Қауіп-қатердің рұқсат етілген деңгейіне жету үшін келесі процедураны қолданады:

- өнімді, процесті немесе қызметті пайдаланушылардың ықтимал топтарын, соның ішінде типтік топты, ерекше қажеттіліктері бар топтарды, қарт адамдар тобын, сондай-ақ кез-келген байланыс тобын, мақсатты пайдалануды және мүмкін болатын барлық түрлерін анықтайды;

- болжамды, дұрыс емес өнімді, процесті немесе қызметті қолдану;

- өнімді, процесті немесе қызметті, оның ішінде орнатуды, пайдалануды және жоюды пайдаланудың барлық кезеңдерінде және барлық жағдайларында болатын кез-келген қауіпті (кез-келген қауіпті жағдайды және зиян келтіруді қоса) анықтау;

- пайдаланушылардың әр нақты тобы немесе белгілі бір қауіптен туындайтын байланыс тобы үшін қауіп-қатерді бағалау;

- қауіп-қатердің орындылығы туралы шешім қабылдау (мысалы, ұқсас өнімдермен, процестермен немесе қызметтермен салыстырғанда);

- егер қауіп-қатерге жол берілмесе, қауіп-қатер деңгейін қолайлы деңгейге дейін төмендету.

Қауіп-қатерлерді азайту тәсілдері:

- өз негізінде қауіпсіз жобаны әзірлеу;

- қорғаныс құрылғылары, дербес қорғаныс жабдықтары;

- орнату және қолдану туралы ақпарат;

- оқыту.

Қауіп-қатерлерді талдау және бағалау әдістемесі қауіп-қатер факторларын анықтау, жүйелеу, сәйкестендіру, қауіп-қатер жағдайларын модельдеу және қауіп-қатер шамасын болжамды бағалау рәсімдерін қамтиды. Ол үшін адамдардың бір-бірімен, еңбек құралдарымен және мекендеу ортасымен өзара іс-қимылының сипатын көрсететін эргономикалық, өндірістік, қоғамдық жүйелерді зерттейді [25].

Қауіп-қатер объектісінің сипатына сәйкес қауіп-қатердің негізгі алты түрін бөліп көрсетуге болады: жеке, әлеуметтік, экологиялық, техникалық, экономикалық және ақпараттық (1-кесте).

Кесте 1 – Қауіп-қатерлерді жіктеу

Қауіп-қатер түрі	Қауіп-қатер объектісі (құрбаны)	Зиян (қатер) сипаты
Жеке	Денсаулық, адам өмірі	Жұмысқа қабілеттілігінің төмендеуі, ауру, жарақат, мүгедектік, өлім
Әлеуметтік	Қоғам, халық	Техносфераның, адамдардың денсаулығының зақымдануы, жойылуы, мүлікті, ландшафтарды қирату, жоғалту
Экологиялық	Қоршаған орта, табиғи	Ауаның, судың ластануы, экологиялық объектілер мен топырақ жүйелерінің бұзылуы
Техникалық	Техникалық объектілер	Апат, қирау, опырылу, өрт, жарылыс, сыну
Экономикалық	Ақша, капитал, мүлік	Шығарылатын өнімнің, капиталдың, мүліктің жоғалуы
Ақпараттық	Шешім негізінде қабылданатын толық емес ақпарат	Нарық жасаушылар бағасының төмендеуі және жоғары сапалы өнімнен ауытқу

Қауіп-қатер көздерін жүйелендіру қызметтің осы түрі үшін олардың толық номенклатурасын жасауды ғана емес, сонымен қатар олардың құрылымдық және сапалық белгілері бойынша жіктелуін де болжайды.

Біріншісі адам қызметінің құрылымында – антропогендік, әлеуметтік, техногендік, табиғи қауіп көздері болып табылатын қауіп көздерін олардың орны бойынша саралауға негізделген. Өндірістік-технологиялық циклдармен байланысты олар инновациялық, жобалық, технологиялық, пайдалану, сервистік және кәдеге жарату болуы мүмкін. Табиғи мәні бойынша олар физикалық, химиялық, биологиялық және психофизиологиялық болуы мүмкін. Қауіп-қатер көздерінің сапалық белгілері бойынша жіктелуі осы көздердің уақытша және энергетикалық сипаттамаларын есепке алуға негізделген. Қауіп-қатер көздерінің сапалық сипаттамалары айтарлықтай дәрежеде нақты қауіп-қатер жағдайының дамуын негіздейтін қауіп-қатер факторларының жиынтығымен айқындалады. Кез келген қауіп-қатер сандық шамасын статистикалық, экономикалық, техникалық және сараптамалық тәсілдермен бағалауға болады. Қауіп-қатерлерді статистикалық бағалауды оның техникалық-экономикалық көрсеткіштері бойынша қызметтің өткен кезеңдерінде ғана орындайды. Экономикалық тәсіл қызметтің экономикалық тиімділігінің кері деңгейіне, шамаретінде қауіп-қатерді көрсетуге негізделген. Қауіп-қатерлерді бағалауға технократиялық көзқарас қызмет құрылымының өзін және оның техникалық-экономикалық деңгейін талдауға негізделген. Мұндай талдау, мысалы, себептерді, техниканың істен шығуын,

өндірісті ресурстық қамтамасыз етудегі іркілістерді, технологиялық процестерді тоқтатуды, технология деңгейін және оның қауіпсіздік деңгейін төмендетуді, моральдық және физикалық жағынан ескірген машиналар мен жабдықтардың санын, жұмыс тәсілдерін есептеуді; біліктілігі төмен персоналдың санын, персоналдың құзырет деңгейін; шығарылатын өнімнің, қызметтердің өтімсіздігін, бәсекеге қабілетсіздігін және т. б. қамтуы мүмкін. Осындай талдаудан алынған деректер қауіп-қатердің болжамды шамасын аналитикалық анықтауға мүмкіндік береді [25,26].

Сараптамалық тәсіл қызметтің осы саласындағы сарапшы – кәсіпқойлардың қауіп-қатерлерін бағалау үшін тартуға негізделген. Қауіп-қатерлерді сараптамалық бағалаудың бір түрі болып шаруашылық жүргізуші субъектінің қызметкерлері, шығарылатын өнімді тұтынушылар, халықтың әртүрлі топтары арасында әлеуметтік сауалнамалар саналады.

#### *Қажетті құқықтық және нормативтік құжаттар*

Қазақстан Республикасының қажетті заңдар тізмі, техникалық-экономикалық ақпаратты жіктеу және кодтау жүйесі, мемлекеттік стандарттау мен ұлттық стандарттау жүйелерінің стандарттар кешені, стандарттау бойынша ұсыныстар, қабылданған техникалық регламенттер және басқа да құжаттар.

#### *Терминдер мен анықтамалар*

Қазақстан Республикасында ғылыми-техникалық терминологияны стандарттау, оны халықаралық терминологиямен үйлестіру жұмыстары жүргізіледі. Нормативтік құжаттардың жобаларын дайындау деңгейін арттыру үшін терминологиялық сараптама көзделеді. Терминологиялық сараптаманың тиімділігі мен сапасы халықаралық және өңірлік желілерге шыға отырып, қазіргі заманғы бағдарламалық-техникалық құралдармен және электронды ақпарат алмасумен қамтамасыз етіледі.

#### *Нормативтік құжат жобасының санатын таңдау туралы шешім қабылдау*

Әзірленетін нормативтік құжат жобасының санатын таңдау туралы шешім Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 9 қарашадағы №603 «Техникалық реттеу туралы» Заңында келтірілген стандарт, техникалық регламент, техникалық регламенттерді қабылдау мақсаттары мен стандарттау мақсаттарын ескере отырып, ережелер жинағы сияқты негізгі ұғымдарына сүйене отырып қабылданады [1,2].

### **3 ТЕХНИКАЛЫҚ РЕТТЕУ ЗАҢНАМАСЫНА СӘЙКЕС ТЕХНИКАЛЫҚ РЕГЛАМЕНТ ЖОБАСЫН ӘЗІРЛЕУ ТАЛАПТАРЫ**

Техникалық регламент дегеніміз өнімдерге және олардың өмірлік циклінің процестеріне қойылатын міндетті талаптарды белгілейтін, Қазақстан Республикасының техникалық реттеу саласындағы заңнамасына сәйкес әзірленетін және қолданылатын нормативтік құқықтық акт. Қазақстан Республикасының «Техникалық реттеу туралы» Заңына сәйкес техникалық регламентті қабылдау, бекіту үкіметтің құзыреттілігіне кіреді.

Техникалық регламенттің қабылдауынсыз орын алған мәселенің шешілуі мүмкін болмауы тиіс. Себебі өнімге немесе оның қауіпсіздігіне байланысты процестерге қойылатын міндетті талаптарды белгілейтін регламентті қабылдай отырып мемлекет көптеген шаруашылық субъектілерінің (конструкторлар, өндірушілер, өткізушілер мен өнімді тұтынушылар) іс-қимылын шектейді [1,20].

Техникалық регламенттер төмендегі мақсаттар үшін әзірленіп қабылдануы тиіс:

- адамның денсаулығын қорғау, жан-жануарлар мен өсімдіктер, қоршаған ортаның қауіпсіздігін қамтамасыз ету;
- ұлттық қауіпсіздік;
- зиянды әрекеттерді болдырмау, мысалы тұтынушыларды өнімнің қауіпсіздігі мен арналымы туралы ақпараттандыру;

Техникалық регламентті әзірлеудің қажеттілігі туралы шешім қабылдамас бұрын мәселені шешудің басқадай жолдарын қарастыру керек. Мысалы жаңа стандарт әзірлеу немесе қолданыстағы (күшіндегі) стандартқа өзгертулер енгізу т.б.

Қазақстан Республикасында 98 – техникалық регламенттер бар, олардың ішінде күші жойылғаны – 68, жарамдысы–30.

Техникалық регламент:

- қолдану саласы анықталады;
- терминдер мен анықтамалар белгіленеді;
- өнімнің Қазақстан Республикасының нарығында айналым шарттары айқындалады;
- өнімнің қауіпсіздігіне және оның өмірлік циклінің процестеріне қойылатын талаптар белгіленеді;
- өнімнің сынамасын іріктеу және сынау ережелері белгіленуі мүмкін;
- өтпелі кезең уақытын белгілейтін техникалық регламентті қолданысқа енгізу мерзімдері мен шарттары белгіленеді;
- стандарттар тізбесі белгіленеді.

*Техникалық регламенттерді әзірлеу, сараптау, қабылдау, өзгерту және жою тәртібі*

*Жоспарлау кезеңдері:*

- Мемлекеттік органдар техникалық регламенттерді әзірлеу бойынша ұсыныстар дайындайды, олардың құзыретіне міндетті ережелер мен нормаларды белгілеу кіреді;

- Уәкілетті орган ұсыныстар негізінде техникалық регламенттерді әзірлеу жоспарын жасайды және бекітеді.

*Әзірлеу кезеңдері:*

Техникалық регламент жобасын әзірлеуге жауапты мемлекеттік органдар:

- тұжырымдаманы дайындайды және Техникалық реттеу және метрология мәселелері жөніндегі комиссияның мақұлдауына шығарады;

- Техникалық регламенттің жобасын әзірлеу туралы хабарламаны уәкілетті органның ресми баспа басылымында және жалпы пайдаланымдағы ақпараттық жүйеде орналастырады;

- мүдделі тұлғаларды тарта отырып, техникалық регламенттің жобасын әзірлейді;

- техникалық регламенттердің және олармен өзара байланысты стандарттардың ғылыми-техникалық деңгейіне талдау жүргізуді ұйымдастырады;

- кемінде 60 күн көпшілік алдында талқылауды ұйымдастырады;

- Техникалық регламенттің жобасын алынған ескертулерді ескере отырып пысықтайды және уәкілетті органның ресми баспа басылымында және жалпы пайдаланымдағы ақпараттық жүйеде орналастырады;

- уәкілетті органға техникалық регламенттің жобасын жария талқылаудың аяқталғаны туралы хабарлама жібереді.

*Бекіту кезеңдері:*

- Техникалық регламенттердің жобаларын сараптау (сараптау кеңесі, уәкілетті орган);

- Құзыретті мемлекеттік органның техникалық регламентті бекітуі;

- Оның талаптарының сақталуын қамтамасыз ету жөніндегі іс-шараларды жүзеге асыру үшін қажетті уақыт кезеңін белгілеу.

*Сәйкестікті растау*

Сәйкестікті растау - объектінің техникалық регламенттерде, стандарттарда немесе шарттармен белгіленген талаптарға сәйкестігін құжаттамалық куәландыруға (сәйкестік туралы декларация немесе сәйкестік сертификаты түрінде) әкелетін рәсім;

Сәйкестікті растау бөлінеді:

- сәйкестікті ерікті растау;

- сәйкестікті міндетті растау.

Өнімнің сәйкестігін міндетті растау техникалық регламенттерде белгіленген талаптарға сәйкестігіне және сәйкестікті растау схемалары



бойынша, оның ішінде мемлекетаралық немесе ұлттық стандарттарды қолдану арқылы жүзеге асырылады [3,12.27].

Сәйкестікті растау схемасында сәйкестікті белгілеу тәсілдері (сынау, өндірісті бағалау, сапа менеджменті жүйесін бағалау, техникалық құжаттаманы талдау, инспекциялық бақылау) болады және міндетті сертификаттау жүргізу немесе сәйкестік туралы декларацияны қабылдау кезінде сәйкестікті растау жөніндегі органдар және (немесе) өнімді дайындаушылар (орындаушылар) қолданады [3,12,27].

### **3.1 Техникалық регламент жобасын әзірлеуге қойылатын талаптар**

ҚР МЕМСТ Ұ 50.1.6-2006 және ҚР МЕМСТ Ұ 50.601.47-2004 ұсынымдары әзірленді, онда "Техникалық реттеу туралы" заңының негізінде әзірленетін өнімге арналған техникалық регламенттердің (ТР) жобаларын әзірлеу, құрылымы, мазмұны және баяндау жөніндегі ұсыныстарды қамтиды және техникалық реттеудің халықаралық тәжірибесін (жаңа және жаһандық тәсілдердің принциптері, үйлестіру мәселелері бойынша БҰҰ ЕЭК ұсынымдары) есепке алады. Ұсынымдар бірінші кезекте техникалық регламенттерді әзірлеушілерге, стандарттау және сәйкестікті растау саласындағы мамандарға арналған. Осы ұсынымдар Техникалық регламенттің мазмұндық (мағыналық) аспектілеріне ғана қатысты болады және оның мәтінін баяндау нысанына байланысты мәселелерді қозғамайды. Ұсынымдар бірінші кезекте өнім объектілері болып табылатын техникалық регламенттерге қатысты. Осы ұсынымдарда Техникалық реттеу заңында келтірілген немесе оның ережелерінен туындайтын, сондай-ақ ИСО/ХЭК 2 басшылығында қамтылған ұғымдардың терминдері мен анықтамалары қолданылады (бұдан әрі – ИСО/ХЭК 2). Сондай-ақ, үйлестіру бойынша Еуропалық Одақтың директиваларында қолданылатын терминология қолданылады [1,20].

Өнімнің өмірлік циклінің сатысы – өнімнің осы фазаға тән жай-күйімен және осындай жай-күйді қалыптастыру үшін мақсатты процестер жиынтығымен сипатталатын өнімнің өмір сүру кезеңі. Өнімнің өмірлік циклінің сатыларына: жобалау (әзірлеу), өндіру, өткізу, пайдалану (тұтыну), кәдеге жарату жатады.

Үйлестірілген стандарт (техникалық регламентпен) – техникалық регламенттің талаптарын сақтау үшін ұлттық стандарттар тізбесіне енгізілген ұлттық стандарттерікті негізде қолданылуы мүмкін.

Минималды қажетті талаптар–бұл ұлттық экономиканың, ғылыми-техникалық базаның және ғылыми-техникалық жетістіктердің белгілі бір деңгейіне қол жетімді өнімдерге зиян келтіру қаупін бағалауға негізделген қауіпсіздік талаптары.

Қауіп қатер көздерінің сапалық белгілері бойынша жіктелуі осы көздердің уақытша және энергетикалық сипаттамаларын есепке алуға негізделген. Тәуекел көздерінің сапалық сипаттамалары айтарлықтай

дәрежеде нақты тәуекел жағдайының дамуын негіздейтін тәуекел факторларының жиынтығымен айқындалады [23].

Кез келген тәуекелдің сандық шамасын статистикалық, экономикалық, техникалық және сараптамалық тәсілдермен бағалауға болады.

Тәуекелдерді статистикалық бағалауды оның техникалық-экономикалық көрсеткіштері бойынша қызметтің өткен кезеңдерінде ғана орындайды.

Экономикалық тәсіл қызметтің экономикалық тиімділігінің кері деңгейіне, шама ретінде тәуекелді көрсетуге негізделген.

Жалпы талаптар – қауіпсіздіктің нақты әдістері мен сипаттамаларын көрсетусіз, қажетті қамтамасыз етудің мәнін сипаттау түрінде ұсынылатын минималды қажетті талаптар.

Толық (нақты) талаптар – рұқсат етілген ауытқулармен шектік мәндер немесе өнім сипаттамаларының номиналды мәні түрінде көрсетілген минималды қажетті талаптар.

Сәйкестік презумпциясы – бұл сәйкестендірілген стандарттардың егжей-тегжейлі (нақты) талаптарын орындау техникалық регламенттің тиісті жалпы талаптарына сәйкестігі болып табылатын ереже [27].

### **3.1.1 Техникалық регламент жобасын әзірлеудің басталуы туралы хабарлама жасау**

Техникалық реттеу объектісін таңдап, ҚР Инвестиция және даму министрінің 2015 жылғы 30 сәуірдегі № 553 қаулысымен бекітілген нысан бойынша Техникалық регламент жобасын әзірлеу туралы хабарлама парағын алдын ала толтыру қажет ол ҚР СТ 50.1.6-2006 А қосымшасында көрсетілген.

Бөлімдердің мазмұны бойынша қажетті ұсынымдары бар техникалық регламенттің құрылымы техникалық регламент жалпы жағдайда мынадай құрылымдық элементтермен (бөлімдермен) ұсынылуы мүмкін:

- регламентті қолдану саласы және техникалық реттеу объектілері;
- негізгі ұғымдар;
- Кеден одағының нарығында өнімді орналастыруға қатысты жалпы ережелер;
- өнім талаптары;
- стандарттарды қолдану (сәйкестік презумпциясы);
- ✓ техникалық регламенттерге стандарттар тізбесін бекітеді



4-сұлба. Кеден одағының "Тамақ өнімдерінің қауіпсіздігі туралы" техникалық регламентін қолданысқа енгізу мысалы

### 3.2.2 Стандарттар – ЕАЭО ТР жүзеге асырудың басты құралы.

ЕАЭО ТР стандарттар тізімі 11000-нан астам құжатты қамтиды.

ЕАЭО техникалық регламенттерін іске асыру үшін қажетті стандарттар тізбесі:

✓ Талаптарды ерікті негізде орындауды қамтамасыз ететін стандарттар.

Ерікті негізде қолдану – ЕАЭО ТР сақтаудың жеткілікті шарты.

Стандарттарды қолданбаған жағдайда-сәйкестікті бағалау тәуекелдерді талдау негізінде жүзеге асырылады.

✓ Сынау әдістемелерін қамтитын стандарттар.

Стандарттар тізімі ЕАЭО ТР бірінші редакциясымен бірге әзірленеді және келесі процедуралардан өтеді:

- Жұмыс тобының қарауы және пысықтауы (стандарттау жөніндегі ТК құрамына қосу));
- ЕАЭО ТР жобасымен жиынтықта кемінде 60 күнтізбелік күн жария талқылау;
- ЕАЭО ТР жиынтығында реттеуші әсерді бағалау;
- Консультативтік комитеттің отырыстарында қарау.

ЕАЭО сәйкестігін бағалау

Еуразиялық экономикалық одақ туралы шарт:

✓ ЕАЭО техникалық регламенттерінде белгіленетін Техникалық реттеу объектілерінің сәйкестігін бағалау тіркеу (мемлекеттік тіркеу), сынау, сәйкестікті растау, сараптама және (немесе) өзге нысанда жүргізіледі.

✓ Сәйкестікті міндетті растау сәйкестікті декларациялау және сертификаттау нысандарында жүзеге асырылады.

✓ Сәйкестікті бағалау нысандары, схемалары және рәсімдері комиссия бекітетін сәйкестікті бағалаудың үлгілік схемалары негізінде ЕЭО техникалық регламенттерінде белгіленеді.

✓ Айналымға шығарылатын өнімнің Одақтың техникалық регламенттерінің талаптарына сәйкестігін бағалау оны айналымға шығарғанға дейін жүзеге асырылады.

Сәйкестікті бағалау кезінде өтініш беруші мүше мемлекеттің аумағында оның заңнамасына сәйкес тіркелген заңды тұлға немесе дайындаушы немесе сатушы не дайындаушы уәкілеттік берген тұлға болып табылатын дара кәсіпкер ретінде жеке тұлға болуы мүмкін [1,20,28].



## **4 МЕМЛЕКЕТТІК ЖӘНЕ ҰЙЫМ СТАНДАРТАРЫН ӘЗІРЛЕУГЕ ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР (ҚР СТ)**

### **4.1 Стандартты әзірлеуді бастау**

Мемлекеттік стандартты әзірлеудің басталуы Мемлекеттік стандарттың жобасын әзірлеу туралы хабарламаны дайындаумен басталады (Техникалық реттеу және метрология комитетінің «Қазақстан стандарттау және сертификаттау институты» республикалық мемлекеттік кәсіпорны әзірлеп енгізді. Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігінің Техникалық реттеу және метрология комитеті төрағасының 2008 жылғы 8 қыркүйектегі № 452-од бұйрығымен бекітіліп қолданысқа енгізілді) (Б қосымшасы).

Қазақстан Республикасының мемлекеттік стандарттары мен ұйым стандарттарының құрылуына, жазылуына, рәсімделуіне, мазмұнына және белгісіне, Қазақстан Республикасы аумағында қолдану үшін жоспарланған мемлекетаралық стандарттардың ұлттық ақпараттық деректерін рәсімдеуге қойылатын жалпы талаптарды ҚР СТ 1.5-2008 стандарты белгілейді. Мемлекетаралық стандарттардың құрылуына, жазылуына, рәсімделуіне, мазмұнына және белгісіне қойылатын жалпы талаптар МЕМСТ 1.5 сәйкес келуге тиіс [4,5].

### **4.2 Стандарт құрылымы**

Стандарт ҚР СТ 1.5 стандартқа сәйкес жеке элементтерден тұрады.

Жалпы жағдайда стандартқа келесі элементтер кіреді:

- титул парағы;
- алғысөз;
- мазмұны; әдетте
- кіріспе;
- атауы;
- қолданылу саласы;
- нормативтік сілтемелер;
- терминдер мен анықтамалар;
- белгілер мен қысқартулар;
- негізгі нормативтік ережелер;
- қосымшалар;
- библиография;
- библиографиялық деректер.

Стандартталатын объектінің түріне және ерекшелігіне байланысты «Титул парағы», «Алғысөз», «Атауы», «Қолданылу саласы», «Негізгі нормативтік ережелер» элементтерін қоспағанда, стандартқа енгізілген құрылымдық элементтер қажет болған кезде беріледі. Стандарттарға олардың мазмұны және баяндалу ерекшеліктеріне сүйеніп, қосымша құрылымдық элементтер енгізіле алады. Терминология жөніндегі

стандарттар үшін ҚР СТ 1.27 көрсетілген құрылымы және мазмұны бойынша талаптар ұсынылады [5].

### **Титул парағы**

Қазақстан Республикасының мемлекеттік стандартының титул парағында мынадай деректер беріледі:

- Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасының бейнесі;
- стандарт мәртебесі (Қазақстан Республикасының мемлекеттік стандарты);
- стандарт атауы;
- стандарт белгісі;
- басылым мәртебесі (Ресми басылым);
- бекітетін ұйымның толық атауы;
- МЕМСТ 7.4 бойынша (3.3.6 тармақ) шығыс деректер.

Бірнеше стандартты бір мұқабамен рәсімдеу қажет болса, олар тақырыптық жинақта брошюрленуі мүмкін. Бұл ретте оған қосымша жинақтың арнайы титул парағы, сондай-ақ жинақтың «Мазмұны» элементі (ҚР СТ 1.5/4.4.4 қараңыз) енгізіледі. Стандарттар жинағының арнайы титул парағында мынадай деректер беріледі:

- Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасының бейнесі;
- жинаққа енгізілген құжаттар мәртебесі;
- жинақ атауы;
- жинаққа енгізілген стандарттар белгілері;
- «Ресми басылым» деген сөздер;
- МЕМСТ 7.4 бойынша (3.3.6 бойынша) шығыс деректер.

Жинақтың арнайы титул парағындағы барлық деректер мемлекеттік тілде, ал атауы мемлекеттік және орыс тілдерінде беріледі.

Егер стандарттар жинағына енгізілген белгілерде сандардың үздіксіз тізбегі болса, «сызықша» тыныс белгісімен бөліп, бірінші және соңғы стандарттар белгілерін (нөмірлердің өсу тәртібімен) көрсетуге болады.

Стандарттар жинағына кірген барлық белгілерді бірінші бетінде орналастыру мүмкін болмаған және мақсатқа сай болмаған жағдайда, арнайы титул парағына тек жинақ атауы жазылады. **МЫСАЛЫ:** Бөлке нан өнімдері. Сынау әдістері.

Мемлекеттік стандарттың және стандарттар жинағының титул парағы В қосымшасына сәйкес, ұйым стандартының титул парағы Г қосымшасына сәйкес рәсімделеді.

Ұйым стандартына қойылатын қолдар саны көп болған жағдайда титул парағы екінші парақтың шығарылымы есебінен көбейеді. Бұл ретте оның жоғарғы оң жақ бұрышында: «Титул парағының жалғасы» және бұдан әрі стандарттың атауы мен белгісі көрсетіледі. Бұл жағдайда бірінші парақ соңында: «Жалғасы келесі бетте» деген жазу көрсетіледі.

Егер ұйым стандартының келісімі жеке ұйымдастырушылық-өкімдік құжаты (тары) (хат) арқылы алынса, онда титул парағында «КЕЛІСІЛДІ»

тарауында: ұйым (дар) атауы, оған қол қойған басшының тегі көрсетіліп, стандарт келісілген ұйымдастырушылық-өкімдік құжатының (хатының) түрі және (немесе) нөмірі көрсетіледі [5].

### **Алғысөз**

Алғысөз стандарттың титул парағының екінші бетіне орналастырылады. «Алғысөз» деген сөз бет ортасына бас әріптен жазылады және қою қара қаріппен ерекшеленеді. ҚР СТ 1.5-2008

Алғысөзде берілген жалпы мәліметтер қою қара қаріппен белгіленеді, соңына нүкте қойылмай араб цифрларымен (1, 2, 3 және т.б.) нөмірленеді және олардың болуына байланысты Д және Ж қосымшаларына сәйкес, мынадай тізбекпен орналастырылады:

а) Стандартты әзірлеуші және оны бекітуге берген ұйым туралы мәліметтер:

«1 \_\_\_\_\_ ӘЗІРЛЕП ЕНГІЗДІ».

стандарт жобасын бекітуге ұсынған стандартты әзірлеуші-ұйым атауы.

Егер стандартты бір ұйым әзірлеп, ал бекітуге басқа ұйым (тапсырыс беруші) енгізсе, олар туралы мәліметтер жеке беріледі:

«1 \_\_\_\_\_ ӘЗІРЛЕДІ

заңды тұлғаның толық атауы (түрлі заңды тұлғаның өкілдерінен тұратын жұмыс тобы) немесе стандартты әзірлеген жеке тұлғаның тегі және аты-жөні

\_\_\_\_\_ ЕНГІЗДІ»;

стандартты әзірлеуге тапсырыс беруші заңды тұлғаның (министрліктің, стандарттау жөніндегі техникалық комитеттің және басқалардың) толық атауы»

б) Стандартты бекіту және қолданысқа енгізу туралы мәліметтер:

«2 \_\_\_\_\_  
Стандартты бекіткен заңды тұлғаның атауы. Стандарт бекітілген ұйымдастырушылық \_\_\_\_\_ БЕКІТІЛІП ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗІЛДІ»;

өкімдік құжатының атауы, түрі, күні және нөмірі

в) Ұйым стандартын келісу туралы мәліметтер

«3 \_\_\_\_\_ КЕЛІСІЛДІ»;

Басшы (лар) лауазымы және бақылаушы органның (дардың) атауы

г) Ұйым стандарты түпнұсқасын ұстаушы (лар) туралы мәліметтер

«4 ТҮПНҰСҚАНЫ ҰСТАУШЫ \_\_\_\_\_ »

Заңды мекенжайын (тел./факс) көрсетіп,  
түпнұсқаны ұстаушы ұйымның атауы

д) Қазақстан Республикасы аумағында халықаралық, өңірлік (соның ішінде мемлекетаралық) және шетелдік мемлекеттердің ұлттық стандарттарын қолданысқа енгізу туралы мәліметтер;

МЫСАЛ: «3 Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігінің Техникалық реттеу және метрология комитеті төрағасының 2005 жылғы 11 желтоқсандағы № 190 бұйрығымен мемлекетаралық

стандарт МЕМСТ 380-2005 Жай сапалы көміртекті болат. Маркалар 2006.01.01 бастап Қазақстан Республикасының мемлекеттік стандарты ретінде тікелей қолданысқа енгізілді» (МЫСАЛІ шарттық берілген).

е) Стандартты халықаралық, өңірлік немесе ұлттық стандарттармен және нормативтік құжаттармен ҚР СТ 1.9 бойынша әзірленетін стандарттың сәйкестік дәрежесіне байланысты үйлестіру туралы мәліметтер;

МЫСАЛІ: «4 Осы стандарт ISO/PAS 17001:2005 Conformity assessment - Impartiality - Principles and requirements, IDT (Сәйкестікті бағалау. Дербестік. Принциптер мен талаптар) халықаралық құжатымен бірдей».

ж) Стандартта заңнамалық деңгейлі құжаттар нормаларын жүзеге асыру туралы мәліметтер (соның ішінде техникалық регламенттер, Қазақстан Республикасы қосылған халықаралық келісімдер мен конвенциялар):

«5 Осы стандартта \_\_\_\_\_»;

нөмірі мен бекітілген (қол қойылған) күнін көрсетіп,

Қазақстан Республикасының Заңдары, Үкіметінің қаулылары, Қазақстан Республикасының техникалық регламенттері мен басқа нормативтік актілері, халықаралық келісімдер, конвенциялар, нормалары жүзеге асырылды.

и) Қолданылу мерзімі шектелмей енгізілген стандарт деңгейінің бірінші және бұдан әрі тексерілуі туралы мәліметтер (стандарттарды тексеру кезеңділігі ҚР СТ 1.2 сәйкес белгіленеді):

«6 БІРІНШІ ТЕКСЕРУ МЕРЗІМІ \_\_\_\_\_  
ТЕКСЕРУ КЕЗЕҢДІЛІГІ \_\_\_\_\_»;

к) Лицензия бойынша жүзеге асырылатын өнімге, процеске (жұмысқа) және көрсетілетін қызметке, өндіруге (көрсетуге) әзірленген стандарт туралы мәліметтер:

«7 Стандарт талаптары лицензия беруші \_\_\_\_\_ белгілеген талаптарға сәйкес келеді»;  
акті және (немесе) құжат атауы және нөмірі;

л) Стандарттың жаңа екендігі немесе оның орнына енгізілген стандарт (стандарттар) немесе нормативтік құжаттар туралы мәліметтер:

Егер стандарт алғаш рет енгізілсе:

«8 АЛҒАШ РЕТ ЕНГІЗІЛДІ;

Егер орнына енгізілсе:

«8 \_\_\_\_\_ ОРНЫНА ЕНГІЗІЛДІ»  
стандарттың немесе нормативтік құжаттың белгісі

«8 \_\_\_\_\_ бөлігінде (қажет болса)  
бөлімдердің, ішкі бөлімдердің немесе тармақтардың нөмірі көрсетіледі.

\_\_\_\_\_ ОРНЫНА ЕНГІЗІЛДІ»;

\_\_\_\_\_ нормативтік құжат белгісі

м) Стандартты қайта басып шығару немесе жаңа басылымы туралы мәліметтер:

«9 ҚАЙТА БАСЫП ШЫҒАРУ \_\_\_\_\_»  
немесе айы, жылы (егер оған өзгерістер енгізілмесе)

«9 ЖАҢА БАСЫЛЫМ \_\_\_\_\_  
айы, жылы  
\_\_\_\_\_ өзгерісі (өзгерістері бар)»;

өзгерістің (өзгерістердің) нөмірі және осы өзгерістер мәтіні жарияланған ақпараттық басылым нөмірі

ЕСКЕРТПЕ: Стандартты қайта басып шығару кезінде, оны жүзеге асыратын ұйым қалауы бойынша, стандарттың қолданылу мерзімінің ұзартылуы, шектелуі немесе алынуы туралы мәліметтер, егер олар өзгерістер құрамында қабылданбаса, ұйымдастырушылық-өкімдік құжатының түрі, күні және нөмірі көрсетіле алады.

«Қолданылу мерзімі \_\_\_\_\_дейін ұзартылды (шектелді, ...)»;  
ұйымдастырушылық-өкімдік  
құжатының күні мен нөмірі

н) Стандартқа енгізілген өзгерістер туралы, оны қайта қарау және жою туралы ақпаратты жариялау тәртібі туралы мәліметтер:

«Осы стандарттың өзгерістері туралы ақпарат «Стандарттау жөніндегі нормативтік құжаттар» жыл сайын басылып шығарылатын ақпараттық сілтемеде, ал өзгерістер мен түзетулер мәтіні – «Мемлекеттік стандарттар» ай сайын басылып шығарылатын ақпараттық сілтемелерде жарияланады. Осы стандартты қайта қараған (ауыстырған) немесе жойған жағдайда, тиісті хабарлама «Мемлекеттік стандарттар» ай сайын басылып шығарылатын ақпараттық сілтемеде жарияланады».

п) Мемлекеттік стандарттар мен ұйым стандарттарын басып шығаруға және таратуға құқықтар туралы мәліметтер.

«Осы стандарт Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігінің Техникалық реттеу және метрология комитетінің \_\_\_\_\_ стандартты бекіткен және (немесе) оны мемлекеттік стандарт ретінде қолданысқа енгізу туралы ұйымдастырушылық-өкімдік құжатқа қол қойған органның атауы рұқсатынсыз ресми басылым ретінде толықтай немесе бөлшектеліп басылып шығарыла, көбейтіле және таратыла алмайды»;

«Осы стандарт \_\_\_\_\_  
ұйым стандартының түпнұсқасын ұстаушы атауы  
рұқсатынсыз ресми басылым ретінде толықтай немесе бөлшектеліп басылып шығарыла, көбейтіле және таратыла алмайды».

ЕСКЕРТПЕ: л) және м) санамасына сәйкес берілген мәліметтер нөмірленбейді. л) санамасының мәліметтері көлбеу қаріппен белгіленеді, м) санамасындағы мемлекеттік стандарт құқықтары туралы ақпарат «Алғысөздің» төменгі жолағында, ұйым стандартын басып шығару және тарату құқықтары туралы ақпарат ҚР СТ 1.5 стандартының 4.7.7 бойынша «Қолданылу саласы» 1-бөлімінде көрсетіледі.

Қажет болса Алғысөзге басқа қосымша мәліметтер, атап айтқанда патентпен қорғалған өнертабыстар (пайдалы моделді, өнеркәсіптік үлгідегі) стандарттарын әзірлеу кезінде пайдалану туралы ақпарат енгізілуі мүмкін.

МЫСАЛ: Стандартты әзірлеу кезінде №\_\_\_\_\_ патентке сәйкес атауы

---

авторлық өнертабыстар пайдаланылады,

ЕСКЕРТПЕ: Пікір алуға ұсынылған стандарттар жобаларының барлығының титул парағына мынадай ақпарат жазу ұсынылады:

«Осы жобаны алушылардан өз Ескертпелерін, сондай-ақ өздеріңізге белгілі тиісті патенттік құқықтар туралы хабарламаларды растайтын құжаттамамен бірге немесе оның көздерін көрсетіп ұсынуды сұраймыз».

Егер стандарттарды әзірлеу және дайындау кезінде жоғарыда көрсетілген мәліметтер белгіленген тізбекпен жазылмаса, онда стандарттарды техникалық редакциялауға жауапты ұйымның оларды басып шығару кезеңінде өзгертуге құқығы болады [5].

### **Мазмұны**

Стандарт көлемі 24 беттен кем болған жағдайда, оларға «Мазмұны» бөлімін енгізу әзірлеуші қалауы бойынша жүзеге асырыла алады.

Стандарт мазмұны осы стандарттың реттік нөмірі мен құрылымдық элементтердің тақырыптары мен бөлімдерін (қажет болса – қосалқы бөлімдерін), белгісін, қосымшалар мәртебесі мен тақырыптарын, библиографиялық мәліметтерді, әліпби көрсеткіштерін (терминдер мен анықтамалар жөніндегі стандарттар үшін) қамтиды. Бұл ретте көрсетілген құрылымдық элементтердің әрқайсысының тақырыбынан кейін, көп нүкте қойылады, сосын олардың мәтіні басталатын стандарт бетінің нөмірі беріледі. Көп нүкте қоймаса да болады.

Ішкі бөлімшелердің нөмірлері бөлімдер нөмірлеріне қатысты екі белгіге тең абзац шегінісінен кейін беріледі.

«Мазмұны» элементінде дөңгелек жақша ішіндегі қосымшалар белгілерінен кейін олардың мәртебесі (міндетті немесе ақпараттық) көрсетіледі.

«Мазмұны» элементінде бөлімнің немесе ішкі бөлімнің тақырыбын екінші (келесі) жолда жазуды жалғастыру қажет болған жағдайда, оны бірінші жолдағы осы тақырыптың басталған деңгейінен, қосымша тақырыбын жазуды жалғастыру кезінде осы қосымша мәртебесінің белгісінің жазылу деңгейінен басталады.

Стандарт мазмұны алғысөзден кейін, жаңа беттен басталып жазылады, және, қажет болса, рим цифрлерімен нөмірленген бұдан кейінгі беттерде жалғастырылады. Стандарттар жинағының мазмұны жинақтың соңғы бетіне орналастырылады, жинаққа енгізілген барлық стандарттардың белгісі мен атауы, және осы стандарттардың мәтіні басталатын толассыз нөмірлеу беттерінің нөмірлері көрсетіледі.

«Мазмұны» тақырыбы бас әріппен бет ортасында жазылады және қою кара қаріппен белгіленеді [5].

## **Кіріспе**

«Кіріспе» элементі, егер стандартты әзірлеу себебін негіздеу, стандарттың стандарттар жинағындағы орнын немесе басқа стандарттармен олардың өзара байланысының басқа пішінін пайдалану туралы хабарламаларын көрсету, сондай-ақ пайдаланушыларға басқа стандартты қолдануды жеңілдететін басқа ақпарат беру қажеттілігі болса, беріледі. Кіріспеде талаптар болмауға тиіс.

«Кіріспе» элементін, егер онда нөмірленген тармақшаларды құру қажет болмаса, нөмірлеу керек. Басқа жағдайларда «Кіріспе» құрылымдық элементі нөлдік 0 ретінде 0.1, 0.2 және т.б. нөмірленген тармақшаларымен нөмірленуге тиіс. Кез келген нөмірленген сурет, кесте, формула немесе сілтеме әдетте «1» цифрынан бастап араб цифрларымен нөмірленеді.

«Кіріспе» элементі «Мазмұны» элементі аяқталған беттен кейін келесі бетке, ал ол болмаған жағдайда «Алғысөз» элементі орналасқан беттен кейін орналастырылады. «Мазмұнына» «Кіріспе» элементі енгізіледі.

«Кіріспе» тақырыбы «Кіріспе» элементі басталатын беттің жоғарғы жағына, бас әріппен беттің ортасына жазылады және қар қою қаріппен белгіленеді [5].

## **Атауы**

Стандарт атауы мүмкіндігінше қысқа, осы стандартты мазмұнын толық талдамай басқа ұқсас стандарттардан айыруға болатын тәсілмен стандарттау объектісін бір мәнді анықтауға және стандарттар сілтемесіне (каталогы) стандарт туралы ақпаратты енгізу ыңғайлы болу үшін МК (ИСО/ИНФКО МКС) 001 сәйкес стандарттың бірімәнді жіктелуін қамтамасыз етуге тиіс.

Стандарт атауында, егер әріптік, цифрлік және әріптік –цифрлік қысқартулар өнімнің, шамалар бірлігінің, жалпы танымал аббревиатуралардың, кодтардың және т.б. шартты белгілеріне кірген жағдайларды қоспағанда, қысқартулар, рим цифрлері, математикалық белгілер, грек әріптері болуға жол берілмейді.

Атауы әрқайсысы жалпыдан жекеге тізбекте келетін, мүмкіндігінше қысқа болуға тиісті жеке элементтерден (үштен артық емес) тұруға тиіс. Стандарт атауы, әдеттегідей, тақырыптан (атаудың негізгі элементі) және тақырыпшадан (қосымша элемент) тұруға тиіс.

Егер стандарт негізге алынатын ұйымдастыру-әдістемелік немесе жалпы техникалық стандарттардан тұратын стандарттар жинағына кірсе, онда стандарт тақырыбының алдында жиынтықтың барлық стандарттары үшін жалпы және осы жүйенің атауы болып табылатын топтық тақырып (кіріспе элемент) беріледі.

Егер стандарт бірнеше бөлімнен тұрса, тақырыпша оларды бір-бірінен айыруға мүмкіндік туғызады және бөліктердің ерекшеліктерін белгілейді [5].

МЫСАЛ: «ІРІМШК. Нитриттер мен нитраттарды анықтау әдісі».

Стандарт тақырыбы міндетті элемент, тақырыпша мен топтық тақырып – осы стандартта белгіленген ережеге байланысты қатысатын факультативті элементтер болып табылады.

Стандарт тақырыбы бас әріптермен басылады. Топтық тақырып пен стандарт тақырыпшасы біріншісі бас әріппен басталатын кіші әріптермен басылады.

**МЫСАЛ:** «Тағам өнімдері. ТҰТЫНУШЫҒА АРНАЛҒАН АҚПАРАТ. Жалпы талаптар».

**ЕСКЕРТПЕ:** «Қорғаныс өніміне арналған стандарттардың осы өнімге таралатын жіктеуіштерді есепке алып қалыптастырылады».

Біркелкі өнім топтарына арналған стандарт тақырыбы ҚР МЖ 04 экономикалық қызмет түрлері бойынша өнім жіктеуішінің жіктеуіш топтары атауын есепке алып қалыптастырылады.

«Нормативтік сілтемелер» бөлімінде атауы құрамында негізге алынатын және жалпы техникалық стандарттар жүйелері жиынтығының атынан тұратын, топтық тақырып атауы құрамында бар стандарттарға сілтемелер жасау кезінде оны толық көрсету ұсынылады.

**МЫСАЛЫ:**

Дұрыс: «ҚР СТ 1.1 - 2005 Қазақстан Республикасының мемлекеттік техникалық реттеу жүйесі. Стандарттау. Терминдер мен анықтамалар».

Дұрыс емес: «ҚР СТ 1.1-2005 ҚР МТРЖ. Стандарттау. Терминдер мен анықталар».

Стандарттау объектісін толығырақ сипаттау үшін стандарт тақырыбына тән белгілерді көрсететін қосымша анықтамалар енгізу керек:

- объектінің өнімнің (қызметтің) белгілі бір тобына тиесілігі бойынша;

**МЫСАЛ** «ӘМБЕБАП ТИЕГІШТЕР».

- бір (немесе бірнеше) белгілі тәсілмен өнімді дайындау тәсілі бойынша;

**МЫСАЛ:** «ЫСТЫҚТАЙ ТӨСЕЛГЕН ТАСПАЛАР».

- өлшемі, салмағы, пішіні бойынша және т.б. бойынша;

**МЫСАЛ:** «КОНУСТЫЛЫҒЫ 1:10 КОНУСТЫ БІЛІК ҰШТАРЫ».

- өнім дайындалған материалдың түрі бойынша;

**МЫСАЛ:** «АЛЮМИНИЙДЕН ЖӘНЕ АЛЮМИНИЙ ҚОРЫТПАСЫНАН ЖАСАЛҒАН ҚҰБЫРЛАР».

Стандарт тақырыбында өнімнің типінің, маркасының, үлгісінің белгісі алдына «маркалы», «типті», «үлгілі» деген сөздерді жазып, ал олардың алдына белгілерін көрсету керек.

**МЫСАЛ:** «16 Д 20 ҮЛГІЛІ ЖОНҒЫШ-БҰРАМАКЕСКІШ СТАНОК».

Егер стандарттау объектісі тұтас объектінің бөлігі болып табылса, онда тақырып алдында бөлігі көрсетіледі, ал тұтас болса, белгі ретінде беріледі.

**МЫСАЛ:** «ҚАЛҚАНДЫ ӨЛШЕГІШ ҚҰРАЛДАРДЫҢ КОРПУСТАРЫ».



Стандарт тақырыбында бірінші сөз стандарттау объектісін сипаттайтын зат есім, ал кейінгі сөздер – мәнділігіне байланысты орналасқан сын есім (анықтамалар) (жалпыдан жекеге принципі негізінде иерархиялық тегіне-түріне бағыныстылығы) болуы керек, яғни стандарт тақырыбын кері сөз тәртібінде жазуға тиіс.

МЫСАЛ: «КӨПІРЛІК ЭЛЕКТР ҚҰЮ КРАНДАРЫ».

Стандарт тақырыбындағы сөздердің тікелей тәртібін мынадай жағдайларда сақтау керек:

- стандарттау объектісі атында осы мәндегі зат есім пайдаланылмайды;

МЫСАЛ: «БАС КИІМДЕР».

- стандарттау объектісінің белгісі зат есімнің жанама септіктегі сын есіммен үйлесуімен көрсетілген;

МЫСАЛ: «ГИДРАВЛИКАЛЫҚ ЖҮЙЕЛЕР БАҚТАРЫ».

- терминдер мен анықтамалар және шамалардың әріптік белгілері стандартында олар жататын білім, ғылым саласы, техника және өндіріс саласы көрсетіледі.

МЫСАЛ: «ВАКУУМДЫҚ ТЕХНИКА. Терминдер мен анықтамалар».

Сөздердің тікелей тәртібі негізге алынатын ұйымдастыру-әдістемелік немесе жалпы техникалық стандарттар жүйесінің атауы болып табылатын стандарт тақырыбында, сондай-ақ топтық тақырыбында қолданылады.

МЫСАЛ: Мемлекеттік өлшем бірлігін қамтамасыз ету жүйесі.

Егер стандарт бір стандарттау объектісіне қолданылса, онда оның стандарт тақырыбындағы атауы жекеше түрде беріледі.

МЫСАЛ: «ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК ТУЫ».

Егер стандарт бірнеше бір атаулы стандарттау объектілеріне таралса, онда стандарт тақырыбындағы олардың жалпы атауы көпше түрде беріледі.

МЫСАЛ: «КВАРЦТЫ ГЕНЕРАТОРЛАР».

Бұған көпше түрде пайдаланылмайтын немесе басқа мәнге ие стандарттау объектісінің атауы кірмейді.

МЫСАЛ: КАРТОП.

Егер стандарт бір немесе екі стандарттау объектісіне таратылса, онда оның тақырыбы мынадай тәртіппен жазылады:

- егер стандарттау объектілерінің деректері бірдей белгімен немесе белгілермен сипатталса, онда алдымен «және» (егер екі зат есімнен артық болса – үтірмен және «және» шылауымен) шылауымен қосылған зат есім, сосын осы белгіні сипаттайтын сын есім, немесе жекеден жалпыға олардың мәнділігі тәртібінде бірнеше белгілермен сипатталатын сын есім жазылады;

МЫСАЛ: «КЕМЕ МАШИНАЛАРЫ, МЕХАНИЗМДЕРІ, АППАРАТТАРЫ, ҚҰРЫЛҒЫЛАРЫ МЕН ІРГЕТАСТАРЫ».

- егер белгі (белгілер) тек аталған стандарттау объектілерінің біріне ғана жатса, онда бұл объектінің атауы сөздердің тікелей тәртібімен оған жататын сын есімді (сын есімдерді) келтіріп соңына жазылады;

МЫСАЛ: «МАҚТА-МАТА МАТАЛАРЫ МЕН ДАРА БҰЙЫМДАРЫ».

- егер әр стандарттау объектісінде өзінің белгілері болса, онда сөздердің кері тәртібімен тек бірінші стандарттау объектісін белгілейтін сөз тіркесі беріледі.

МЫСАЛ: «ФАРФОР ОҚШАУЛАҒЫШТАР МЕН ЖОҒАРЫ ВОЛЬТТЫ КІРІСТЕР».

Егер стандарт осы өнім үшін ортақ зат есім түріндегі атауы бар бір жіктеу тобына жататын әр түрлі өнімге таралса, онда тақырыбына алдымен соңғы белгі алдында үтір және «және» шылауы арқылы өнім белгілері аталады, сосын осы зат есім жазылады.

МЫСАЛ: «ЖАЛПАҚ, ЖӘШІК ЖӘНЕ ТІРЕК ТАБАНДЫҚТАР».

Егер стандарттау объектісі бүтін объектінің бөлігі болып табылса, онда тақырып алдында бұл бөліктің атауы, ал тұтастың атауы қосымша белгі ретінде көрсетіледі. Бұл ретте бүтін атауында сөздердің тікелей тәртібі сақталады.

МЫСАЛ: «ҚАЛҚАНДЫ ӨЛШЕГІШ АСПАПТАРДЫҢ КОРПУСТАРЫ».

Егер стандарт тек белгілі типті, маркалы, үлгілі өнімге немесе басқа конструктивті (өлшемді) орындалған өнімге таралса, онда бұл стандарт тақырыбында: «маркалы», «типті», «үлгілі» және т.б. тиісті сөздерден кейін бұл орындалым белгісі көрсетіледі.

Стандарттар тақырыбындағы қысқартуларды, рим цифрлерін және т.б. ҚР СТ 1.5 стандартында көрсетілген жағдайларда пайдалануға жол беріледі.

МЫСАЛ: «НЦ-11 ЖӘНЕ НЦ-11А МАРКАЛЫ ЭМАЛЬДАР».

Стандарт тақырыпшасында стандартта белгіленген ережелердің қысқаша жинақ мазмұны (стандарттау аспектісі) көрсетіледі.

МЫСАЛ: «МАРГАРИН. Жалпы техникалық шарттар».

Буып-түю, таңбалау, тасымалдау және сақтау».

МЫСАЛ: «ҚАЛА АВТОБУСТАРЫ ЖӘНЕ ТРОЛЛЕЙБУСТАР. Түстік графикалық сызбаларға қойылатын талаптар».

Стандарттың титул парағындағы және бірінші бетіндегі стандарт атауы қою қара қаріппен белгіленеді [4,5].

### **Қолданылу саласы**

«Қолданылу саласы» элементінде стандарттың арналымы және оның таралу саласы (стандарттау объектісі) көрсетіледі, ал қажеттігіне қарай стандарттың қолданылу саласы нақтыланады.

Бөліктерге бөлінген стандарттарда, қолданылу саласында әр бөлікте стандарттың тиісті бөлігінің қандай мақсатқа арналғаны көрсетіледі.

Қолданылу саласы оны библиографиялық мақсаттарға пайдалану үшін мүмкіндігінше қысқаша тұжырымдалуға тиіс.

Стандарттың қандай мақсатқа арналғанын және қолданылу саласын көрсету кезінде : «Осы стандарт ... белгілейді» немесе «Осы стандарт ... таралады және ... белгілейді» деген тұжырымдар қолданылады.

**МЫСАЛ:** Осы стандарт жеміс және көкөніс шырындарына, балшырындар мен шырынды сусындарға таралады және D- алма қышқылының салмақтық концентрациясын анықтау әдісін белгілейді.

Стандарт атауы тақырыбында көрсетілген стандарттау объектісін қосымша нақтылау (анықтау) қажет жағдайда, мынадай тұжырым қолданылады: «Осы стандарт... таралады».

**МЫСАЛ:** Осы стандарт минералды шикізатты, жем ашытқылары мен папринді қоспағанда, өсімдік жемдердің, құрама жемдердің және құрама шикізаттың барлық түрлеріне таралады.

Стандарттың қолданылу саласы шектелген жағдайда, түсініктемеде сабақтас салаға (стандарттау объектісі) таралатын стандарт туралы ақпаратты беру немесе мәтіннің өзінде түсініктемелер беру ұсынылады.

**МЫСАЛ:** Осы стандарт тұрмыстық мақсатқа немесе ұқсас мақсатқа арналған қосқыштарға таралмайды.

1). \_\_\_\_\_

1)Тұрмыстық мақсатқа немесе ұқсас мақсатқа арналған қосқыштарға қойылатын тиісті талаптар МЕМСТ 7396.0 белгіленген. (МЫСАЛ шартты түрде берілген)

Стандарттың қолданылу саласын нақтылау кезінде «Осы стандарт... арналған» немесе «Осы стандарт сондай-ақ... қолданыла алады» деген тұжырымдар пайдаланылады.

**МЫСАЛ:** Осы стандарт маталық емес материалдарды қоспағанда, басқа технологиялар бойынша дайындалған материалдарды сынау кезінде қолданыла алады.

Стандарттың арналуын көрсетуді, стандарттау объектісін нақтылауды және стандарттың қолданылу саласын нақтылауды бір қосымшаға біріктіруге жол беріледі.

**МЫСАЛ:** Осы стандарт таралу желісіне түсер алдында су сапасын бағалау кезінде басшылыққа алынатын, орталықтандырылған ауыз сумен жабдықтау жүйелерімен өндірілетін және берілетін ауыз су сынамаларын іріктеуге қойылатын талаптарды белгілейді.

Жалпы техникалық шарттарды немесе техникалық шарттарды белгілейтін стандартта стандарт арналымы берілмейді, стандарттау объектісі және оның қысқа жазбасы стандарттың таралу саласы нақтыланып (қажет болса), стандарт мәтнінде көрсетіледі.

**МЫСАЛ:** Осы стандарт медициналық және кәсіптік көрсеткіштері бойынша оларды қолдануға мұқтаж пациенттерге арналған қатынас жұмсақ линзаларға (бұдан әрі- линзалар) таралады. Стандарт ережелері боялған, оның ішінде косметикалық линзаларға таралмайды.

Ұйым стандарттары үшін «Қолданылу саласы» құрылымдық элементінде соңғы азат жолда, егер ол А қосымшасына сәйкес титул парағымен рәсімделсе, стандарттың басылып шығарылу және таралу құқықтары туралы мәліметтер көрсетіледі.

**МЫСАЛ:** Осы ұйым стандарты авторлық құқық объектісі болып табылады және тек «Системотехника» ЖШС рұқсатымен тарала алады.

«Қолданылу саласы» элементі әр стандарттың бірінші бетінде орналастырылады және тақырыбы қою қара қаріппен белгіленіп, 1-бөлім түрінде (бірмен нөмірленеді) рәсімделеді [4,5,7].

### **Нормативтік сілтемелер**

«Нормативтік сілтемелер» құрылымдық элементінде стандарт мәтінінде міндетті сілтемелер берілген және стандарт нормалары сақталмаса орындалмайтын нормативтік ережелерді белгілейтін нормативтік құжаттардың тізбесі жазылады.

«Нормативтік сілтемелер» бөлімі мынадай сөздерден басталады:

«Осы стандартты қолдану үшін мынадай сілтемелік нормативтік құжаттар қажет:».

Бөлім соңында ҚР СТ 1.51 сәйкес немесе мынадай мазмұнды Ескертпе берілуі керек: «Осы стандартты пайдалану кезінде сілтемелік стандарттар мен жіктеуіштердің қолданысын ағымдағы жылдың жағдайы бойынша «Стандарттау жөніндегі нормативтік құжаттар» жыл сайын басылып шығарылатын ақпараттық көрсеткіш және ағымдағы жылда жарияланған ай сайын басылып шығарылатын ақпараттық көрсеткіш бойынша тексерген дұрыс. Егер сілтемелік құжат ауыстырылса (өзгертілсе), онда осы стандартты басып шығару кезінде ауыстырылған (өзгертілген) құжатты басшылыққа алу керек. Егер сілтемелік құжат ауыстырусыз жойылса, оған сілтеме берілген ереже осы сілтемені қозғамайтын бөлікте қолданылады».

Нормативтік сілтемелер тізбесіне белгілердің тіркеу нөмірлерінің (болған жағдайда) өсу қатарымен мынадай тізбекте:

- заңнамалық актілер, техникалық регламенттер\*;
- мемлекеттік стандарттар мен техникалық-экономикалық ақпарат жіктеуіші;
- мемлекетаралық стандарттар мен техникалық-экономикалық ақпарат жіктеуіші;
- Қазақстан Республикасы аумағында қолданылатын СЭВ стандарттары;
- Қазақстан Республикасы аумағында қолдануға рұқсат етілген халықаралық, өңірлік стандарттар мен техникалық-экономикалық ақпарат жіктеуіші, шетелдік мемлекеттердің ұлттық стандарттары.
- ведомстволық нормативтік құжаттар (стандарттау жөніндегі ұсыныстар, санитарлық, ветеринарлық, құрылыс, өрт сөндіру, экологиялық, көліктік нормативтік құжаттар, радиациялық қауіпсіздік нормалары және басқалар)\*\*;

- ұйым стандарттары (әзірленетін ұйым стандарттары үшін) \*\*\* - нормативтік құжаттардың толық белгісі мен атауы кіреді.:

Халықаралық, (өңірлік, ұлттық) шетелдік мемлекеттердің нормативтік құжаттармен үйлестірілген мемлекеттік стандарттардың «Нормативтік сілтемелер» бөлімі ҚР СТ 1.9 және ҚР СТ 1.51 сәйкес рәсімделеді.

Халықаралық, өңірлік, шетелдік мемлекеттердің ұлттық нормативтік құжаттары тізбесінде, жақша ішіндегі сілтемелік құжаттың белгісінен кейін, егер олар мұндай түрде сілтемелік нормативтік құжатта көзделсе, халықаралық, өңірлік, ұлттық стандарттар мен шетелдік мемлекеттердің құжаттарының белгісі мен олардың оларға сәйкестік дәрежесі көрсетіледі, (ҚР СТ 1.9 қараңыз).

Сілтемелік нормативтік құжаттар тізбесінде мемлекеттік стандарттар мен мемлекетаралық стандарттардың белгісін көрсету кезінде ҚР СТ 1.51 пайдалану керек.

Стандартта нормативтік құжаттарға күні көрсетілмеген сілтемелерді пайдалану кезінде «Нормативтік сілтемелер» бөлімін ҚР СТ 1.5 стандартының 4.8.4 сәйкес жазу ұсынылады, бірақ нормативтік құжаттың қабылданған жылын көрсетпеу керек, ал бөлім мынадай сөздерден басталуы керек: «Осы стандартты қолдану үшін мынадай сілтемелік нормативтік құжаттар қажет. Күні көрсетілмеген сілтемелер үшін сілтемелік нормативтік құжаттың соңғы басылымы қолданылады (оның барлық өзгерістерін қоса алғанда)».

Егер бір стандартта күні көрсетілген, сондай-ақ күні көрсетілмеген сілтемелер берілсе, онда «Нормативтік сілтемелер» бөлімінде сілтемелік нормативтік құжаттар туралы мәліметтер ұсынылады: алдымен күні көрсетілген сілтемелерде, сосын – күні көрсетілмеген сілтемелерде көрсетілген нормативтік құжаттар туралы. Сонымен ҚР СТ 1.5 стандартының 4.8.4 белгіленген тәртіппен сақтау ұсынылады, ал бөлімді әзірленген стандартта күні көрсетілген және (немесе) күні көрсетілмеген сілтемелерді қолдану ережелерін баяндаудан бастауға тиіс:

«Осы стандартты қолдану үшін мынадай сілтемелік нормативтік құжаттар қажет.

Күні көрсетілген сілтемелер үшін тек сілтемелік нормативтік құжаттың көрсетілген басылымы қолданылады, күні көрсетілген сілтемелер үшін сілтемелік құжаттың соңғы басылымы (оның барлық өзгерістерін қоса) қолданылады».

Сілтемелері анықтамалық деректер немесе библиографиялық материал ретінде ақпарат үшін пайдаланылатын және қолдану үшін міндеті болып табылмайтын нормативтік құжаттар ҚР СТ 1.5 стандартының 4.13 кіші пунктiне сәйкес «Библиография» құрылымдық элементінде беріледі.

«Нормативтік сілтемелер» бөліміне тек бекітілген (қабылданған) нормативтік құжаттар туралы ақпарат енгізіледі. Стандарт жобасында, егер оларды бір уақытта бекіту және (немесе) қолданысқа енгізу қамтамасыз

етілсе, әзірленетін стандартпен өзара байланысты стандарттар жобалары туралы ақпаратты беруге жол беріледі, бұл ретте сызықша арқылы немесе беттің астында «Жариялануға жатады» түсініктемесі беріледі.

«Нормативтік сілтемелер бөлімінде» аталған құжаттар алдында, ҚР СТ 1.5 стандартының 5.4 кіші пунктіндегі санамалар үшін көрсетілгендей, дефистер, жақшадағы әріптік немесе цифрлік белгілер, қойылмайды. Санамалардың соңына нүкте қойылады [5].

---

\* Техникалық регламенттер, егер олар біреуден көп болса, алфавит тәртібімен орналасады.

\*\* Құжаттар санат индексінің алфавит тәртібімен, санат ішінде тіркеу нөмірлерінің өсу тәртібімен орналастырылады.

\*\*\* Ұйым стандарттарына сілтемелер ҚР СТ 1.51 сәйкес

### **Терминдер мен анықтамалар**

Стандартта «Терминдер мен анықтамалар» элементі, егер бұл терминдер осы стандартта аса тар мағынада пайдаланылса және (немесе) халықаралық және өңірлік стандарттар талаптарына сәйкес келмесе, мемлекеттік немесе мемлекет аралық деңгейде стандартталмаған терминдерді анықтау жолымен немесе стандартталған терминдерді анықтау жолымен, осы стандарттың түрлі пайдаланушылары арасында терминологиялық өзара түсінушілікті қамтамасыз ету қажет болған жағдайда беріледі.

1-ЕСКЕРТПЕ: Терминдер мен анықтамаларға мемлекеттік немесе мемлекет аралық стандартта белгіленген термин мемлекеттік немесе мемлекетаралық деңгейде стандартталған термин деп саналады.

2-ЕСКЕРТПЕ: Бірге берілген терминдер мен анықтамалар терминологиялық мақаланы құрады.

«Терминдер мен анықтамалар» элементі атауы бір бөлім түрінде рәсімделеді және мынадай: «Осы стандартта тиісті анықтамаларымен мынадай терминдер қолданылады: ...» деген сөздерден басталады.

Нақты ұғым үшін терминдер мен анықтамаларды белгілеу алдында бұл термин мен оның анықтамасы басқа стандартта жоқтығына көз жеткізу керек.

Стандартта терминдер мен анықтамаларды белгілеген кезде стандартталатын терминдер мен анықтамаларға қойылатын талаптар бөлігінде ҚР СТ 1.27 ескеріледі.

Анықтамалар, әдеттегідей, оңтайлы, қысқа болуға және бір қосымшадан тұруға тиіс. Бұл ретте қосымша түсініктемелер Ескертпелерде беріледі.

Әр терминологиялық мақалаға «Терминдер мен анықтамалар» бөлімі нөмірінен тұратын және осы бөлімдегі мақаланың реттік нөмірінен нүктемен бөлінген нөмір беріледі. Әр терминологиялық мақаладан кейін нүкте қойылады.

Терминдер мен анықтамалар бас әріптен жазылады.

Термин анықтамадан қос нүктемен бөлінеді және қою қара қаріппен белгіленеді.

МЫСАЛ: Ойыншық: Жобаланған немесе 14 –жасқа дейінгі балалар ойында пайдалануға арналған бұйым.

Егер терминологиялық мақалаға ағылшын және (немесе) басқа тілде термин баламасын енгізу дұрыс болса, онда ол дөңгелек жақша ішінде, ақшыл қаріппен, орыс тіліндегі терминнен кейін беріледі.

МЫСАЛ: Қоршаған орта (enviroment): Ауаны, суды, жерді, табиғи ресурстарды, флораны, фаунаны, адам мен оның өзара әрекетін қоса алғанда, ішінде ұйым қызмет ететін сыртқы орта .

Терминологиялық мақалалар жалпыдан жекеге және (немесе) анықтайтыннан анықталатынға (егер бұл байланысты табу мүмкін болса) тізбегінде терминдермен көрсетілетін ұғымдар арасындағы табылған байланысқа сәйкес орналастырылады. Қалған жағдайларда терминологиялық мақалалар терминдерді стандарт мәтінінде пайдалану тәртібінде немесе (егер олардың саны 20-дан артық болса) алфавит тәртібімен орналастырылады.

Егер стандартта стандартталған терминдер пайдаланылса, онда тиісті стандартқа (стандарттарға) терминдер мен анықтамаларға 5.8.3.2 сәйкес нормативтік сілтеме беріледі.

Бұл сілтеме мынадай жерлердің бірінде беріледі: стандартта стандартталған терминді бірінші ескеру түсініктемесінде немесе алғаш рет екі (және одан артық) стандартталған термин ескерілетін азат жол Ескертпесіне, немесе «Терминдер мен анықтамалар» бөлімінде (егер бұл бөлімді стандартқа енгізу стандартта стандартталмаған терминдерді анықтау қажеттілігіне негізделсе).

Стандартталған терминдер берілген стандартқа сілтемелер жасау кезінде мынадай тұжырымдар пайдаланылады:

- сілтеме үшін: «Осы терминге анықтама \_\_\_\_\_ белгіленген»;  
күжат белгісі

- ескертпе үшін: «Осы стандартта \_\_\_\_\_ бойынша терминдер қолданылады (пайдаланылады)»; күжат белгісі

- «Терминдер мен анықтамалар» бөлімі үшін: «Осы стандартта \_\_\_\_\_ бойынша терминдер, сондай-ақ тиісті анықтамаларымен күжат белгісі мынадай терминдер: ... қолданылады (пайдаланылады)».

Қажет жағдайда стандартта басқа мемлекеттік және мемлекетаралық стандартта белгіленген терминнің анықтамасын қайталауға болады. Бұл ретте терминологиялық мақаланы рәсімдеу кезінде ҚР СТ 1.5 стандартының 4.9.4 кіші пунктінде көрсетілген талаптар сақталады, яғни ескертпеде осы құжатқа күні көрсетілген сілтеме берілуге тиіс. МЫСАЛ: 2.3 Табиғи тіл: Тұрақты даму үстіндегі тіл және оның қолданылу ережесін арнайы түсіндірудің қажеті жоқ [5].

ЕСКЕРТПЕ: ИСО/МЭК 2382-7:1989 алынған

## Белгілер мен қысқартулар

Егер стандартта белгілердің және (немесе) қысқартулардың мәнді мөлшерін (бестен артық) пайдалану қажет болса, онда оларды белгілеу үшін стандарттың: Осы стандарттың жеке бірдей атаулы бөлімі түрінде берілетін «Белгілер мен қысқартулар», «Белгілер», «Қысқартулар» құрылымдық элементтерінің бірі пайдаланылады.

Стандарттың осы бөлімінде қолданылатын белгілер мен қысқартулар осы стандарт бөлімінде белгіленеді және олардың толық жазылуы (немесе) қажетті түсініктемелері беріледі.

Егер техникалық критерийлерді көрсету үшін белгілер мен қысқартуларды белгі бір тәртіппен беру қажет болмаса, осы бөлімдегі барлық белгілер мен қысқартулар мынадай тізбекте алфавит тәртібімен санамалануға тиіс:

- бас әріп, одан кейін кіші әріп (А, а, В, б, В, в, Г, г және т.б.), ұқсас латын әріптері (А, а, В, b, С, с, D, d және т.б.);

- индексіз әріптер индексі бар әріптердің алдында жазылады, олар цифрлары бар әріптер алдында жазылады (В, b, С, Cm, C2, с, d, dext, dint, d1 және т.б.);

- мәтіндегі латын әріптері орыс, (қазақ) әріптерінен кейін, грек әріптері - латын әріптерінен кейін (Z, z, А, α, В, β, ... L, λ және т.б.) жазылуға тиіс;

- басқа арнайы символдар.

Стандартта «Терминдер мен анықтамалар» және «Белгілер мен қысқартулар» («Белгілер», «Қысқартулар») элементтерін «Терминдер, анықтамалар, белгілер мен қысқартулар» («Терминдер, анықтамалар мен белгілер», «Терминдер, анықтамалар мен қысқартулар») бір бөлімге біріктіруге болады.

Егер осы стандартта пайдаланылатын барлық белгілер мен (немесе) қысқартулар онда белгіленген терминдерге қатысты болса, онда стандарттың тиісті бөлімі «Терминдер мен анықтамалар» деп аталады. Бұл ретте терминологиялық мақалалар мыналарды қамтиды:

- жай қаріппен терілген, үтірлі нүктемен бөлінген терминнен кейін берілетін аббревиатуралар түріндегі қысқартулар;

- терминнен кейін жақшада берілетін және қою қара қаріппен ерекшеленетін, терминнің қысқа түріндегі қысқартулар;

- тікелей терминнен кейін берілетін және қою қара қаріппен ерекшеленетін шартты белгілер.

Шамалардың шартты белгілерінен кейін үтірмен бөлінген және қою қара қаріппен белгіленген шамалар бірлігінің белгілері беріле алады.

МЫСАЛ: Кіші гидроэнергетикалық қондырғы; МГЭУ: Номиналды қуаты 10000 кВт дейінгі гидроэнергетикалық қондырғы.

ЕСКЕРТПЕ: Осы мысалдарда терминологиялық мақалалардың нөмірлері берілмеген, ал 1, 2 және 3 цифрлері мысалдардың нөмірлерін білдіреді.



Негізделген жағдайларда, бұл онтайлы болған кезде (мысалы, халықаралық стандартпен үйлестіру кезінде) терминологиялық мақаланың әрбір элементін жаңа жолдан бастауға жол беріледі.

**МЫСАЛ:** Техникалық шарттар

TS ИСО немесе МЭК-те жарияланған құжат және осы құжатқа қатысты болашақта оған Халықаралық Стандарттың мәртебесін беру туралы келісімге қол жеткізілуі мүмкін, бірақ қазіргі уақытта Халықаралық Стандарт ретінде оны бекіту үшін жеткілікті қолдау жоқ [4,5].

### **Негізгі нормативтік ережелер**

Стандарттың негізгі нормативтік ережелері құрамы және мазмұны ҚР СТ 1.0 және ҚР СТ 1.5 стандартының 7-бөлім талаптарында көзделген стандарт түрін есепке алып, әзірленетін стандарт түріне және стандарттау объектісіне және аспектісіне сүйеніп белгіленетін бөлімдер түрінде, сондай-ақ ҚР СТ 1.9 талаптарына есепке алып - халықаралық (өңірлік немесе ұлттық) стандартты қолдану кезінде рәсімделеді.

Негізгі нормативтік ережелері жазылған стандарт бөлімдері ҚР СТ 1.5 стандартының 5-бөлімнің талаптарына сәйкес, ал стандартта халықаралық (өңірлік немесе ұлттық) стандартты қолданылған жағдайда, бұдан басқа, ҚР СТ 1.9 талаптарын есепке алып жазылады [4,5].

### **Қосымшалар**

Стандарттың негізгі бөлігін толықтыратын материал ережелер түрінде рәсімделеді. Қосымшаларда үлкен көлемді және (немесе) форматты кестелік материалды, үлкен форматты кестелерді, есеп айырысу әдістерін, аппаратура мен құралдар сипаттамаларын, ЭЕМ шығарылатын алгоритмдер мен есептер бағдарламасының сипаттамасын және т.б. берген дұрыс.

**ЕСКЕРТПЕ:** Стандарттың негізгі бөлігі - стандарт мазмұнын құратын ережелер жиынтығы.

Қосымшалар мәртебесі бойынша міндетті немесе анықтамалық қосымшалар бола алады.

Қосымшалар «Қосымша» деген сөзден кейін берілетін А-дан бастап (Ё, З, Й, О, Ч, Ы, Ъ әріптерін қоспағанда), орыс алфавитінің бас әріптерімен белгіленеді.

Орыс алфавиті әріптерін толық пайдаланған жағдайда, қосымшалар араб цифрларымен (мысалы, 1-қосымша, 2-қосымша) белгіленеді.

Стандарт қосымшалары, егер бұл оны әзірлеу кезінде халықаралық (өңірлік немесе ұлттық) стандартты қолдануға шартты болса, латын алфавитінің бас әріптерімен (I және O әріптерін қоспағанда) белгілене алады.

Егер стандартта бір қосымша болса, онда оған «Г қосымшасы» белгісі беріледі.

Әр қосымша жаңа беттен басталады. Бұл ретте беттің жоғарғы бөлігіне, ортасына бірінші әрпі бас әріптен басталып кіші әріптен жазылған

«қосымша» деген сөз қою қара қаріппен ерекшеленіп беріледі. Оның астында жақша ішінде: міндетті немесе ақпараттық деген сөздер пайдаланылып, қосымша мәртебесі көрсетіледі.

Екі (және одан артық) ретімен орналасқан қосымшаларды немесе қосымшаны және библиографиялық деректерді (түйінді сөздерді), егер оларды сол бетте толық жазуға мүмкін болса, бір бетке орналастыруға жол беріледі.

Қосымшаның мазмұны мәтінге қатысты симметриялық орналасқан тақырыбында көрсетіледі, жеке жол (немесе жолдар) түрінде беріледі, біріншісі бас әріптен басталып кіші әріппен басылады және қою қара қаріппен белгіленеді.

Стандартты пайдалану ыңғайлы болуы үшін қосымшада стандарттың негізгі бөлігінің қандай құрылымдық элементі (бөлім, ішкі бөлім, тармақ) осы қосымшаны толықтыратыны туралы ақпарат беріле алады. Бұл ақпарат қосымша тақырыбынан кейін жақса ішінде немесе оның түсініктемесінде беріле алады.

#### **МЫСАЛЫ А қосымшасы (міндетті)**

Каппа санын анықтауға арналған қосымша талаптар (ҚР СТ 1.5 стандартының 5.5 қараңыз)

Қосымшаларда стандарттың негізгі бөлігімен жалпы беттердің толассыз нөмірлері болуға тиіс.

Стандарт мәтінінде барлық қосымшаларға сілтемелер берілуге тиіс. Қосымшаларды мәтінде ескерілген тізбекпен орналастыру және ҚР СТ 1.5 стандартының 5-бөлім талаптарына сәйкес жазу керек.

Міндетті қосымшаларға сілтемелер жасау кезінде «қосымшаға сәйкес» деген сөз тіркесін, ақпараттық қосымшаға сілтемелер жасау кезінде – «қосымшада берілген» сөз тіркесін пайдалану ұсынылады. Бұл кезде қосымша мәртебесі көрсетілмейді.

Әрбір қосымшаның мәтіні қажет жағдайда, бөлімдерге, ішкі бөлімдерге, тармақтарға, тармақшаларға бөлінуі мүмкін.

Қосымшада бөлімдерге, тармақтарға, тармақшаларға, кестелерге, суреттерге (кестелік материалға) және математикалық формулаларға берілген цифрлер қосымшаны белгілейтін әріптен кейін аралықсыз нүкте қойылады (мысалы, А.1, А.2, А.3 және т.б.; Б.1, Б.2, Б.3 және т.б.).

Қосымшаларда бөлімдер, ішкі бөлімдер, тармақтар, тармақшалар, кестелер, графикалық материал мен формулалар әрбір қосымша шегінде нөмірленеді [4,5].

#### **Библиография**

«Библиография» құрылымдық элементі (стандартта болған жағдайда) соңғы қосымшадан кейін орналастырылады.

«Библиография» элементіне ҚР СТ 1.5 стандартының 4.8.8 сәйкес стандартта берілген сілтемелік нормативтік құжаттар тізбесі кіреді.

«Библиография» элементінде нормативтік құжаттардың орналасу тізбектілігі - ҚР СТ 1.5 стандартының 4.8.4 - 4.8.7 сәйкес.

Әрбір сілтемелік құжаттың библиографиялық сипаттамасы абзац шегінісінен ҚР СТ 1.5-2013 басталады, соңына нүкте қойылады.

Сілтемелік құжаттардың библиографиялық сипаттамасын МЕМСТ 7.1 және МЕМСТ 7.82 белгіленген ережелерге сәйкес немесе нөмірден кейін төрт бұрыш жақшада берілген сілтемелерді міндетті түрде көрсетіп оңтайландырылған пішін бойынша орындау ұсынылады:

а) стандарттар және ведомстволық нормативтік құжаттар үшін – құжат белгісі (санаты және нөмірі) және оның толық атауы [халықаралық (өңірлік) стандарт немесе басқа ұқсас құжат үшін мемлекеттік (орыс) тілінде жақша ішінде көрсетілген деректерден кейін ағылшын тіліндегі немесе құжаттың түпнұсқасы тіліндегі атауы беріледі];

б) белгісі (санаты және нөмірі) жоқ құжаттар үшін – құжаттың толық атауы және осы құжатты бекіткен (қабылдаған) мемлекеттік, мемлекетаралық немесе халықаралық (өңірлік) органның атауы және оның бекітілген (қабылданған) күні (осындай деректер болған жағдайда) [4,5].

#### **МЫСАЛЫ:**

##### **Библиография**

[1] Заңға қарасты нормативтік құқықтық актілердің жобаларын рәсімдеу және келісу ережелері (Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 16 тамыздағы № 773 қаулысымен қабылданған).

[2] Ұйым стандарттарын әзірлеу, бекіту, есепке алу, өзгерту, жою, тіркеу, белгілеу, басып шығару ережелері (Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрінің 2007 жылғы 2 қыруйектегі № 256 бұйрығымен бекітілген).

[3] ISO/IEC 11693:2000. Сәйкестендіру карталары. Оптикалық жады бар карталар. Жалпы сипаттамалар (Identification cards. Optical memory cards. General characteristics).

[4] ISO 16072:2002. Топырақ сапасы. Топырақтың микробтық тынысын зертханалық анықтау әдісі.

[5] МҰҚ 1.01—201—96. Мемлекетаралық стандарттау және құрылыста техникалық нормалау жөніндегі жұмыстарды қаржыландыру тәртібі.

[6] ҚР Ұ 50.1.1-2001. Нормативтік құжаттарды енгізу тәртібі.

[7] СанЕжН 4.01.071.03. Тағамдық өнімдердің сапасына және қауіпсіздігіне қойылатын гигиеналық талаптар.

#### **Библиографиялық деректер**

Библиографиялық деректер стандарт мәтінінен бөлек стандарттың соңғы бетінде төменгі жолақта беріледі. Егер олар бір бетке толық көлемде сыйса, соңғы қосымшамен немесе «Библиография» элементімен үйлестіруге болады [4,5].

Стандарттың библиографиялық деректеріне:

- Әмбебап ондық жіктеуіш индексі (ӘОЖ);

- МК (ИСО/ИНФКО МКС) 001 жіктеуіші бойынша әзірленген стандарт жататын Мемлекетаралық стандарттар жіктеуіші (МСЖ) тобының немесе шағын тобының коды;

- түйінді сөздер. Түйінді сөздер қатарында жіктеуіштер, каталогтар, көрсеткіштер, базалар және деректер қоры бойынша құжаттарды іздеуді жеңілдететін стандартталатын объектіні (объектілерді) бір мәнді сипаттайтын негізгі сөздер көрсетіледі.

Стандарттау объектісіне жататын түйінді сөздер осы сөздердің стандарт тақырыбында берілетін немесе мәтін бойынша аталған тәртіппен беріледі.

**МЫСАЛ:** Кондитерлік пряник өнімдеріне арналған стандарттың библиографиялық деректері:

---

ӘОЖ 664.667:006.354

МСЖ 67.060

Түйінді сөздер: кондитерлік пряник өнімдері, жіктеу, қалыңдық, органолептикалық және микробиологиялық көрсеткіштер, шикізатқа қойылатын талаптар, буып-түю, таңбалау, қабылдау, талдау әдістері, тасымалдау, сақтау \_\_\_\_\_.

ҚР МЖ 04 бойынша өнімдердің немесе көрсетілетін қызметтердің тобының (ішкі тобы) коды жалпы техникалық шарттар, жалпы техникалық талаптар, техникалық шарттар, техникалық талаптар түріндегі стандарттарға арналған МСЖ кодынан оң жақта библиографиялық деректерде беріледі.

**МЫСАЛ:** Жол шектегіші жүйелеріне арналған «техникалық шарттар» түріндегі стандарттың библиографиялық деректері:

---

ӘОЖ 69.028.8:621.778.8:006.354

МСЖ 91.090

ЭҚТ ӘЖ 45.25.42

Түйінді сөздер: жол шектегіштерінің жүйелері, пассив қауіпсіздік, металл қауіпсіздік кедергілері, қауіпсіздік кедергісінің маркасы, ұстау деңгейі, динамикалық иілу, жұмыс ені, білік секциясы \_\_\_\_\_.

### **Ұлттық ақпараттық деректер**

Қазақстан Республикасы аумағында мемлекетаралық стандарттарды енгізу кезінде, оларға мынадай деректерді қамтитын ұлттық ақпараттық деректер рәсімделеді:

а) мемлекет аумағында қолданысқа енгізілген күнін, тиісті ұйымдастырушылық-өкімдік құжат нөмірін және қабылданған күнін көрсетіп, тікелей мемлекеттік стандарт ретінде стандартты қолданысқа енгізу туралы;

б) енгізілетін стандартты қайталайтын немесе оған қайшы келетін мемлекеттік стандарттарды, құжаттарды немесе олардың бөліктерін жою туралы;

в) Қазақстан Республикасы аумағында стандартты басып шығару, көбейту және тарату құқықтары туралы;

г) стандартты немесе оның атауын мемлекеттік тілге аудару туралы;

д) ҚР МЖ 04 бойынша біркелкі өнімдердің немесе көрсетілетін қызметтердің топтарын жіктеу кодтары туралы;

е) Қазақстан Республикасында қолданылмайтын сілтемелік мемлекетаралық стандарттар, жіктеуіштер және басқа мемлекетаралық құжаттар туралы және олардың орнына толықтай немесе бөлшектеліп қолданылуы керек мемлекеттік стандарттар, жіктеуіштер және басқа стандарттау жөніндегі нормативтік құжаттар туралы мәліметтер.

Осы мәліметтер тиісті сілтемелік құжаттар (стандарттар, жіктеуіштер және т.б.) аталатын немесе аталғаны жөн стандарт мәтініне түсініктемелер түрінде рәсімделеді;

ж) Қазақстан Республикасында қолданылатын нормативтік құқықтық актілер туралы, техникалық реттеу саласындағы уәкілетті мемлекеттік орган (құрылыс саласындағы уәкілетті орган) қабылдаған (бекіткен) мемлекеттік стандарттар, нормалар, ережелер, ұсыныстар және басқа құжаттар туралы, Қазақстан Республикасына енгізілетін мемлекетаралық стандартты қолдану кезінде сақтауға қажетті (немесе ұсынылатын) өнімдердің және процестердің қауіпсіздігін нормалауға және қадағалауға уәкілетті басқа мемлекеттік органдар қабылдаған нормативтік құжаттар туралы.

е) және ж) мәліметтері тиісті сілтемелік құжаттарды (стандарттарды, жіктеуіштері және т.б.) аталатын немесе аталуы мақсатқа сай стандарт мәтініне түсініктеме түрінде рәсімделеді.

Ұлттық ақпараттық деректер стандарт құрамында басылып шығарылатын, «Кіріспе» элементінен (болған жағдайда) кейін орналасқан жеке ақпараттық парақ түрінде беріле алады немесе стандарттың түрлі құрылымдық элементтеріне: «Алғысөз», «Кіріспе», «Библиографиялық деректер» элементтеріне енгізіле алады немесе стандарттың тармақтарына немесе тармақшаларына түсініктеме түрінде рәсімделе алады.

Мәтін бойынша ұлттық ақпараттық деректер қою қара қаріппен белгіленеді.

Ұлттық ақпараттық деректер ҚР СТ 1.5 стандартының 4.15.1 кіші пунктінде көрсетілгендерден, сондай-ақ Қазақстан Республикасында қолданылатын стандарттар бойынша өндірілетін шикізатқа, материалдарға, сатып алынатын дайын бұйымдарға қойылатын талаптарды нақтылау қажет жағдайлардан басқа кезде, стандартты ауыстырмауға, толықтырмауға немесе жоймауға тиіс. Бұл жағдайда ұлттық ақпараттық

деректер осындай құжаттарға сілтеме жасап, түсініктеме енгізу әдісімен стандартқа енгізіле алады.

**МЫСАЛЫ:** Коньяктарды дайындау үшін физикалық-химиялық көрсеткіштері бойынша А қосымшасында берілген талаптарға сәйкес келетін емен\* концентратын қолдану керек.

Жеке ақпараттық парақ түрінде стандартқа ұлттық ақпараттық деректерді рәсімдеген жағдайда, онда берілген ақпарат стандарттың басқа элементтерінде қайталанбайды.

Ұлттық ақпараттық деректерді рәсімдеу - Ж және 3 қосымшаларына сәйкес [4].

---

\* Емен сығындылары ҚР СТ МЕМСТ Р 51299 сәйкес келуге тиіс (мысал шартты түрде берілген).

### **4.3 Стандарттардың жазылуына қойылатын талаптар**

Стандарттардың жазылуына қойылатын талаптар ҚР СТ 1.5 стандартының 5 пунктінде, соның ішінде: Стандарттың мәтініне қойылатын талаптар 5.1, Стандарт мәтінін бөлу 5.2, Тақырыптар 5.3, Санамалау 5.4, Кестелер 5.5, Кестелік материал 5.6, Формулалар 5.7, Сілтемелер 5.8, Ескертпелер мен мысалдар 5.9, Түсініктемелер 5.10, Қысқартулар 5.11, Шарттық белгілер, бейнелер мен белгілер 5.12, Шамалар бірліктері 5.13, Сандық мәндері 5.14 тармақшада көрсетілген.

Стандарттарды әзірлеу мақсаты халықаралық саудада және ақпаратпен алмасуға көмектесуді қамтамасыз ететін дәл және бір мәнді ережелерді анықтау болып табылады. Стандарт мазмұнының ерекшеліктеріне байланысты оның ережелері мәтін, кестелер, графикалық материал (суреттер, сызбалар, диаграммалар) немесе олардың үйлесімі түрінде жазылады [5].

Стандарт:

- а) техника дамуының қазіргі замандағы деңгейін есепке алуға ;
- б) болашақ технологиялық дамуға негіз болуға;
- в) білікті мамандар, соның ішінде бұл стандартты дайындауға қатыспағандар үшін түсінікті болуға тиіс.

---

**ЕСКЕРТПЕ:** Уақыттың осы сәтінде қол жеткен техникалық мүмкіндіктер деңгейі ғылымның, техниканың және практикалық тәжірибенің қорытылған жетістіктерінің нәтижесі болып табылатын өнімге, процестерге және көрсетілетін қызметтерге қолданылады.

Стандарт мәтінін жазу стилі қарапайым, анық, қысқа, дәл, әр түрлі етіп түсіндіруге жол бермейтін, логикалық тізбекті, оның қолданылу саласына сәйкес стандартты қолдану үшін жеткілікті және қажетті болуға тиіс.

Стандартқа:

- әділ әдістермен тексерілетін талаптар;
- сынақтарды жүргізу процедуралары;

- ҚР СТ 1.5 стандартының 7-бөліміне сәйкес басқа ережелер;
- стандарттау объектісімен өзара байланысты басқа объектілер туралы мәліметтер енгізіледі.

Құрылымы, жазылу стилі және терминология нақты стандартта ғана емес, өзара байланысты стандарттар сериясында сақталуға тиіс. Стандарттардың ұқсас тақырып бойынша құрылымы және олардың тармақтарын нөмірлеу мүмкіндігінше ұқсас болуға тиіс. Ұқсас және бірдей ережелер бір (бір типті) тұжырымдар көмегімен көрсетілуге тиіс.

Стандартта Қазақстан Республикасының техникалық регламенттері мен заңды актілерінде, ал олар болмаған жағдайда терминдер мен анықтамаларға арналған халықаралық (өңірлік), мемлекеттік және мемлекетаралық стандарттарда анықтамалары белгіленген стандартталған терминдер қолданылады.

Стандарт мәтініндегі немесе өзара байланысты стандарттар сериясындағы бір ұғымды анықтау үшін тек бір (бірыңғай тәрізді) термин пайдаланылуға тиіс. Анықталған ұғым үшін баламалы терминді (баламаны, синонимді), егер ол белгіленген тәртіппен бекітілген терминологияда жол берілмесе, қолданбау керек. Әр термин мүмкіндігінше тек бір мәнде пайдаланылады.

Терминдерді қысқартуға мұқият көңіл болу керек. Қысқартуды пайдалану оларды әр түрлі мағынада түсіну мүмкіндігін болдырмас үшін шектелуге тиіс. Егер термин стандартта жиі пайдаланылса, қысқартылған терминді пайдалануға болады.

Міндетті нормативтік талаптарды және ережелерді стандарт мәтінінде жазу кезінде мынадай сөздер қолданылады: тиіс, керек, жатады, қажат, талап етіледі, ғана рұқсат етіледі, жол берілмейді, тыйым салынады, болмауға тиіс, болмау керек, жатпайды, бола алмайды және т.б.

Стандартта шамалардың ең көп және ең аз мәндеріне қойылатын талаптарды беріп, «артық (кем) болмауға тиіс» немесе «аспауға тиіс» деген сөз тіркестері қолданылады.

**МЫСАЛЫ:** Кальцийлі техникалық содадағы көмірқышқыл натрийінің салмақтық үлесі 99,4 % кем болмауға тиіс.

Талаптардан және ережелерден шегінуге жол беретін ережелерді стандартта жазу кезінде мынадай сөздер қолданылады: бола алады, әдеттегідей, қажет болған жағдайда, жол беріледі, рұқсат етіледі және т.б.

Стандартта ұсыныстарды жазу кезінде мынадай сөздер қолданылады: ұсынылады, ұсынылмайды, мақсатқа сай, мақсатқа сай емес және т.б. Егер олардың ұсынылатын сипаты құжаттың мәртебесінен, оның атауынан немесе бөлім (ішкі бөлім) тақырыбынан шықса, ұсыныстар үшін баяндаудың хабарлама пішінін пайдалануға болады.

Егер оның атауынан немесе бөлімдер (ішкі бөлімдер) тақырыбынан, стандарттың қандай ережелері талаптар (нұсқаулықтар) болып табылатыны анық болса, стандартта талаптар мен ережелер үшін баяндаудың хабарлама пішінін пайдалануға жол беріледі.

Мәліметтер мен ережелер стандартта хабарлы сөйлем түрінде жазылады, мысалы: қолданылады, көрсетіледі және т.б..

Стандартта:

- ауызекі сөйлеу, технизмдер мен кәсіби сөз тіркестерін;
- тек бір мәндегі мағынасы жағынан жақын әр түрлі ғылыми-техникалық терминдерді, (баламалар, синонимі), сондай-ақ қазақ және орыс тілдерінде тең мәнді сөздер мен терминдер болған жағдайда, шетелдік сөздер мен терминдерді;
- еркін сөз жасауды қолдануға жол берілмейді.

Стандарт мәтінінде формулалардан, кестелерден және суреттерден басқа:

- шамалардың кері мәндері алдында «-» математикалық белгісін (минус деген сөз жазу керек);
- диаметрді белгілеу үшін  $\varnothing$  белгісін (диаметр сөзін жазу керек);
- сандық мәндерсіз шамалардың математикалық белгілерін, мысалы,  $>$  (артық),  $<$  (аз),  $=$  (тең),  $\geq$  (артық немесе тең),  $\leq$  (аз немесе тең),  $\neq$  (тең емес), сондай-ақ № (нөмірі) және % (пайыз) белгілерін қолдануға тыйым салынады.

Тапсырылған дәлдікпен өнімді дайындау үшін (жұмыстарды немесе процестерді орындау үшін) стандартта белгіленген көрсеткіштердің сандық мәндері, әдеттегідей, МЕМСТ 8.417 талаптарына сақтай отырып, шекті ауытқулармен беріледі немесе ең көп немесе ең аз мәндер түрінде көрсетіледі.

Көрсеткіш мәндерінің шекті (жол берілетін) ауытқулары мынадай түрде :

- мәтінде - 5.14.5 көрсетілгендей номиналды мәндермен бірге;
- кестеде - 5.5.15 көрсетілгендей;
- жеке талаптар түрінде беріле алады.

**МЫСАЛЫ:** Бір орауыш бірлігінің таза салмағының номиналды бірліктен жол берілетін ауытқуы мыналардан аспауға тиіс: минус 8 % ..... 50 г дейін қоса ал. Салмақта минус 5 % ..... 50 г жоғары.

Крекерді жәшікке тікелей буып-түю кезінде нақты таза салмақтың номиналды салмақтан 0,5 %-ға аз жаққа ауытқуына рұқсат етіледі.

Көп жаққа номиналды таза салмақтың ауытқуы шектелмейді.

Физикалық константтар, заттар мен материалдар қасиеттерін жүргізу кезінде ҚР СТ 2.35 бойынша осы деректердің санаттары көрсетіледі [5].

#### **4.4 Әр түрлі типтегі стандарттарды баяндау ережелері**

Стандартты белгілеу кезінде төмендегі толықтырулармен бірге ҚР СТ 1.5 сәйкес ережелері қолданылады.

Стандартта анықтамалары осы стандарттың «Терминдер мен анықтамалар» бөлімінде келтірілген терминдер қолданылады немесе стандартталған терминдер (терминдер мен анықтамалар үшін Қазақстан Республикасының мемлекеттік стандарттарымен белгіленген)<sup>1</sup>. Оның ішінде



Қазақстан Республикасының мемлекеттік стандарттары ретінде әрекет ететін мемлекетаралық стандарттар.

Стандарт Қазақстан Республикасының басқа мемлекеттік стандарттарына және Қазақстан Республикасының мемлекеттік стандарттары ретінде әрекет ететін мемлекетаралық стандарттарға, сондай-ақ бүкіл ресейлік және мемлекетаралық жіктеуіштерге нормативтік сілтемелерге рұқсат етеді.

Егер Қазақстан Республикасының басқа мемлекеттік стандартының кез келген ережесін немесе сол күйінде жұмыс істейтін мемлекетаралық стандартты қайталау стандартқа сәйкес келсе, онда ҚР СТ 1.5 белгіленген тиісті ереже қолданылады.

Стандарттар стандарттау ережелері мен ұсыныстарына<sup>2</sup>, сондай-ақ басқа да нормативтік құжаттарға<sup>2</sup> сілтеме жасауға мүмкіндік береді. Бұл ретте құжаттың мағыналық мазмұны, оны қабылдаған (бекіткен) органның қысқаша атауы және «Библиография» қосымша элементінде келтірілген анықтамалық сілтемелік құжаттар тізбесі бойынша кезекті реттік нөмірі төртбұрышты жақшаға орналастырылады.

<sup>1</sup>Қазақстан Республикасында тиісті ережелер мен ұсынымдар ретінде қолданылатын мемлекетаралық стандарттау туралы ережелер мен ұсыныстарды қоса алғанда.

<sup>2</sup>Осы стандарт қолданысқа енгізілгенге дейін қабылданған Қазақстан Республикасының мемлекеттік стандарттарында кездесетін ұлттық деңгейде қолданылып жүрген нормативтік құжаттарға жатпайтын салалық стандарттарға, техникалық шарттарға және өзге де құжаттарға сілтемелер нормативтік емес, ұсынымдық сипаты бар деп қараған жөн.

Мысалдар:

1 Қазақстан Республикасында халықаралық және аймақтық стандарттарды қолдану тәртібі стандарттау жөніндегі тиісті ұсынымдарда белгіленген.

2 Ауыз сумен жабдықтаудың орталықтандырылған жүйелерінің су сапасына қойылатын гигиеналық талаптар Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі бекіткен санитарлық нормалар мен ережелерде белгіленген.

Стандарттарда ұйымдардың, салалардың, қоғамдық бірлестіктердің, кәсіпорындардың стандарттарына, техникалық шарттарға, баптарға, әртүрлі есептерге, монографияларға, анықтамаларға Қазақстан Республикасының заңды және уәкілетті органдары қабылдаған (таныған) жалпыға бірдей қолжетімді нормативтік құжаттарға жатпайтын басқа да құжаттарға сілтемелерге жол берілмейді.

Егер стандартта Қазақстан Республикасының басқа мемлекеттік стандарты немесе осы ретінде қолданылатын мемлекетаралық стандарт бойынша шығарылатын өнімнің сипаттамасын келтіру орынды болса, онда оны баяндаудың орнына немесе оған қосымша осы стандартқа нормативтік сілтеме береді.

Стандартта Қазақстан Республикасының басқа мемлекеттік стандарттарында белгіленген шартты белгілер, бейнелер мен белгіленулер пайдаланылуы мүмкін.

Егер шартты белгілер, бейнелер мен белгіленулер Қазақстан Республикасының басқа мемлекеттік ұлттық стандарттарымен немесе осы ретінде қолданылатын мемлекетаралық стандарттармен белгіленбесе, бұл шартты белгілер, бейнелер мен белгіленулермәтінде немесе ҚР СТ 1.5 сәйкес ресімделетін «Белгілер мен қысқартулар» бөлімінде түсіндіріледі [5].

### **Негіз қалаушы стандарттардың мазмұны**

Негізге алынатын стандарттар өнімді құру және пайдалану, қоршаған ортаны, өнім, процестер және өмірге, денсаулыққа, мүлікке арналған қызметтердің қауіпсіздігін қорғау және басқа стандарттау мақсатына жету процестерінде, қызмет саласын, сондай-ақ жалпы техникалық талаптарды және өзара түсінікті, техникалық бірлік пен ғылым, техника және өндірістің түрлі салаларының өзара байланысын қамтамасыз ететін ережелерді анықтау үшін жалпы ұйымдастыру-әдістемелік ережелерді белгілеу қажеттілігінде әзірленеді.

*Негізге алынатын ұйымдастыру-әдістемелік стандарттар:*

а) белгілі қызмет саласында жұмыстарды жүргізу мақсаттары мен мәселелерін, осы салада стандарттау объектілерінің жіктеу құрылымын, осы жұмыстарды жүргізу бойынша негізгі ұйымдастыру-техникалық ережелерді және т.б.;

б) түрлі құжаттарды: нормативтік, конструкторлық, технологиялық, жобалық, бағдарламалық, басқа техникалық, ұйымдастыру-реттеу және басқаларды әзірлеу, қабылдау (бекіту), қолдану және енгізудің жалпы тәртібін (ережелерді);

в) өнімді өндіріске қою ережелерін белгілейді.

*Негізге алынатын жалпы техникалық стандарттар:*

а) экономиканың түрлі салаларында және басқа қызмет салаларында ғылымда, техникада, технологияда көп мәрте пайдаланылатын ғылыми-техникалық терминдер мен олардың анықтамаларын;

б) түрлі стандарттау объектілерінде арналған шарттық әріп, цифрлық, әріптік-цифрлық, кестелік және т.б. белгілерін (белгілер, кодтар, таңбалар, символдар және т.б.), ҚР СТ 1.5-2013 оның ішінде шамалар параметрлерінің (орыс, латын, грек әріптерімен), шамалар бірліктерінің, ауыстыратын жазбалардың, символдардың және т.б. белгілерін;

в) түрлі санатты және түрлі құжаттаманың құрылуына, жазылуына, рәсімделуіне белгісіне және мазмұнына қойылатын ережелерді (нормативтік, конструкторлық, құрылыс, жобалық, технологиялық, пайдалану, жөндеу, ұйымдастырушылық-өкімдік, бағдарламалық, тау-графикалық және басқа);

г) түрлі өндірістік процестерді техникалық, технологиялық, метрологиялық қамтамасыз ету үшін қажетті жалпы талаптар мен нормаларды;

д) қауіпті факторлар топтары және технологиялық процестердің жеке түрлері бойынша, оның ішінде ҚР СТ 1.34 сәйкес жалпы қауіпсіздік талаптарды;

е) табиғатты қорғау және табиғи ресурстарды пайдалануды жақсарту саласындағы жалпы талаптарды белгілейді.

Атап айтқанда, бұл стандарттар:

а) өлшеулер (аспаптық) дәлдігінің нормаларын және статистикалық бағалау дәлдігінің нормаларын;

б) заттар мен материалдардың қасиеттері мен құрамының стандарттық үлгілеріне қойылатын талаптарды;

в) қалаулы сандар, параметрлік және өлшемдік қатарларды (мысалы, номиналды жиілік қатарлары және электр тоқ кернеулері);

г) рұқсат етулер мен отырғызуларды;

д) беттің кедір-бүдірлігіне қойылатын талаптарды;

е) беру дәлдігінің нормаларын (тістік, құрттық, белдіктік және басқа);

ж) бөлшектердің түрлі қосылыстары және жинақтаушы бірліктерге қойылатын талаптарды (ойма, пісіру және т.б.);

и) жабдық дәлдігінің кластарын;

к) сызбаларды (сұлбаларды) орындауды, жазбаларды, өлшемдерді түсіру ережелерін;

л) өнімнің техникалық үйлесушілігінің түрлі түрлеріне қойылатын талаптарды (сындарлы, электрлік, электромагниттік, бағдарламалық, диагностикалық және т.б.);

м) шекті рұқсат етілетін шығарындылардың және зиянды заттар лақтырындыларының мәндерін, сондай-ақ олардың шекті рұқсат етілетін концентрацияларын;

н) шу, діріл, радиациялық сәулелену, радиокедергі мәндерін;

п) сыртқы әсерлердің рұқсат етілетін шектерін;

р) техникалық эстетика және эргономика талаптарын;

с) басқа бірыңғай техникалық талаптарды және (немесе) жалпы өндірістік мақсаттағы нормаларды белгілейді.

Терминдер мен анықтамалар стандарты (жалпы техникалыққа жататын, сондай-ақ өнім, қызмет немесе технологиялық процестердің жеке топтарына таралатын сияқты) ҚР СТ 1.27 есепке алып әзірленеді [4,5].

### **Өнімге арналған стандарттардың мазмұны**

Қажет болған жағдайда, өнімге қойылатын жан-жақты талаптарды\* белгілеу қажет болған жағдайда біркелкі өнім топтарына жалпы техникалық шарттар стандарттарын әзірлеген дұрыс.

«Техникалық шарттар стандарттарының мазмұнын» көрсетілген жағдайда, өнімге нақты өнімге қойылатын жан-жақты талаптарды

белгілейтін техникалық шарттар стандарттары, «Жалпы техникалық талаптар стандарттарының мазмұны» көрсетілген жағдайларда - біркелкі өнімнің жеке топтары үшін жалпы, техникалық талаптарды белгілейтін жалпы техникалық талаптар стандарттары әзірленеді.

Біркелкі өнімнің бірнеше топтары және жоғары жіктегіш топтары үшін жалпы талаптарды белгілеу мүмкіндігінде мынадай талаптар топтарын белгілейтін өнім стандарттарын әзірлеген дұрыс: терминдер мен анықтамалар, жіктеу (тұрпаттар, сұрыпталым, маркалар, түрлері және басқа өнім таптары), жалпы қауіпсіздік және (немесе) қоршаған ортаны қорғау талаптары, жалпы қабылдау ережелері, таңбалау, буып-түю, тасымалдау, сақтау, пайдалану (қолдану), жөндеу және кәдеге жарату.

Әр көрсетілген талаптар топтары жеке стандартта белгіленеді, стандарт тақырыбында көрсетілетін басқа талаптар топтарымен біріктіріледі. Стандарттау объектісі ерекшеліктерін есепке ала отырып, стандартқа көрсетілетін топтарға енетін кейбір талаптарды енгізуге рұқсат етілмейді.

1-МЫСАЛ: Терминдер мен анықтамалар.

2-МЫСАЛ: Таңбалау, буып-түю, тасымалдау және сақтау.

3-МЫСАЛ: Қауіпсіздік талаптары және оларды бақылау әдістері.

Талаптар топтарын немесе олардың үйлесімдерін белгілейтін стандарттарды әзірлеу кезінде «Өнімді таңбалауға, буып-түюге, тасымалдауға және сақтауға қойылатын талаптарды белгілеу және олардың мазмұны», «Қауіпсіздік талаптарын белгілеу және олардың мазмұны», «Қабылдау ережелерін белгілеу және олардың мазмұны», «Бақылау (сынау, анықтау, өлшеу, талдау) әдістеріне қойылатын талаптарды белгілеу және олардың мазмұны» жазылған ережелер есепке алынады.

Негізделген жағдайларда жеке стандартта біркелкі өнім топтары үшін жалпы (немесе жоғары жіктегіш топтары) сындарлы талаптар, типтер, негізгі параметрлер мен (немесе) өлшемдер белгіленеді.

МЫСАЛЫ Типтер, негізгі параметрлер мен өлшемдер.

Мысалдар:

1 Терминдер мен анықтамалар

2 Таңбалау, орау, тасымалдау және сақтау

3 Қауіпсіздік талаптары және оларды бақылау әдістері

---

\* Жан-жақты талаптар терминдер мен анықтамаларды, техникалық талаптарды, қауіпсіздік және

қоршаған ортаны қорғау талаптарын, қабылдау тәртібіне, бақылау әдістеріне, тасымалдауға және сақтауға

қойылатын талаптарды, қажет болған жағдайда басқа талаптарды қамтиды. ҚР СТ 1.5-2008

Негізделген жағдайларда жеке стандартта біртектес өнім тобы үшін жалпы (немесе неғұрлым жоғары сыныптамалық топтастыру) конструктивтік талаптар, типтері, негізгі параметрлері және/немесе өлшемдері белгіленуі мүмкін. Мысал: түрлері, негізгі параметрлері және өлшемдері [5].

## **Жалпы техникалық шарттар стандартының мазмұны**

Жалпы техникалық шарттар стандарттарының негізгі нормативтік ережелері, әдеттегідей, мынадай бөлімдерді қамтиды:

- жіктеу;
- жалпы техникалық талаптар;
- қауіпсіздік талаптары;
- қоршаған ортаны қорғау талаптары (экологиялық);
- қабылдау ережелері;
- бақылау (сынау) әдістері;
- тасымалдау және сақтау;
- пайдалану нұсқаулықтары (техникалық қызмет көрсету, жөндеу, кәдеге жарату)\*;
- дайындаушы кепілдіктері.

Стандарт бөлімдерінің номенклатурасы (тақырыбы), құрамы (құрылымы) және мазмұны стандартталатын өнім ерекшеліктерін және оларға қойылатын сипатының ерекшеліктерін есепке алып анықталады. Бұл ретте өнім стандарттары, оларды пайдалану халықтың денсаулығына және (немесе) мүлігіне, сондай-ақ қоршаған ортаға зиян келтіруі мүмкін, стандарттау объектісі ерекшеліктеріне, қауіпсіздік және қоршаған орта талаптарына сүйеніп, «Техникалық талаптар» бөлімінде белгіленетін сындарлы және басқа да талаптарды белгілеу және сақтау жолымен қамтамасыз етілетін жағдайларды қоспағанда, «Қауіпсіздік талаптары», «Қоршаған ортаны қорғау талаптары».

ҚР СТ 1.5-2013 немесе «Қауіпсіздік талаптары және қоршаған ортаны қорғау талаптары» бөлімдерін міндетті түрде енгізу керек.

«Жіктеу» бөлімінде өнімнің кластары, типтері, түрлері немесе сұрыбы (сұрыпталым), сондай-ақ олардың маркалары (үлгілері, сұрыбы және т.б.) белгіленеді.

Егер өнім негізгі параметрлері және (немесе) өлшемдері бойынша жіктелсе, онда «Жіктеу» бөлімінің тақырыбы «негізгі параметрлері және (немесе) өлшемдері» сөздерімен толықтырылады.

Бұл ретте, өнім ерекшеліктеріне сүйеніп:

- а) негізгі пайдалану (тұтыну) сипаттамалары бойынша өнімнің жіктелуі;
- б) сындарлы параметрлері және өлшемдері бойынша өнімнің жіктелуі (оның ішінде габариттік, қондырғы, қосу және т.б.);
- в) басқа негізгі параметрлері бойынша өнімнің жіктелуі беріледі [4].

\* Қолдану, дайындау (дайындау) тәсілі бойынша тағамдық өнімдерге арналған нұсқаулар.

Белгіленген жіктеу көрнекілігі үшін өнімнің сындарлы ерекшеліктерін суреттейтін кестелік материал және (немесе) оның негізгі өлшемдері (мысалы, негізгі өлшемдері көрсетілген жалпы түрлі сызбалар).

Негізделген жағдайларда өнім (мысалы, прокат) геометриялық пішіндері және нақты өлшемдері бойынша жіктеледі.

Бұл ретте:

а) геометриялық пішінін анықтайтын суреттер (сызбалар);

б) өлшемдері, шекті ауытқулары, қима алаңдары, осьтердің анықтамалық өлшемдері

және басқа ұқсас деректері бар кестелер;

в) қосымша талаптар (пішіндер ұзындығы, тік сызықтылықтан және беттердің геометриялық өлшемдерінен және т.б. ауытқу) беріледі.

Егер стандарт затқа, материалға, шикізатқа, тағамдық және басқа ұқсас өнімге таратылса, онда ол химиялық және (немесе) фракциялық құрамы, басқа физикалық-химиялық қасиеттері, сондай-ақ негізгі тұтыну қасиеттері бойынша (мысалы калориялығы бойынша), дайындау (мысалы, тоқылған, өрілген, өрмеленген, тоқылған), даярлау және (немесе) өңдеу тәсілі бойынша (мысалы, ысталған, тұздалған, пастерленген, зарарсыздандырылған және т.б.) жіктеледі.

Қажет болса «Жіктеу» бөлімінде өнімнің шарттық белгілері белгіленеді, ережелер және (немесе) мысалдар беріледі.

«Техникалық талаптар» бөліміне жалпы жағдайда мынадай ішкі бөлімдер енгізіледі:

- негізгі көрсеткіштері және (немесе) сипаттамалары (қасиеттері);

- шикізатқа, материалдарға; сатып алынатын бұйымдарға қойылатын талаптар;

- жиынтықтылық;

- таңбалау;

- буып-түю.

Егер стандартта стандартталатын өнімнің барлық номенклатурасы үшін жалпы жеке техникалық талаптарды белгілеу мүмкін болмаса, онда стандартта бұл талаптар техникалық шарттарда нақты өнімге белгіленетінін көрсетеді [5].

«Негізгі көрсеткіштері және (немесе) сипаттамалары (қасиеттері)» бөлімшесіне қойылатын талаптар

«Негізгі көрсеткіштері және (немесе) сипаттамалары (қасиеттері)» бөлімінде, әдеттегідей, оны қабылдау процесінде, сертификаттау жүргізу кезінде, стандарттардың талаптарын сақтауға мемлекеттік бақылау жүргізу кезінде және (немесе) оның тұтынушысымен (тапсырушысымен) өнім сапасы бойынша келіспеушілік пайда болған кезде тексеруге жататын дайын өнімге қойылатын сол талаптар ғана беріледі.

Егер осы стандарттың бірі белгіленген көрсеткішпен (сипаттамалармен) белгілене ҚР СТ 1.5-2013 алмаса, кез-келген басқа талаптарды бір мәнді сақтаған жағдайда жетуге мүмкіндік болса (өндірістік бөлмелерге және орындаушыларға қойылатын санитарлық-гигиеналық талаптар; белгілі технологиялық процестерді немесе жабындарды түсіру тәсілдерін пайдалануға; арнайы технологиялық жабдықты немесе жарақтарды қолдануға қойылатын талаптар; қажетті ұзақ жаттығуға

қойылатын талаптар; дайын бұйымдарды немесе материалдарды және т.б. ұстауға қойылатын талаптар), онда бұл талаптар осы бөлімде беріледі.

Егер бөлімшеде мәндерін жеткізушілер сақтайтын өнім параметрлері аталса, онда стандартта осы параметрлердің мәндері белгіленуі және оларды бақылау әдістері берілуі немесе тиісті нормативтік сілтемелер жасалуы керек.

«Негізгі көрсеткіштері және (немесе) сипаттамалары (қасиеттері)» бөлімінде жалпы жағдайларда мыналарды белгілейтін тармақтар енгізіледі:

- қолданылу мақсаты және сәйкестендіру көрсеткіштері;
- сындарлы талаптары;
- физикалық-химиялық және механикалық қасиеттері;
- үйлесушілікке және (немесе) өзара алмасушылыққа қойылатын талаптар;
- сенімділік талаптары;
- сыртқы әсерлерге және өміршеңдікке қойылатын талаптар;
- эргономикаға қойылатын талаптар;
- шикізатты, материалдарды, отынды, энергия мен еңбек ресурстары жөніндегі талаптар (ұсыныстар);
- технологиялық талаптары;
- тасымалдануына қойылатын талаптар.

Дайын өнімге, шикізатқа, материалдарға және сатып алынатын бұйымдарға қойылатын талаптар кешенді сипатты және үйлесетін болуы тиіс.

Қолданылу мақсатының көрсеткіштері белгіленетін тармақта тапсырылған жағдайларда оның негізгі қызметін (арналымын) орындайтын өнімнің қабілеті сипатталатын көрсеткіштер беріледі, мысалы, өндірушілікке, дәлдікке, жылдамдылыққа, төзімділікке және т.б. қойылатын талаптар. Тағамдық өнімдер үшін қолданылу мақсаты көрсеткіштерінің орнына органолептикалық көрсеткіштер белгіленеді [4,7].

Бұдан басқа, осы тармаққа немесе жеке бөлінетін тармаққа оны жалған ету жағдайларында өнімді бір мәнді сәйкестендіретін көрсеткіштер, параметрлер, белгілер және талаптар енгізіледі. Өнімнің қолданылу мақсатының көрсеткіштері сәйкестендіру көрсеткіштерінің санына енгізіледі.

Өнімге қойылатын сындарлы талаптар берілетін тармақта өнімнің өз қызметтерін тиімді орындауын, сондай-ақ оның үнемділігін қамтамасыз ететін нақты сындарлы шешім белгіленеді. Бұл ретте өнім ерекшелігіне сүйеніп, мынадай талаптарды белгілеу ұсынылады:

а) әр өнім бірлігінің немесе оның белгілі мөлшерінің шекті рауалы салмағы және габариттік өлшемдері;

б) бұйымның сыртқы пішініне қойылатын талаптар (тік сызықтылық, пропорционалдық, сүйірлік және т.б.);

в) құрамдық бөліктердің сындарлы орындалуы, оның мөлшері, салмағы, пішіні, өлшемдері, жиынтықтылығы;

г) құрамдық бөліктердің байланысын және өзара әрекетін, оның үйлесушілігін және өзара алмасушылығын қамтамасыз ететін сындарды талаптар (айналым бағыты және жылдамдылығы, жылжу жылдамдылығы мен шектері және т.б.);

д) олардың түрлерін көрсетіп түрлі жабындарды қолдануға қойылатын талаптар (металл, металл емес, лакты сырлық және басқалар), сондай-ақ олардың сапасына және ҚР СТ 1.5-2013 түрлі әсерлер түрлеріне қойылатын талаптар;

е) техникалық қызмет көрсету және оларды жинақтаусыз жөндеу уақытында бұйымдардың құрамдық бөлімдеріне қойылатын қолжетімділік талаптары;

ж) дұрыс емес жинау, кабельдер мен шлангтарды дұрыс қоспау, кате немесе санкцияланбаған енгізу және техникалық қызмет көрсету уақытында қызмет көрсететін персоналдың басқа қателері мүмкіндігін шеттен шығаруға бағытталған талаптар;

и) базалық құрылымдарды және базалық бұйымдарды пайдалануға қойылатын талаптар;

к) өнімнің және басқалардың құрастырылуына және блок-модульдік құрылуына қойылатын талаптар.

Жеке тармақта консистенциясына, химиялық немесе фракциялық құрамына қойылатын талаптар, қоспалардың құрамбірліктеріне және (немесе) концентрациялары құрамына қойылатын басқа да талаптар, сондай-ақ басқа да физикалық-химиялық, механикалық және өнімнің басқа ұқсас қасиеттеріне қойылатын талаптар белгіленеді.

Стандартта үйлесушіліктің мынадай түрлеріне қойылатын талаптар белгіленуі мүмкін: функционалдық, геометриялық, өлшемдік, биологиялық, электромагниттік, электрлік, төзімділік, бағдарламалық, технологиялық, ақпараттық, метрологиялық, диагностикалық, ұйымдастыру және т.б.

Өнімнің сенімділігі талаптары белгіленетін тармақта өнімнің өз қызметтерін тапсырылған уақыт аралығында тапсырылған тиімділікпен орындауға өнімнің қабілеті және техникалық қызмет көрсету, жөндеу, сақтау, тасымалдаудың тапсырылған жағдайларында оның сақталу мүмкіндігімен сипатталатын өнім сенімділігінің кешенді көрсеткіштерінің нақты мәндері және (немесе) оның істен шықпауы, ұзақ мерзімділігі, жөндеу жарамдылығы және сақталушылығы түрінде сандық талаптар беріледі.

Сыртқы әсерлерге және өміршеңдікке талаптар белгіленетін тармақта өнімді пайдалану (қолдану), тасымалдау және сақтау процесінде үйлесетін объектілер тарапынан әсер ету және (немесе) әсер етуден кейін өнімнің жұмысқа қабілетін қамтамасыз етуге бағытталған талаптар, оның ішінде:

а) механикалық әсерлерге қойылатын төзімділік талаптары (діріл, соққы, бұрайтын, маңдайлық және т.б.);



б) климаттық әсерлерге төзімділік талаптары: жоғары және төмен температура мәндеріне, оның қатты тербелістеріне, жоғары ылғалдылыққа, төмен атмосфералық қысымға, күн радиациясына, атмосфералық жауын-шашындарға, тұз (теңіз) тұманына, шаңға және т.б.;

в) арнайы әсер ететін факторларға қойылатын тұрақтылық талаптары (биологиялық, электромагниттік, радиациялық, химиялық (оның ішінде, басыңқы заттарға: газдарға, жуғыш заттарға, отынға, майларға, белсенді емес заттарға, газдандырмау, залалсыздандыру және т.б.);

г) өнімнің кедергіден қорғалуын, электромагниттік және иондайтын сәулеленуден өзінің, сондай-ақ жасанды және табиғи бөтен (оның ішінде әдейі) электромагниттік сәулеленуден қорғалуды қамтамасыз ету жөніндегі талаптар беріледі.

ЕСКЕРТПЕ: Сыртқы әсерлерге тұрақтылықты белгілеу кезінде қолданыстағы мемлекеттік және мемлекетаралық стандарттармен белгіленген тиісті талаптар есепке алынады.

Эргономика талаптары белгіленетін тармақта адамның антропометриялық көрсеткіштері және физиологиялық параметрлері бар өнімнің параметрлері мен басқа техникалық сипаттамалары келісілуін қамтамасыз етуге бағытталған талаптар беріледі (қызмет көрсететін қызметшінің жұмыс орнына қойылатын талаптар, адам денесі өлшемдеріне бұйымның және оның элементтерінің сәйкестігі және т.б.).

Шикізатты, материалдарды, отынды, энергия мен еңбек ресурстарын үнемді пайдалану жөніндегі талаптар берілетін тармақта өнім өндірісінің технологиялық процесіне, сондай-ақ қолданылу мақсаты бойынша өнімді пайдалану (қолдану) тәртібіне қатысты тиісті ережелер белгіленеді. Бұл ретте мынадай көрсеткіштер белгіленеді:

а) шикізат, материалдар, отын, электроэнергия, басқа энергия тасымалдағыштардың үлесті шығыны;

б) пайдалы әрекет коэффициенті;

в) тұтыну қасиеттерінің бірлігіне есептегенде еңбек сыйымдылығы және т.б.

Өнімнің технологиялығына және (немесе) тасымалдануына қойылатын талаптар белгіленетін тармақта дайындау, пайдалану, жөндеу және (немесе) тасымалдаудың технологиялық процестеріне бейімделуін анықтайтын талаптар беріледі.

«Шикізатқа, материалдарға, сатып алынатын бұйымдарға қойылатын талаптар» бөлімшесіне қойылатын талаптар.

«Шикізатқа, материалдарға, сатып алынатын бұйымдарға қойылатын талаптар» ішкі бөлімінде:

а) белгілі материалдар (бастапқы өнімдер), шикізат (заттар), шала өнімдер мен сатып алынатын (дайын) бұйымдар өнімдерін дайындау үшін қолдану;

б) өнімді пайдалану (қолдану), жөндеу және кәдеге жарату кезінде пайдаланылатын белгілі материалдар, заттар және қосалқы бұйымдар мен

аспаптарды қолдану және (немесе) шектеу (егер бұл стандартта көрсетілген талаптар «Пайдалану нұсқаулықтары» бөлімінде белгіленбесе;

в) қайталама шикізатты және өнеркәсіп өндірісінің қалдықтарын қолдану мүмкіндігі немесе мақсатқа лайықтылығы бөлігіндегі талаптар мен (немесе) ұсыныстар белгіленеді.

Шикізатқа, шала өнімдерге, материалдарға, сатып алатын (дайын) бұйымдарға қойылатын талаптарды жазу кезінде олардың қысқа, бірақ бұл шикізатты, шала өнімдерді, материалдарды, дайын бұйымдарды қанағаттандыратын негізгі көрсеткіштерге қойылатын талаптарды көрсетіп, нақты сипаттамасы беріледі [4,7]

Егер бұл талаптарды (сипатталарды) қысқа баяндау мүмкін болмаса, оларды қосымшада жазып көрсетеді.

**МЫСАЛЫ:** Коньяк ішімдіктерін дайындау үшін үш жылдан кем емес бабына келтірілген коньяк спирті, 60 % кем емес этил спиртінің көлемдік үлесімен және жоғары спирттердің салмақтық концентрациясын изоамил спиртіне қайта есептегенде сусыз спирт 170 мг/100 см<sup>3</sup> кем емес қолданылады.

Егер ұқсас талаптар осы шикізатқа, материалға және дайын өнімге таралатын стандарттарда бір мәнді баяндалса, онда 5.8.3.2 сәйкес осы стандарттарға сілтемелер беріледі.

Егер шикізат, шала өнім, материалдар немесе сатып алынатын дайын бұйым ұйым стандарты немесе техникалық шарттар бойынша олардың түпнұсқаларын ұстаушылары мен өндірушілерінің тұрған жеріне тәуелсіз, фармакопоялық мақалалар немесе басқа құжат бойынша дайындалса (өндірілсе), онда әзірленетін стандартта 8.4.6.1 сәйкес оның санатына байланысты осы стандартқа (нормативтік құжатқа) немесе олардың тиісті талаптарына (сипаттамаларына) сілтеме беріледі немесе бұл талаптар (сипаттамалар) қолданыстағы стандарттарда және басқа нормативтік құжаттарда белгіленетіні көрсетіледі (ҚР СТ 1.51 қараңыз).

«Жиынтықтық» ішкі бөлімінде оларға кіретін бұйымның жеке құрамдық бөліктерін (жеткізу кезінде механикалық байланыстырылмаған), олардың босалқы бөліктерін, құралдар мен жабдықтарды, материалдарды және т.б., сонымен қатар бұйыммен бірге жеткізілетін құжаттаманы (пайдалану, жөндеу, бағдарламалық, нормативтік және т.б) көрсетіп, жеткізу жинақтамасы бойынша талаптар (ұсыныстар) беріледі.

«Таңбалау» және «Буып-түю» ішкі бөлімдері, «Қауіпсіздік талаптары», «Қабылдау ережелері», «Бақылау әдістері», «Тасымалдау және сақтау» бөлімдері ҚР СТ 1.5-2013 мазмұны 8.7—8.10 сәйкес баяндалады.

«Пайдалану нұсқаулықтары [техникалық қызмет көрсету, жөндеу, кәдеге жарату немесе қолдану, (дайындау тәсілі)]» бөлімінде оларды орындау белгілі шарттарды және (немесе) тәртіптерді сақтау кезінде өнімнің жұмыс қабілетін (немесе тиімді қолдануды), қауіпсіздігін және экологиялығын қамтамасыз ететін талаптарды белгілейді, оның осы стандартта, техникалық регламенттерде белгіленген техникалық

талаптарға сәйкестігіне кепілдік береді, сонымен қатар жөндеуден кейін өнімнің жұмысқа қабілетін қалпына келтіруге көмектеседі\*.

Бұл бөлімде өнімді іске қосуға дайындаудың негізгі талаптарын, пайдалану жерінде оны жөндеу тәртібін, өнімді пайдаланудың және оны жөндеудің негізгі ережелерін, соның ішінде үздіксіз және кезеңді жұмыс істеу уақытын, пайдаланудың белгілі шарттарын және (немесе) тәртіптерін, қызмет көрсететін қызметшілерге қойылатын талаптар, техникалық қызмет көрсету және жөндеу түрлері (күнтізбелік, ресурс бойынша, техникалық жағдайы бойынша және басқалар), олардың кезеңділігі мен көлемі, аспапқа, жабдыққа, пайдалану және жөндеу кезінде пайдаланылатын қосалқы материалдарға, сонымен қатар өнімді кәдеге жаратуға (егер ол қоршаған ортаға қауіпті болса) қойылатын талаптар беріледі. Пайдаланудың немесе сақтаудың белгілі мерзімі (ресурсы) өткен өнім адамның өміріне, денсаулығына қауіптілік туғызатындықтан, мүлігіне және (немесе) қоршаған ортаға зиян келтіретіндіктен, қызмет (ресурстар) немесе жарамдылық мерзімі бойынша шектеулер белгіленеді.

«Дайындаушы кепілдіктері» бөлімінде олар қолданылатын шарттарды (оның ішінде тасымалдау, сақтау, пайдалану талаптарын сақтау), олардың нақты ұзақтылығын және санау тәртібін, сондай-ақ олар көзделген құжаттар түрлерін: өнімді жеткізу шарттары, технологиялық және пайдалану құжаттарын қоса алғанда, егер оларистандарттарда көзделмесе, стандарттарда белгіленген талаптарға өнімнің және басқа объектілердің сәйкестігін қамтамасыз ету үшін, дайындаушы-кәсіпорын өзіне қабылдайтын кепілдік міндеттемелердің түрлерін (қызмет сақтау, жарамдылық, жүзеге асыру, пайдалану мерзімі) көрсетеді.

Бұл ретте дайын өнімнің кепілдік мерзіміне тең жинақтаушы бұйымдар мен өнімнің құрамдық бөліктерін пайдаланудың кепілдік берілген мерзімін белгілеу жөніндегі ұсыныстар беріледі, сондай-ақ негізгі бұйымның кепілдік мерзіміне қарағанда, көп немесе аз ұзақтылығы бар жинақтаушы бұйымдар мен құрамдық бөліктерді пайдаланудың кепілдік берілген мерзімі белгіленетін жағдайлар келісіледі [5].

### **Техникалық шарттар стандарттарының мазмұны**

Техникалық шарттар стандарттары біркелкі өнім топтарына жалпы техникалық шарттар стандарттарын әзірлеу мүмкін емес немесе мақсатқа лайықты болмаған жағдайда және сонымен қатар біркелкі өнім тобына жататын барлық өнімді қамтымайтын нақты өнімге немесе нақты өнім тобына жеткілікті толық талаптарды реттеу қажет болған жағдайда әзірленеді.

---

\* Бұл мемлекеттік деңгейде стандарттау жөніндегі жұмыстарды жүргізу кезінде мақсатқа лайықты болғанда. Қалған жағдайларда өнімнің пайдалану нұсқаулықтарын (қолдану, дайындау тәсілі, техникалық қызмет көрсету, жөндеу, кәдеге жарату)ГОСТ 2.601 бойынша рәсімделген пайдалану және (немесе) технологиялық құжаттарында немесе тұтынушыға ақпаратты жеткізудің және ұсынудың басқа тәсілдерін пайдаланып, осы өнімді дайындаушы-кәсіпорын береді. ҚР СТ 1.5-2008

«Техникалық шарттар» түріндегі стандарт бөлімдерінің номенклатурасын (тақырыптары), құрамы (құрылымы) және мазмұны жалпы техникалық шарттар стандарттарына арналғандай, бірақ стандартталатын өнім ерекшелігін есепке алып белгіленеді («Жалпы техникалық шарттар стандарттарының мазмұны» сәйкес). Бұл ретте мұндай стандартқа, әдеттегідей, «Жіктеу» бөлімі енгізілмейді [5].

### **Жалпы техникалық талаптар стандарттарының мазмұны**

Жалпы техникалық талаптар стандарттары осы біркелкі өнім тобын жіктеуді, қабылдау ережелерін, бақылау әдістерін, тасымалдау және сақтау ережелерін реттейтін ережелер сол біркелкі өнім тобына немесе өнімнің жоғары жіктеу топтарына таралатын жеке мемлекеттік (мемлекетаралық) стандарттарда жазылған жағдайда әзірленеді.

Жалпы техникалық талаптар стандарты, егер біркелкі өнімнің осы тобына мемлекеттік деңгейде біркелкі қабылдау, тасымалдау және сақтау ережелерін әзірлеу мақсатқа лайықты болмаған жағдайда, ал осы топ немесе бірнеше біркелкі өнім топтары (жоғары жіктеу топтары) үшін бақылау (сынау) әдістері басқа стандартта белгіленген жағдайда әзірленеді.

Жалпы техникалық талаптар стандартына, әдеттегідей, жалпы техникалық шарттар стандарттарының «Жалпы техникалық талаптар» бөлімінің ішкі бөлімінің тақырыптары мен мазмұны бойынша сәйкес келетін бөлімдер енгізіледі. Негізделген жағдайларда жалпы техникалық талаптар стандарттарына мазмұны ҚР СТ 1.5 стандартының 8.4.3 және 8.4.5 кіші бөлімдеріне сәйкес жазылатын «Жіктеу» және «Негізгі көрсеткіштер және (немесе) сипаттамалар» бөлімдері енгізіледі [5].

### **Өнімді таңбалауға, буып-түюге, тасымалдауға және сақтауға қойылатын талаптарды белгілеу және олардың мазмұны**

Өнімді таңбалауға, буып-түюге, тасымалдауға және сақтауға қойылатын талаптар атауы бойынша сәйкес жалпы техникалық шарттар стандартының (техникалық шарттар стандартының) бөлімдерінде (ішкі бөлімдерінде) немесе біркелкі өнім тобына немесе жоғары жіктеу топтамасына осы талаптарды белгілейтін жеке стандартта белгіленеді

Арнайы техникалық регламенттерде және нақты өнімнің техникалық регламенттерінде (болса) көзделген таңбалауға қойылатын талаптар стандарттарға енгізу үшін міндетті болып табылады. Таңбалау бойынша міндетті талаптарды белгілеу бөлігінде көрсетілген техникалық регламенттерге сілтемелерді беруге болады[4].

Жалпы жағдайда «Таңбалау» бөлімінде (бөлімшесінде) өнімнің тұтыну және тасымалдау таңбалауына қойылатын мынадай талаптар белгіленеді:

а) таңбалау түсіру орны (тікелей өнімге, құлақшаға, заттаңбаға, тұтыну және (немесе) тасымалдау ыдысына және т.б.). Бұл ретте, егер республикада өнімнің таңбалануына қойылатын арнайы талаптарды

белгілейтін мемлекеттік (мемлекетаралық) стандарттар қолданылса, онда белгіленген талаптар оларда белгіленгеннен төмен емес немесе оларға тиісті сілтеме берілуі керек;

- б) таңбалау түсіру тәсілі (типографиялық баспа, ою, өңдеу және т.б.);
- в) таңбалау мазмұны.

Бұл ретте өнімді таңбалау мемлекеттік және орыс тілінде немесе шартпен көзделген тілдерде (экспорттық өнім үшін) көрсетіледі.

Тұтыну таңбалауы мазмұнына қойылатын талаптар стандартта стандартталатын өнімнің ерекшелігін есепке алып белгіленеді. Бұл ретте жалпы жағдайда ҚР СТ 1.5-2013 өнімді таңбалаған жағдайда мынадай деректерді қамтуға тиіс:

- а) өнім атауы;
- б) дайындаушы-ел атауы;
- в) дайындаушы-кәсіпорын атауы;
- г) өнімнің негізгі (атқарымдық) қолданылу мақсаты немесе оның қолданылу саласы (қажет болса);
- д) өнімді қауіпсіз сақтау және (немесе) тасымалдау, қауіпсіз және (немесе) тиімді пайдалану, жөндеу, қалпына келтіру, кәдеге жарату, көму, жою (қажет болса) ережелері және шарттары;
- е) өнімнің негізгі тұтыну қасиеттері және (немесе) сипаттамасы;
- ж) белгіленген талаптарға сәйкестікті растау туралы ақпарат;
- и) дайындаушы-кәсіпорынның заңды мекенжайы;
- к) өнімнің таза салмағы, негізгі өлшемдері, көлемі немесе бірлік саны;
- л) құрамы (жиынтықтылығы);;
- м) дайындаушы-кәсіпорынның тауар белгісі (таур маркасы);
- п) дайындалған күні;
- р) жарамдылық мерзімі (өткізу, қызметі, сақтау, пайдалану);
- с) өнім дайындалатын және бірдейлендірілетін стандарттың және (немесе) нормативтік құжаттың белгісі;
- т) штрих коды.

Стандарттарда тұтыну таңбасының мазмұнына қойылатын талаптарды белгілеу кезінде (тұтынушыға арналған ақпарат ) тиісті техникалық регламенттердің, ҚР СТ 1009, ҚР СТ 1010, ҚР СТ 1012, ҚР СТ 1076, ҚР СТ 1186 және басқа ұқсас актілер мен стандарттардың талаптары көзделеді.

ЕСКЕРТПЕ: Таңбалауға және буып-түюге байланысты терминдер — ҚР СТ 1637 және ГОСТ 17527 бойынша.

Стандартта тасымалдау таңбалау мазмұнына қойылатын талаптарды белгілеу кезінде жүктерді таңбалауға қойылатын жалпы талаптар ҚР СТ 1405, ГОСТ 14192, қауіпті жүктерді таңбалауға қойылатын талаптар — ГОСТ 19433 белгіленгені есепке алынады[7].

«Буып-түю» бөлімінде (ішкі бөлімінде) өнімнің орауыш материалдарына, буып-түю тәсіліне және сапасына қойылатын талаптар белгіленеді және т.б.

Бұл ретте:

а) қолданылатын құралдарды көрсетіп, өнімді буып-түюге дайындау ережелері (консервацияны қоса алғанда);

б) дайындау үшін пайдаланылатын қолданылатын құралдарды көрсетіп, өнімді дайындауға ережелері (консервацияны қоса);

в) оның стандартты түрлерін пайдалану (оның ішінде көп айналымды ыдыс) пайдаланудың мақсатқа лайықтылығын (немесе мақсатқа лайықты еместігін) есепке ала отырып тасымалдау ыдысына қойылатын талаптар, қажет болса, ГОСТ 21140 бойынша тиісті жүйелерді ескеріп, тасымалдау ыдысы өлшемін сәйкестендіру талаптары;

г) буып-түю кезінде қолданылатын көмекші материалдарға қойылатын талаптар;

д) тұтыну ыдысының бірлігінде өнімнің номиналды мөлшері (салмағы, көлемі және т.б.), сонымен қатар одан шекті рұқсат етілетін ауытқулар;

е) тасымалдау ыдысына өнімді буып-түю тәсілі (орналастыру тәртібі және салу тәсілі);

ж) ыдысқа салынатын құжаттарды буып-түю тәсілі;

и) өнімнің орын санын (салмағын) контейнерлерде, пакеттердің габаритті ҚР СТ 1.5-2013 өлшемдерін, пакеттегі орын санын, және т.б. көрсетіп, өнімді, тасымалдау пакеттерін, табандықтарды, әмбебап немесе арнайы контейнерлерде тасымалдау үшін қолдану жөніндегі талаптар белгіленеді.

«Тасымалдау және сақтау» бөліміне (бөлімшесіне) қойылатын талаптар

«Тасымалдау және сақтау» бөлімінде тасымалдау және сақтау кезінде өнім сақталуын қамтамасыз етуге, оның ішінде қоршаған ортаны қорғау және қауіпсіздігін қамтамасыз етуге қойылатын талаптар белгіленеді.

«Тасымалдау және сақтау» бөлімінде немесе «Тасымалдау» жеке бөлімінде (бөлімшеде) көлік түрлерін (автомобиль, темір жол, су, ауа, құбыр өткізгіш және басқалар) және көлік құралдарын (жабық немесе ашық шанақтар және вагондар, изотермиялық немесе рефрижераторлық шанақ және вагондар, цистерналар, трюмдар немесе кемелер палубаларын және т.б.), осы құралдарда өнімді бекіту және жабу тәсілдері, сонымен қатар арнайы көлікпен өнімді тасымалдау талаптары көрсетіледі.

Қажет болған жағдайда, тасымалдау параметрлер (рұқсат етілетін алыстығын, тасымалдау жылдамдылығын теңіз деңгейінің биіктігін және т.б.), рұқсат етілетін механикалық әсерлер және тасымалдау кезінде климаттық жағдайларды, өнімді тасымалдауға байланысты арнайы талаптары (сыртқы факторлар әсерлерінен қорғау қажеттілігі, көлік құралдарында өнімі бар тасымалдау ыдысын орналастыру тәртібін, тасымалдаудан кейін өнім айналымының ережелерін, соның ішінде жағымсыз температураларда тасымалдаудан кейін белгілі жағдайларда ұстау қажеттілігін, расконсервация тәртібін және т.б.) көрсетіледі [5].

«Тасымалдау және сақтау» бөлімінде немесе «Сақтау» жеке бөлімінде (ішкі бөлімінде) оның сақталуын қамтамасыз ететін өнімнің сақталу шарттары, оның ішінде өнімді сақтау орнына қойылатын талаптар (бастырма, жабық қойма, жылытылатын бөлме және т.б.) және (немесе) ерекше сақтау шарттарына (тоңазытатын камера, тоңазытқыш және т.б.), сыртқы орта әсерінен өнімді қорғау (тік күн сәулесінен, ылғалдан, зиянды булардан және т.б.), сақтаудың температуралық тәртібі, қажет болса — өнімді қайта консервациялау мерзімі көрсетіледі. Одан басқа, өнімді салу тәсілі (қатар-қатар, сөрелерде, төсемдерде және т.б.), сонымен қатар тез бұзылатын, улы, қауіптілігі, радиобелсенділігі және басқа әлеуетті қауіпті өнімдерді арнайы сақтау ережелері беріледі.

Техникалық бұйымдар стандарттарында климаттық факторлар әсері бөлігінде (қажет болса) тасымалдау және сақтау шарттары белгілеген кезде ГОСТ 15150 бойынша сақтау шарттарының тиісті тобы көрсетіледі.

Тұтыну қасиеттері уақыт аралығында нашарланатын өнім стандарттарында (тамақ өнімдері, парфюмерлік-косметикалық тауарлар, тұрмыстық химия бұйымдары және т.б.) белгіленген тәртіпте барынша сақтау немесе жарамдылық мерзімі белгіленеді.

Өнімді сақтау ережелері мынадай ретпен жазылады:

- сақтау орны;
- сақтау және жинау шарттары;
- сақтау мерзімі;
- сақтаудың арнайы ережелері (қажет болса).

1- МЫСАЛ: Резисторларды буып-түйілген түрінде (тұтыну және тасымалдау ыдысында) жабық қойма бөлмелерінде 5 °С тен 30 °С дейін температурада және ауаның салыстырмалы ылғалдылығы 85 % дейін сақтау керек. Бұл ретте резисторлар бар жәшіктерді сөрелерде орналастыру және биіктігі бойынша үш қабаттан көп емес салу керек. Резисторларды барынша сақтау мерзімін дайындаушы-кәсіпорындар белгілейді және нормативтік және техникалық құжаттарда (оның ішінде пайдалану құжаттамаларында) көрсетіледі.

2-МЫСАЛ: Гипс тақталарды тасымалдау ыдысында (торларда) жабық қойма бөлмелерінде, аз уақыт (10 тәулікке дейін) — бастырма астында сақтауы керек. Бұл ретте қатарлардың биіктігі 1,5 м аспауға тиіс. Гипс тақталардың сақтау мерзімі — бір жылдан артық емес.

3-МЫСАЛ: Қалқандардың сақталу шарттары — 2 (С) ГОСТ 15150 бойынша 2- топқа сәйкес [4,5,7].

### **Қауіпсіздік талаптарын белгілеу және олардың мазмұны**

Өнімнің қауіпсіздік талаптары өнімнің сынау әдістерімен қауіпсіздік талаптарын біріктіретін жеке стандарттарда (олардың атауындағы тиісті тақырыпшасымен) немесе сонымен қатар, жалпы техникалық шарттар және техникалық шарттар стандарттарының «Қауіпсіздік талаптары» бөлімдерінде, бұл бөлім «Қоршаған ортаны қорғау талаптары»

бөлімі мен (немесе) «Техникалық талаптар» бөлімі біріктірілген немесе оған енгізілген бөлімдерде белгіленеді (бұл жағдайда қауіпсіздік талаптары бөлімінің болуын осы бөлім тақырыбында көзделмейді).

Қауіпсіздік талаптары, егер оны қолдану техногенді қирау, апат, өмір үшін нақты немесе әлеуетті қауіптілік, адамның денсаулығы, материалдық зиян келтіру және (немесе) қоршаған ортаға зиян келтіру мүмкіндігімен байланысты болса, өнім үшін белгіленеді.

Стандарттау нысанының ерекшелігіне байланысты өнім қауіпсіздігіне талаптарды белгілеу кезінде:

- а) электр қауіпсіздігі талаптары;
- б) өрт қауіпсіздігі талаптары;
- в) жарылыс қауіптілігінің талаптары;
- г) радиациялық қауіпсіздік талаптары;
- д) биологиялық қауіпсіздік талаптары;

е) машиналар мен жабдыққа қызмет көрсету кезінде қауіпсіздік талаптары, соның ішінде қызмет көрсететін қызметкердің қате әрекеттеріне және (немесе) қызметтік жабдықтың өздігінен бұзылуына бағытталған талаптар;

ж) қорғау құралдарын қолдануға және жабдық пен машиналар қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған басқа шараларды жүргізуге, оның ішінде қауіпті бөліктер мен элементтер қоршауының құрылғыларына, жүріс, блоктау және жылжымалы бөліктердің аяғындағы сөндіргіштерді және бекіткіштерді және қайырылатын элементтердің басқа бекіту түрлерін пайдалануға қойылатын талаптар;

и) машиналар мен жабдықтарды басқару органдарына, сонымен қатар олардың қауіпсіз қызметін бақылау және өлшеу құралдарына қойылатын талаптар;

к) апаттық дабыл құрылғыларына қойылатын талаптар;

л) қауіпсіздік белгілерін түсіруге және сигнал түстерін қолдануға қойылатын талаптар\*;

м) рұқсат етілетін деңгейлерді көрсетіп, қауіпті және зиянды факторлардың сипаттамалары (шу, тербеліс, зиянды заттар концентрациясы және т.б.);

н) қауіпті және зиянды өндірістік факторларды олардың пайда болу және (немесе) әрекетін болдырмау, төмендету және (немесе) шоғырландыру талаптары;

п) өнеркәсіптік тазалыққа қойылатын талаптар;

р) қоршаған ортаға шекті рұқсат етілетін (деңгейі және уақыты бойынша) химиялық, механикалық, радиациялық, электромагнитті, термиялық және биологиялық әсерінің нормалары;

с) қауіпті өнім мен оның өндірістік қалдықтарына қойылатын талаптар, өнім ерекшелігіне (ерекшелік) байланысты басқа талаптар беріледі.



Химиялық өнімдердің қауіпсіздік талаптарын белгілеу кезінде:

а) зиянды заттар ретінде оның қауіптілік класы\*\* ГОСТ 12.1.007 бойынша (немесе құрамбірліктер түрінде материалға кіретін зиянды заттар қауіптілік класы), адам ағзасына оның әсерінің халықаралық сипатына сәйкес өнім қауіптілігінің класы және санаты;

б) зиянды зат оның ішінде құрамбірліктер түрінде өнім құрамына енетін құрамының шекті рұқсат етілетін деңгейлері;

в) химиялық өнімнің өрт-жарылыс қауіптілігі туралы мәліметтер ГОСТ 12.1.044 бойынша;

г) химиялық өнімнің белгілі факторлар әсерінде ауа ортасында және (немесе) ағынды суларда уытты және (немесе) өрт-жарылыс қауіптілігі қосылыстарын құру қабілеті туралы мәліметтер;

д) химиялық өнімді қолдану немесе сақтау кезінде өздігінен жануын және (немесе) жарылуын ескерту жөніндегі шаралар;

е) химиялық өнімді қолдану және сақтау жерлерінде өрт сөндіру техникасы, өртке қарсы қорғаныстың және өрт сөндіру техникасының техникалық құралдары болуына қойылатын талаптар;

ж) химиялық өнімді қолдану, сақтау, тасымалдау және кәдеге жарату кезінде жеке және (немесе) ұжымдық қорғану және (немесе) сақтау құралдарын қолдану қажеттілігіне қойылатын талаптар;

и) химиялық өнімнің өмірлік циклі процестеріне қатысатын өндірістік қызметкерге қойылатын талаптар;

к) химиялық өнімдерді қауіпсіз қолдану (пайдалану) жөніндегі нұсқаулар;

л) егер осы химиялық өнім ластайтын, улы, қауіпті, зиянды немесе радиобелсенді заттарға жатса немесе егер ұқсас заттар компоненттер түрінде осы материалға енсе, қоршаған ортаның түрлі нысандарында заттар тұрақтылығының сипаттамалары (су ортасы, атмосфералық ауа, топырақ, жер қойнауы, флора, ионосферасы ж.т.б.);

м) химиялық өнімдерді және (немесе қалдықтарды) зарарсыздандыру, қайта өңдеу және (немесе) кәдеге жарату (көму) қайта өңдеу тәсілдері;

н) қолдану, (пайдалану), тасымалдау, сақтау және кәдеге жарату кезінде химиялық өнімдерді қамтамасыз етуге бағытталған басқа да талаптар көрсетіледі [4,5,7].

\* Сонымен ҚР СТ ГОСТ Р 12.4.026. бойынша белгілер мен түстер пайдаланылады.

\*\*Егер бұл заттар зиянды заттарға жататын болса.

## **Қабылдау ережелерін белгілеу және олардың мазмұны**

Өнімді қабылдау ережелері жалпы техникалық шарттар стандарттарының (техникалық шарттардың) тиісті бөлімінде немесе қабылдау ережелері біркелкі өнім тобы немесе өнімнің ең жоғары жіктеу тобы үшін жалпы болып табылатын жеке стандартта белгіленеді.

Өнімді қабылдау ережелерін белгілейтін стандартқа стандарт тақырыпшасында көрсетілетін сол өнімнің бақылау (сынау, талдау) әдістерін және сынамасын іріктеу әдістерін анықтайтын ережелер енгізіледі.

**1-МЫСАЛ: ӨНЕРКӘСІПТІК ҚАЙТА ӨҢДЕУДІҢ ЭФИР-ЗӘЙТҮНДІ ДАҚЫЛДАР ЖЕМІСТЕРІ.** Қабылдау ережелері және сынамаларды іріктеу әдістері.

**2- МЫСАЛ: БАЛЫҚ, ТЕҢІЗ СҮТ ҚОРЕКТІ ЖАНУАРЛАРЫ, ТЕҢІЗ ОМЫРТҚАСЫЗ ЖАНУАРЛАРЫ ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ҚАЙТА ӨҢДЕЛГЕН ӨНІМДЕРІ.** Қабылдау ережелері, сапаны бағалаудың органолептикалық әдістері, зертханалық сынауларға арналған сынамаларды іріктеу әдістері.

Стандартта қабылдау ережелерін белгілеу кезінде осы стандарттың немесе жалпы техникалық талаптардың жеке стандартының (стандарттарының) тиісті бөлімінде белгіленген техникалық талаптарға сәйкестігіне өнімді тексеру тәртібі. Қажет болған жағдайда, бұл стандартта қауіпсіздік және (немесе) қоршаған ортаның талаптарына сәйкестігіне өнімді тексеру тәртібі белгіленеді.

Стандартта өнімді қабылдау ережелері белгіленген кезінде жүргізілген сынақтар түрлері бөлігінде, ГОСТ 15.309, ГОСТ 16504, сондай-ақ «Өнімді өндіріске қою және әзірлеу жүйелері» стандарттары пайдаланылады (қабылдау-тапсыру, кезеңділік, тұрпаттық, біліктілік, сенімділік және басқа).

Стандартта қабылдау-тапсыру сынақтарына қойылатын талаптарды белгілеу кезінде:

а) топтама нөмірін көрсетіп, қабылдауға қойылатын өнім топтамасына анықтау;

б) қабылдау-тапсыру сынақтары басталғанға дейін өнімді ұстау уақыты (қажет болса);

в) бақылау түрлері (жаппай, іріктеме немесе статистикалық);

г) бақыланатын параметрлер, көрсеткіштер, сипаттамалар және басқа талаптар тізбесі;

д) оларды бақылауды жүзеге асыратын реттілік, қажет болған жағдайда осы реттіліктің өзгеру мүмкіндігі жүргізіледі.

Өнім сапасының іріктеме бақылауын пайдалану кезінде бақылау жоспары, оның ішінде іріктеме көлемі (дара өнім үшін), немесе сынамалар көлемін (дара емес өнім үшін) және олардың топтама көлеміне байланыстылығы көрсетіледі, үлгілерді (сынамаларды) іріктеу әдістері, ақаулық, критерийлері және қабылдау деңгейі беріледі, сонымен қатар

ақауланған топтаманы немесе ақауланған өнімді пайдалану тәртібі белгіленеді.

Бұдан басқа, стандартта қабылдау-тапсыру сынақтарына қойылатын талаптарды белгілеу кезінде өнімді қабылдауды растайтын мөр (таңба, пломбы) қою орнын және (немесе) сапа туралы құжат мазмұнына қойылатын талаптарды көрсетіп, қабылдау нәтижелерін рәсімдеу тәртібі беріледі.

Стандартта кезеңдік сынақтарға қойылатын талаптарды белгілеу кезінде оларды жүргізу кезеңділігі, түрі және бақылау жоспары, бақыланатын параметрлер тізбесі, сипаттамалар мен басқа талаптар, сонымен қатар оларды бақылауды жүзеге асыратын реттілік көрсетіледі және қажет болса одан бас тарту мүмкіндігі келісіледі. Бұл ретте сынақтар нәтижелерін тану критерийі, оларды есепке алу тәртібі (өнімді қабылдауды және тиеуді тоқтату, оларды жою ақаулығы пайда болу себептерін талдаудан кейін қайта бастау), кезеңдік сынақтар нәтижелерін рәсімдеу беріледі.

Стандартта типтік сынақтарға қойылатын талаптарды белгілеу кезінде оларды жүргізу қажеттілігі пайда болған жағдайларды көрсетеді, типтік сынақтарды жүргізу бағдарламасы беріледі, үлгілерді (сынамаларды) тандау әдістері, сонымен қатар бағалау критерийлері және оларды жүргізу нәтижелеріне рәсімдеу тәртібі белгіленеді.

Стандартта сенімділік сынақтарына қойылатын талаптарды белгілеу кезінде оларды жүргізу тәртібі (қажет болса кезеңдікті қоса алғанда), сенімділіктің жеке көрсеткіштерін бақылау жоспарлары, бас тарту критерийлері, сенімділікке сынақтар нәтижелерін рәсімдеу тәртібі көрсетіледі [4,5,7].

### **Бақылау (сынау, анықтау, өлшеу, талдау) әдістеріне қойылатын талаптарды белгілеу және олардың мазмұны**

Бақылау (сынау, анықтау, өлшеу, талдау – бұдан әрі - бақылау әдістері) әдістері осы стандарттардың тиісті әр бөлігінде белгіленген, барлық техникалық талаптарға сәйкестігіне өнімді жан-жақты және әділ тексеруді қамтамасыз ету үшін жалпы техникалық шарттар стандарттарында және техникалық шарттар стандарттарының жеке бөлімінде белгіленеді.

Егер біркелкі өнім тобына жалпы техникалық талаптарды, сонымен қатар олардың сәйкестігіне тиісті бақылау әдістерін белгілеу қажет болса, онда оларды жалпы техникалық талаптар және бақылау әдістері стандартына біріктіреді.

Егер біркелкі өнімнің бірнеше тобына жалпы болып табылатын, техникалық талаптары бірнеше мемлекеттік немесе мемлекетаралық стандарттарда белгіленген бақылау (сынау) әдістері жинағына қойылатын талаптарды белгілеу мүмкіндігі болса, онда осы талаптар жеке стандартта жазылады. Бұл ретте біркелкі өнімнің көрсетілген тобын қамтитын жіктеу тобының атауы стандарт тақырыбына енгізіледі [4,5,7].

1- МЫСАЛ: ДИНАМИКАЛЫҚ СОҒҒЫЛАР. Сынау әдістері.

2- МЫСАЛ: ЖІБЕК ТЕХНИКАЛЫҚ МАТАЛАР. Сынау әдістері.

Бақылау (сынау, анықтау, өлшеу, талдау әдістеріне) стандарттың қолданылу саласында бақыланатын өнім көрсеткіштеріне қойылатын техникалық талаптарда белгіленген техникалық регламенттер, стандарттар және немесе басқа нормативтік құжаттар көрсетіледі.

Стандартта техникалық талаптары мемлекеттік деңгейде регламенттеу уақытынан бұрын болатын немесе мақсатқа сай емес өнімнің бақылау (сынау) әдістеріне қойылатын талаптар белгілене алады.

**МЫСАЛЫ: ЭЛЕКТРЛІК-ТЕХНИКАЛЫҚ ҚОНДЫРҒЫЛАРДА ПАЙДАЛАНЫЛАТЫН, ОҚШАУЛАУЫШ ҚАҚПАҚТАР.** Сынау әдістері.

Негізделген жағдайларда жеке стандартта бірнеше біркелкі өнім топтарына немесе өнімнің жоғары жіктеу топтарына техникалық талаптарды белгілеу үшін түрлі стандартта кең қолданылатын, бір көрсеткіштің сәйкестігіне бір, екі немесе бірнеше бақылау (анықтау, талдау немесе сынау) әдістеріне белгіленеді.

1- МЫСАЛ: ТАҒАМДЫҚ ШИКІЗАТ ЖӘНЕ ӨНІМДЕР. Мырыш құрамын анықтау әдісі.

2- МЫСАЛ: БЕТОНДАР. Аязға төзімділігін бақылау әдістері.

Егер бір стандартта бір көрсеткіштің екі немесе одан көп бақылау әдістері белгіленсе, онда осы әдістерді пайдалану кезінде алынған сынау (өлшеу, талдау, анықтау) нәтижелерінің салыстырылуын осы әдістер қамтамасыз етеді (кепілдік береді). Егер стандартта белгіленген бір көрсеткіштің бақылау әдістері толық бірін бірі ауыстырмаса, онда әр біріне арналған айырмашылықтарды және ерекшеліктерді береді. Бұл ретте төрелік бақылау ретінде қандай бақылау әдістерін пайдалану қажеттілігі көрсетіледі.

Баламалы бақылау әдістерін стандарттау мүмкіндігі ҚР СТ 2.18 сәйкес стандартталған төрелік немесе салыстырып тексеру әдістерімен баламалы бақылауды стандарттауға ұсынылған дәлдік көрсеткіштерін бағалау және салыстыру процедураларына негізделуге және расталуға тиіс.

Егер түрлі бақылау әдістері үшін жеке талаптар мазмұны үйлессе, онда барлық талаптарды толық баяндау тек бірінші әдіс үшін беріледі, ал қалған әдістерді баяндау кезінде бірінші әдіс үшін белгіленген тиісті талаптарға сілтемелер беріледі.

Бақылау (сынау, анықтау, өлшеу, талдау) әдістері әділ, дәл болуға және тізбекті және туынды нәтижелерді қамтамасыз етуге тиіс. Бақылау әдістерін баяндау нақты және жеткілікті толық болуға тиіс.

**ЕСКЕРТПЕ:** – Стандарттауға жататын өлшеуді орындау әдістемесі ҚР СТ 2.18 сәйкес болуға тиіс.

Әр әдіс үшін оны жүргізу ерекшелігіне байланысты әдіс мәні баяндалады, жалпы талаптар мен қауіпсіздік талаптары беріледі, содан кейін:

- бақылау жүргізілетін шарттарға қойылатын талаптар (сынау, өлшеу, талдау);

- бақылау (өлшеу) құралдарына, аппаратураға, материалдарға, реактивтерге және ерітіндіге, сонымен қатар қосалқы құралдарға қойылатын талаптар;

- сонымен қатар қосалқы құралдарға қойылатын талаптар;

- бақылау жүргізуге дайындау тәртібі;;

- жүргізу, бақылау тәртібі;

- бақылау нәтижелерін өңдеу ережелері;

- бақылау нәтижелерін рәсімдеу ережелері;

- дұрыс нәтиже беру (дұрыс) немесе тапсырылған нәтижені қосарлауды (дәлдік) беруге өлшеулер әдісінің қабілеті сандық көзқарасынан сипатталатын мәндердің дәл анықтамаларын белгілеп өлшеулер белгісіздігін белгілеу ережелері (ГОСТ ИСО 5725.1 - ГОСТ ИСО 5725.7 қараңыз) белгіленеді.

Бақылау (өлшеу) құралдарына, аппаратураға, материалдарға, реактивтерге, ерітіндіге және қосалқы құрылғыларға қойылатын талаптарды белгілеу кезінде қажетті стандартты\* жабдықтар (сынау қондырғылар, құралдар, аппаратуралар, қондырғылар, аспаптар ж.т.б.) және стандартты\* материалдар (реактивтер, ерітінділер) тізбесі беріледі).

Стандартты жабдықтарға (сынау қондырғыларына, аспаптарға, аппаратураларға, қондырғыларға және т.б.) және стандартты материалдарға (реактивтерге, ерітінділерге) қойылатын талаптарды нақтылау қажет болса, олардың маркаларына, типтеріне, сынақтар және т.б. шарттық белгілер беріледі, дәлдік класы, өлшеу ауқымы және басқа нақты параметрлер мен талап етілетін және сынау нәтижелерін салыстыруды (өлшеулерді, талдауды) талап етуді қамтамасыз ететін бір мәнді сипаттамалар көрсетіледі.

Стандарт мәтінінде немесе оның қосымшасында стандартты емес\* жабдықтарды (сынау қондырғыларын, аспаптарды, аппаратураларды, құрылғыларды, құралдарды және т.б.) және материалдарды (реактивтерді, ерітінділерді) қолдану қажет болса, талап етілетін дәлдікпен бақылауды қамтамасыз етуге қажетті өлшеу ауқымы, жүйелі қателікті талап етілетін дәлдікпен бақылауды қамтамасыз ету үшін қажетті басқа сипаттамалар көрсетіліп, осы жабдықтың (материалдың реактивтердің) негізгі техникалық сипаттамасы, оның ішінде түрлі құрылымдық және қызметтік сұлбалар және сызбалар немесе материалдардың техникалық сипаттамасы немесе реактивтер рецептурасын, қажет болса, сонымен қатар жабдықтар мен материалдарды (реактивтерді дайындау) дайындау технологиясына қойылатын талаптар беріледі [4,5,7].

1-МЫСАЛ: Сынау жүргізу үшін келесі зертханалық жабдықтар пайдаланылады:

- инжектор түйінін толық толтыруды қамтамасыз ететін сыйымдылығымен микрошприц;

- температураны ұстап тұруға жарамды су моншасы (90±2) °С;

2-МЫСАЛ: Бидай ұнынан жасалған мәтіннің реологиялық қасиеттерін анықтау үшін су моншасында тұрақты температурасын ұстап тұратын термостатымен экстенсографты қолданылады. Экстенсографты сипаттау Г қосымшасында келтірілген, ал жұмыс сипаттамалары мынадай талаптарға сәйкес келуге тиіс, 0:

- жинақтаушыны айналдыру жиілігі.....(83±3) мин<sup>-1</sup>
- қалыпты құрылғыны айналдыру жиілігі.....(15±1) мин<sup>-1</sup>
- ілмек қозғалысының жылдамдылығы.....(1,45±0,05) см/с
- диаграмма бланкісі қозғалысының жылдамдылығы.....(0,5±0,01) см/с

ЕСКЕРТПЕ: Осы талаптар Брабендер экстенсограф сипаттамасына сәйкес.

\* Стандартқа стандарттау жөніндегі нормативтік құжаттармен белгіленген талаптар, бақылау (өлшеу) әдістері, аппаратура, материалдар, реактивтер, ерітінділер мен қосалқы құралдар жатады.

Өнімді сынауға (оның қасиеттерін талдауға) қойылатын талаптарды баяндау кезінде дайындау операциясына қойылатын жан-жақты талаптар, оның ішінде үлгілер (сынамалар), олардың мөлшері, өлшемі немесе салмағы орны мен тәсілі, қажет болса олардың пішіні, түрі, сақтау және (немесе) тасымалдау шарттары, есепке алу тәртібі белгіленеді

Қажет болған жағдайда, осы сынауларды, анықтамаларды немесе талдауларды жүргізу үшін пайдаланылатын аспаптарды, аппараттарды немесе басқа жабдықтарды қосу және орналастыру сұлбасы беріледі.

Бақылау (сынау, анықтау, өлшеу, талдау) жүргізу тәртібіне (әдістемесіне) қойылатын талаптарды жазу кезінде оларды мәндерінің рұқсат етілетін шегі мен бақылау шарттары белгіленеді, жүргізілетін сынақтар реттілігі көрсетіледі (егер бұл реттілік бақылау нәтижелеріне әсер етсе), жеке операциялардың жеткілікті толық сипаттамасы беріледі. Стандарттарда өлшеулерді орындау әдістемесін жазу кезінде ҚР СТ 2.18 талаптары көзделеді.

Бақылау нәтижелерін өңдеу ережелерін жазу кезінде есептік формулалар беріледі.

Бақылау нәтижелерін рәсімдеуге қойылатын талаптарды жазу кезінде бақылау (сынаулар хаттамалар) журналына, оларға енгізілетін деректерді баяндау реттілігіне және мазмұнына қойылатын талаптар белгіленеді.

Бақылау (өлшеу) әдістері дәлдігіне қойылатын талаптарды жазу кезінде әдістің жол берілетін қателігі (өлшеулер нәтижелерінің белгісіздік нәтижелері), есептеу дәлдігі және жинақталған деректер дәрежесі көрсетіледі

Өлшеулерді (анықтамаларды, талдауларды) орындаудың әдістемесі үшін ҚР СТ 2.18 сәйкес алынған өлшемдер (анықтау, талдау) нәтижелері дәлдігін бақылауға қойылатын талаптар жазылады.

Егер оларды қолдану кезінде қызметкердің өмірі және денсаулығы үшін нақты немесе әлуетті қауіптілік, материалдық зиян келтіру және (немесе) қоршаған ортаға зиян келтіру ықтимал болса, бақылау әдістеріне қойылатын қауіпсіздік талаптары белгіленеді [4,5,7].

### **Технологиялық және басқа процестердің стандарттар мазмұны**

Технологиялық процестер стандарттарына, әдеттегідей, түрлі өнеркәсіптік салаларында пайдаланылатын кең таралған технологиялық процестерге қойылатын талаптар белгіленеді, сондай-ақ құрылыста, ауыл шаруашылықта және көлікте қолданылады. Осындай технологиялық процестерге металдарды пісіру, дәнекерлеу және шегелеу, қысып және кесіп металдарды өңдеу, термиялық және термохимиялық өңдеу, полимерлерді пісіру және т.б. жатады.

Мемлекеттік және мемлекетаралық стандарттарда өндірісі көпшілікке тараған өнімді дайындаудың типтік технологиялық процестеріне қойылатын талаптар белгіленеді.

**МЫСАЛЫ:** Баспа тақталардың түпнұсқасын және фотошаблондарды дайындаудың типтік технологиялық процестеріне қойылатын жалпы талаптар.

Технологиялық процестер стандарттарында:

- оларды жүргізуге қойылатын жалпы талаптар;
- терминдер мен анықтамалар;
- жіктеу (мысалы, олардың сындарлы элементтеріне және өлшемдерге қойылатын талаптарды көрсетіп, пісіретін қосылыстардың негізгі типтері бойынша);
- технологиялық процестерде пайдаланылатын жабдыққа, құрылғыға, аспапқа және материалға қойылатын жалпы талаптар;
- қажет болған жағдайда принципті технологиялық сұлбаларды беріп жеке технологиялық процестерді орындау реттілігі;
- технологиялық процестерде жеке жұмыстарды орындау тәсілі және әдістері;
- технологиялық процестерде түрлі жұмыстарды орындаудың басқа нормалары және технологиялық тәртіпке қойылатын талаптар;
- технологиялық процестерді оңтайлы орындау үшін сақтауға қажетті рұқсаттар, жіберу, артығымен жіберу;
- сапаны бақылау әдістері;
- қауіпсіздік және қоршаған ортаны қорғау талаптары (технологиялық процестер үшін, оларды жүргізу техногенді апаттарды, апаттарды, адамның өміріне немесе денсаулығына нақты немесе әлуетті қауіптілігі тәуекелдігіне, қоршаған ортаны ластау мүмкіндігіне байланысты) белгіленеді.

---

\* Стандартты емеске - жасалған шарттар бойынша бір данада шығарылатындар жатады.

Технологиялық процестерге қауіпсіздік талаптарын белгілеу кезінде:

а) осы технологиялық процестерді немесе оның жеке операцияларының қауіпті және зиян әсерінің сипаттамасы (әр осы әсердің жол берілетін мәндерін қоса алғанда);

б) технологиялық процестердің қауіпті және зиян әсерлері факторын төмендету және шоғырландыру талаптары;

в) технологиялық процестерді (жеке операцияларды) жүргізу кезінде жеке қорғау және ұжымдық қорғау құралдарына қойылатын талаптар;

г) санитарлық-гигиеналық ережелерді сақтауға қойылатын талаптар;

д) өрт сөндіру құралдарына, өрт сөндіру техникасын қорғаудың өртке қарсы техникалық құралдары болуына қойылатын талаптар;

е) өндірістік қызметшілерге қойылатын талаптар;

ж) апаттық сигнал беру құрылғысына, қауіпсіздік талаптарын қолдануға және сигналдық түстеріне қойылатын талаптар, оның ішінде ҚР СТ ГОСТ Р 12.4.026 бойынша көрсетіледі.

Технологиялық процестер үшін қоршаған ортаны қорғау талаптарын белгілеу кезінде

а) қалдықтарды қайта пайдалану;

б) қалдықтар мен шығарындыларды тазалау;

г) технологиялық тәртіптерді қосымша шектеу;

д) технологиялық процестерде экологиялық қатысы жағынан қауіпті материалдарды қолдануды шектеу;

е) шығарындылардың шекті рұқсат етілетін нормаларын белгілеу;

ж) апаттық шығарындыларды (лақтырындаларды) болдырмау, және т.б. жолымен қоршаған ортаға зиянды әсерлерін болдырмауға және азайтуға қойылатын талаптар беріледі.

Процестерге арналған стандарттарда:

а) ақпараттық технологияларда жұмыстарды орындау тәртібі, әдістері және нормалары;

б) ақпараттық технологияларды қолдану жөніндегі басқа жұмыстарды жүргізу және автоматтандыру жобаларының әдістері;

в) блокты-модульді құрастыру әдістері; ҚР СТ 1.5-2008

г) түрлі жұмыстарды орындаудың басқа тәсілі (тәсілдер, әдістер) және нормалар (тәртіптер) белгіленеді [4,5,7].

### **Көрсетілетін қызметтерге арналған стандарттардың мазмұны**

Көрсетілетін қызметтерге мынадай стандарттар әзірленеді:

- көрсетілетін қызметтер негізге алынатын стандарттары;

- көрсетілетін қызметтердің сапа және қауіпсіздігі көрсеткіштерінің стандарттары;

- жалпы талаптар стандарттары;

- жалпы техникалық шарттар стандарттары;

- қызмет көрсететін қызметкерлерге қойылатын талаптарды белгілейтін стандарттар;



- көрсетілетін қызметтердің сапасы мен қауіпсіздігін бақылау (бағалау) әдістері стандарттары.

Көрсетілетін қызмет негізге алынатын стандарттарда:

а) белгілі салалардағы стандарттау жөніндегі негізгі ережелер (ғылыми-техникалық, банкілік, сақтандыру, туристік-саяхаттық, ақпараттық-жарнама, сауда, байланыс және т.б.);

б) терминдер мен анықтамалар;

в) көрсетілетін қызметтерді және (немесе) оларды көрсететін кәсіпорындарды жіктеу белгіленеді.

Көрсетілетін қызметтерге арналған қалған негізге алынатын стандарттар мазмұны осы қызмет саласы ерекшелеріне сүйеніп анықталады.

Егер мемлекеттік деңгейде осы көрсеткіштер бойынша жалпы нормаларды белгілеу мақсатқа сай болмаса, жеке стандартта белгілі салалар (немесе қызмет тобы) үшін жалпы сапа көрсеткіштері және қызмет қауіпсіздігі номенклатурасы белгіленеді.

Мұндай стандартта:

а) сапа көрсеткіштерін және қызмет қауіпсіздігін таңдаудың негізгі ережелері және

осы көрсеткіштерге сәйкес жалпы ережелер;

б) сапа көрсеткіштері топтарының номенклатурасы (толық жабдықталғандық, үнемділік, эргономикалық, эстетикалық және басқалар) және қауіпсіздік (өрт, химиялық, санитарлық, радиациялық, экологиялық, мүлік сақталуы және басқалар), сондай-ақ әр топты сипаттау;

в) нақты өнімдерге қойылатын талаптар (нормалар) негізінде белгілеу үшін осы көрсеткіштерді пайдалану тәртібі бойынша нұсқаулар (немесе ұсыныстар).

Бұл ретте стандартта осы көрсетілетін қызметтерге - ұйым стандарттарына нақты талаптарды (нормаларды) реттейтін құжаттар мәртебесі көрсетіледі.

Біркелкі өнім топтарына немесе қызметтің жоғары жіктеу тобына жеке стандартта жазылған жалпы талаптар белгіленеді.

ЕСКЕРТПЕ: Жалпы талаптар стандарттарын әлеуметтік-мәдениет қызметтеріне әзірлеу ұсынылады.

Стандарттарда белгілі салаларда қызмет көрсетілетін қызметтер ерекшелігіне байланысты қызметтерге қойылатын жалпы талаптар мынадай талаптарды белгілейді:

а) осы қызмет көрсету түрін ұйымдастыру және қызмет сапасын басқару бойынша;

б) жеткізуші мен тұтынушы тікелей өзара алмасу және тұтынушы талаптарын қанағаттандыру жөніндегі жеткізушінің ішкі қызметі кезінде адамның өмірі мен денсаулығына қызмет қауіпсіздігі;

в) қызмет көрсетілетін халық (кәсіпорындар) мүлігі сақталуы;

г) қоршаған ортаны қорғау (көрсетілетін қызметтің экологиялығы);

д) көрсетілетін қызметтердің мақсатты қолданылуына сәйкестігі;

- е) орындалудың дәлдігі, уақтылығы және (немесе) жылдамдылығы;
- ж) қызметтер жиынтықтылығы;
- и) қызметтердің эргономикалылығы және (немесе) жабдықталуы;
- к) қызметтердің эстетикалылығы;
- л) қызмет көрсететін қызметкерге қызмет көрсету мәдениетіне;
- м) әлеуметтік мекенжайына (тұтынушылардың белгілі контингенті ерекшелігіне сәйкестігі);
- н) кәсіпорындарға (бөлмелерге) қызмет көрсету үшін және оның материалдық-техникалық жабдықталуына;
- п) көрсетілетін қызметтердің хабардарлығына\*;
- р) қызметтердің үйлестірілген құжаттамасына;
- с) қызметтердің әлеуметтік зерттеулеріне (зертханаларға) беріледі.

Қызмет көрсететін (жұмысшы) қызметшілерге қойылатын талаптарды белгілеу кезінде:

а) қызмет көрсететін (жұмысшы) қызметшілерге қойылатын талаптарды белгілеу кезінде;

б) денсаулық жағдайына және оны бақылау тәртібіне (дәрігерлік куәландыруды және қарауды жүргізу жолымен), жасына, жынысына және басқа физикалық факторларына;

в) сыртқы түрінің әсемдігіне;

г) сөйлеу мәдениетіне;

д) этикалылығына (сыпайлығы, тілектестігіне, ашықтылығы және т.б.);

е) жеке гигиена ережелерін сақтауға;

ж) қызмет көрсететін қызметкерлерді аттестаттау тәртібіне және (немесе) ұсынылған талаптарға сәйкестігіне бақылаудың басқа пішіндеріне және бақылау әдістеріне;

и) осы сәйкестікті растайтын құжаттамаға (санитарлық кітаптар және т.б.) қойылатын талаптар беріледі.

Көрсетілетін қызметтер сапасына және қауіпсіздігін бақылау (бағалау) әдістеріне қойылатын талаптар жеке стандартта немесе жалпы техникалық шарттар стандарттарында белгіленеді, ал негізделген жағдайларда «Бақылау (бағалау) жүргізу ережелері бөліміне енгізіледі».

Көрсетілетін қызметтер сапасына және қауіпсіздігін бақылау (бағалау) әдістеріне қойылатын талаптар 8.10 т. берілген ережелерді есепке алып, осы қызметтерге тән ерекшеліктерге сүйеніп жазылады.

Көрсетілетін қызметтер сапасын бақылау үшін, әдеттегідей, мынадай әдістер:

а) органолептикалық (көрсетілетін қызметтердің көбі үшін – көзбен шолып);

б) баламалы (құжаттаманы талдау жолымен жүзеге асырылатын);

в) сараптамалық (сынақтар негізінде сараптық бағалауды жүргізу жолымен);

г) әлеуметтік (тапсырыс берушілерді сұрау жолымен) пайдаланылады [4,5,7].

#### 4.5 Стандарттарды рәсімдеу ережесі

Стандарт және оның жобасының бірінші беті, беттерін рәсімдеу және нөмірлеу, соңғы беті ҚР СТ 1.5 стандартына сәйкес рәсімделеді (Қосымша И, К,Л).

100 беттен кем тұратын стандарт және оның жобасы беттерінің параметрлері мынадай болуға тиіс, см:

- жоғарғы – 2,5;
- төменгі – 2,5;
- ішкі – 2,0;
- сырты – 2,5.

100 беттен артық тұратын стандарт және оның жобасы беттерінің параметрлері мынадай болуға тиіс, см:

- жоғарғы – 2,5;
- төменгі – 2,5;
- ішкі – 2,5;
- сыртқы – 2,0.

Стандарт шетінен жоғарғы колонтитулға дейінгі және беттің төменгі шетінен төменгі колонтитулға дейінгі қашықтық 1,8 см болуға тиіс.

Стандарт беттері екі жағын басу әдісімен рәсімделеді. Стандарт белгісі жоғарғы колонтитулдарда, ал стандарт парағының нөмірі айна сызығында жазылған төменгі колонтитулдарда орындалады [5,7].

«Алғысөз», «Мазмұны» және «Кіріспе» элементі орналасқан стандарт беттері рим цифрларымен II нөмірленетін «Алғысөз»-ден басталып рим цифрларымен нөмірленеді.

ЕСКЕРТПЕ: Стандарттың (оның жобасының) титул парағының бет жағында бет нөмірлері қойылмайды.

Стандарттың қалған беттерінің нөмірлері араб цифрларымен жазылады.

Барлық жағдайларда стандарт мәтіні парақтың оң жағынан басталады және 1 араб цифрімен (төменгі оң бұрышта) нөмірленеді.

Стандарт жобасын рәсімдеу кезінде оның барлық беттерінде «ҚР СТ» санатының белгісі астында жақшада «жоба» сөзі беріледі және бұл ақпаратты белгілеп оның редакциясы көрсетіледі. Бұл ретте стандарттың болжалданған белгісі (стандарттың бекітілген жылын белгілейтін цифрсіз) тек:

а) егер стандарт жобасын әзірлеу қолданыстағы стандартты қайта қарауға бағытталған;

б) егер бұл белгі ҚР СТ 1.9 (7.5.4 тармақпен) сәйкес қалыптастырылған;

в) егер стандарт жобасы, белгісі 9.4 сәйкес қалыптастырылған, стандарттардың қолданыстағы жиынтығы дамуда әзірленген жағдайларда ғана беріледі.

Қалған жағдайларда «ҚР СТ» (тіркеу нөмірісіз) санат индексі ғана беріледі.

**МЫСАЛЫ:** ҚР СТ 1.9 (жоба, 1 редакция) Стандарт жобасының титул парағында «Ресми басылым» деген сөздердің орнына «Осы стандарттың жобасы оны бекітуге дейін қолдануға жатпайды» деген сөздер беріледі.

Стандарт жобасының бірінші бетінде «Ресми басылым» деген сөздердің орнына ҚР СТ 1.5-2008

«Жоба» деген сөз беріледі және үтірден кейін бұл сөздерді көлбеу қаріппен бөліп редакциясы көрсетіледі [5,7].

#### **4.6 Стандарт мәтінін және оның жобасын рәсімдеуге қойылатын талаптар**

Стандарт және оның жобасы машина тәсілімен А4 форматты ақ қағазда ГОСТ 9327 бойынша рәсімделеді.

Стандарттың электрондық нұсқасы Windows Microsoft Office бағдарламасында орындалады. Кестелік материал, оның ішінде мәтіндер, суреттер, сұлбалар мен диаграммалар Word, Excel, (Corel draw) қосымшаларында RTF форматында, қара қаріппен орындалады. Суреттер мен диаграммалар түсті бейнеде жазылады.

Мемлекеттік тілдегі стандарт нұсқасы қаріп биіктігі 12, 14, KZ Times New Roman қарпімен; орыс тіліндегі стандарт нұсқасы қаріп биіктігі 12, 14, Times New Roman, қарпімен орындалады.

Стандарттың бірінші бетінде араб цифрларымен белгіленетін стандарттың қолданысқа енгізілген күні көрсетіледі және сызықшамен элементтердің мынадай тізбегінде бөледі: жылы, айы, күні, ГОСТ ИСО 8601 сәйкес [4,5].

Күнін көрсетудің осындай тәртібі стандарттың бірінші бетінде тексеру күнін (мерзімін) берген жағдайда сақталуы керек.

1 -МЫСАЛ Енгізілген күні 2003-07-01.

2 -МЫСАЛ Тексеру мерзімі 2005-01-01.

Бөлім (бөлімше) тақырыптары және алдыңғы немесе бұдан кейінгі мәтін арасындағы, сондай-ақ бөлім және ішкі бөлім тақырыптары арасындағы қашықтық стандарттың негізгі мәтіні терілген қаріпке қатысты бір жол арасындағы аралықтан кем емес болуы керек.

Ішкі бөлімдер және тармақтар тақырыптары жолдары арасындағы қашықтық мәтіндегідей қабылданады.

Стандарт мәтінін немесе оның жобасын дайындау кезінде грек және басқа әліпби әріптері, формулаларды, жеке шарттық белгілерді қара пастамен немесе тушпен жазуға болады. Бұл ретте жазылған мәтіннің тығыздығы қалған мәтіннің тығыздығына жақын болуы керек. Егер сызбалар, сұлбалар, диаграммалар, суреттер мен (немесе) басқа кестелік материалды машина тәсілімен орындау мүмкін болмаса, онда қара тушпен немесе пастамен қол тәсілімен орындалады.

Мемлекеттік стандарт жобасының титул парағында сол жақтағы жоғарғы бұрышта құжат мәртебесі туралы ақпарат орналастырылады - Жоба.

Азат жол шегінісі барлық стандарт мәтіні және оның жобасы бойынша бірдей және 1 см тең болуы керек.

Жобаларда және бекітілген стандарттарда:

- парақтың төменгі жағында, егер оның астында мәтін жоқ немесе бір жол ғана болса, бөлім және (немесе) ішкі бөлім атауын орналастыруға;

- стандарттарға сілтеме жасау кезінде оның нөмірінсіз стандарт санатының индексін, олар бар құжаттардың басқа түрлері мен санаттарын беруге, сондай-ақ стандарттың түрлі жолдарында немесе беттерінде құжат нөмірі мен санатының индексін орналастыруға болмайды.

Стандарттарды жазуға дайындау процесінде табылған баспа қателерін және кестелік дәлсіздіктерді тазалап немесе сол жерге түсіріп немесе жолдар арасына машина тәсілімен немесе қара сиямен, тушпен, қол тәсілімен пастамен түзетілген мәтінді (кестелерді) жазып түзету керек. Парақтардың бұзылуына, ластануға, бұрынғы мәтіннің толық жойылмаған іздеріне рұқсат етілмейді. Бір бетте үштен артық түзетулерге рұқсат етілмейді. Стандарттар репрография тәсілімен тиісті сападағы олардың көшірмелерін дайындау мүмкіндігін қамтамасыз етуі керек.

ЕСКЕРТПЕ: Стандарт жобасын машина тәсілімен (компьютерде) рәсімдеу кезінде түзетулері бар парақтарды толық түзетілгендерге ауыстыру ұсынылады [4,5,7].

#### **4.7 Стандарттарды белгілеу ережесі**

Мемлекеттік стандарт белгісі «ҚР СТ» индексінен, тіркеу нөмірінен және одан сызықшамен бөлінген стандарттың бекітілген жылының төрт цифрінен тұрады\*. МЫСАЛЫ ҚР СТ 1018-2004.

---

\* Көрсетілетін қызметтердің хабардарлығы ұсынылған қызметтер туралы толық, сенімді және дер кезінде хабардарлығын болжалдайды.

Қазақстан аумағында Стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі Мемлекетаралық кеңесте тіркеу кезінде берілген мемлекеттік стандарттар ретінде Қазақстан Республикасы аумағында қолдану үшін қабылданған мемлекетаралық стандарттардың белгісі өзгертусіз сақталады және ГОСТ 1.5 сәйкес болуға тиіс.

ЕСКЕРТПЕ: Қорғаныс өнімі жөніндегі құжаттар белгісіне қатысты арнайы стандартта белгіленген ерекше талаптар қолданылады. Содай-ақ ерекше талаптар халықаралық (өңірлік) стандарттарға ұқсас мемлекетаралық стандарттарды, халықаралық (өңірлік) стандарттарға (ҚР СТ 1.9 қараңыз) қатысты түрлендірілген мемлекеттік және мемлекетаралық стандарттарды белгілеу үшін белгілеген.

Қайта әзірленген мемлекеттік стандарттардың тіркеу нөмірлері оларды мемлекеттік стандарттардың мемлекеттік техникалық реттеу жүйесі тізілімінде тіркеу бойынша нөмірлер өсу тәртібінде беріледі. Егер стандартты жою оны қайта қараумен және басқа стандарт орнына бекітумен негізделген жағдайларды қоспағанда, стандартты жойған кезде

оның тіркеу нөмірі басқа стандартқа берілмейді. Қайта қаралған жағдайда, басқа стандартқа стандарттың бекітілген жылының цифрларын ауыстырып ескі стандарттың белгісі беріледі. Егер стандарт бірнеше стандарттар орнына әзірленсе, онда ең маңызды деп танылған нөмірдің бірі беріледі [19].

Егер бірнеше стандарттарда жалпы стандарттау объектісі болса және олардың көбінде осы стандарттау объектісіне қойылатын жалпы (негізгі) талаптарды белгілейтін стандартқа тек қосымша (нақты) талаптары болса, онда осы стандарттарға жалпы тіркеу нөмірі және одан нүктемен бөлінген әр жеке стандарттар үшін қосымша нөмір беріледі, бұл ретте жалпы негізгі талаптарды белгілейтін стандартқа нөлдік қосымша нөмір беріледі.

**МЫСАЛЫ** (шарттық берілген) - Электр медициналық бұйымдардың қауіпсіздік талаптары келесі стандарттармен реттеледі: ҚР СТ 1124.0-95, ҚР СТ 1124.1-95, ҚР СТ 1124.2-95, ҚР СТ 1124.3-95 , бұл ретте жалпы талаптар ҚР СТ 1124.0-95 белгіленді.

Егер осы стандарттау объектісіне жалпы (негізгі) талаптарды белгілеу мақсатқа сай болмаса (мысалы, анықтау әдістеріне), онда стандарт белгісінде нөлдік қосымша нөмір қолданылмайды.

**Мысалы** (шарттық берілген) – Балалар тамағына арналған сүт өнімдерінің түрлі көрсеткіштерін анықтау әдістері мынадай стандарттарға таралады: ҚР СТ 1243.1-99, ҚР СТ 1243.2-99 және т.б.

**ЕСКЕРТПЕ:** Жалпы стандарттау объектісі бар стандарттау сондай-ақ жалпы тақырыппен біріктіріледі.

Егер стандарт жалпы техникалық немесе ұйымдастыру-әдістемелік стандарттар жүйесіне (кешеніне) енсе, онда осы стандарт белгісі ҚР СТ 1.41 белгіленген тәртіпте осы стандартты әзірлеу кезінде және осы жүйенің негізге алынатын стандартымен (болса) қалыптастырылады. Бұл ретте стандарт белгісіне қалған цифрлық белгісінен нүктемен бөлінген стандарттардың қос разрядты коды енгізіледі.

1 -**МЫСАЛ** Сызықшалы кодтау жүйелерінің стандарттары: ҚР СТ 6.0-2005.

2 -**МЫСАЛ** Табиғатты қорғау жүйелерінің стандарттары ҚР СТ 17.0.0.05-2002 белгіленеді.

Егер жалпы-техникалық немесе ұйымдастыру-әдістемелік стандарттар жүйесінің негізге алынатын стандартында мемлекеттік стандарттар жүйесінде осы жүйеге енетін стандарттар белгісінің құрылымы белгіленбесе, онда қайта әзірленген стандартқа осы жүйе шегіндегі кезекті реттік нөмір беріледі.

**МЫСАЛЫ** – Мемлекеттік өлшем бірлігін қамтамасыз ету жүйесінің стандарттары: ҚР СТ 2.4-95, ҚР СТ 2.65-2004 және т.б белгіленеді.

Тек атом энергетикасында пайдаланылатын бұйымдар стандарттарының белгісіне стандарттың бекітілген жылының цифрынан кейін қойылатын А әріпі қосылады [19].

## **5. ҰЛТТЫҚ ТЕХНИКАЛЫҚ-ЭКОНОМИКАЛЫҚ АҚПАРАТ ЖІКТЕУІШТЕРІН ӘЗІРЛЕУ ТӘРТІБІ**

### **5.1 Жіктеуіштерді әзірлеу, бекіту және мемлекеттік тіркеу**

Ұлттық техникалық-экономикалық ақпарат жіктеуіштері (бұдан әрі - ҰТЭ АЖ) Қазақстан Республикасының ұлттық стандарттарына теңестіріледі.

ҰТЭ АЖ әзірлеуді өз құзыреттілігі шегінде мемлекеттік органдар, стандарттау жөніндегі техникалық комитеттер (бұдан әрі мәтін бойынша - әзірлеуші-ұйым) жүзеге асырады.

ҰТЭ АЖ әзірлеу (қайта қарау) үшін негіз:

- ҚР СТ 1.7 стандартына сәйкес техникалық реттеу саласында уәкілетті орган бекіткен мемлекеттік стандарттау жоспарлары;
- құзыретіне экономиканың бекітілген салаларындағы стандарттау объектілер кіретін уәкілетті мемлекеттік органдардың жоспары;
- Қазақстан Республикасының тиісті заңнамалық және нормативтік құқықтық актілерінің өзгерістері.

ҰТЭ АЖ жіктеуіш

- әр түрлі салаларда және мемлекеттік басқару деңгейінде деректердің үйлесімділігін қамтамасыз еткен жағдайда;

- қолданыстағы ұлттық жіктеуіштермен ақпараттық байланысқан жағдайда және оны жүргізу кезінде олармен технологиялық байланыс қамтамасыз етілген жағдайда;

- басқару құжаттамасының ұлттық жіктеуіші құрамында тіркелген, мемлекеттік арналған құжаттардың салааралық (ведомствоаралық) түрлерінде ақпараты жазылған нысандар енгізілген жағдайда әзірленеді [16,17].

ҰТЭ АЖ әзірлеу сатылары

ҰТЭ АЖ әзірлеу жөніндегі және олардың енгізілуіне дайындау жөніндегі жұмыстарды үйлестіруді және бақылауды қамтамасыз ету мақсатында жұмыстарды орындаудың мынадай сатыларын белгілейді:

- жіктеуіштерді әзірлеуді ұйымдастыру;
- жіктеуішті әзірлеу әдістемесін құру және бекіту;
- жіктеуіштің бірінші басылымын әзірлеу;
- жіктеуішті мемлекеттік органдармен және мүдделі ұйымдармен келісу және қарау;
- жіктеуіштің соңғы редакциясын әзірлеу;
- жіктеуішті бекіту және мемлекеттік тіркеу;
- жіктеуішті басып шығару;
- жіктеуішті жүргізуді ұйымдастыру.

ҰТЭ АЖ әзірлеуді ұйымдастыру

Жіктеуіштерді әзірлеу алдында жіктеуіштерді әзірлеу үшін дайындық жұмысы және техникалық реттеу және метрология жөніндегі уәкілетті органға (бұдан әрі - уәкілетті орган) өтініш беру жасалады [16,17].

Дайындық және өтініштерді қарау, мемлекеттік стандарттау жөніндегі жұмыс жоспарларын қалыптастыру ҚР СТ 1.7 сәйкес жүзеге асырылады.

Әзірлеуші-ұйым әзірленетін жіктеуіштің жіктелу үйлесімділігін және оны халықаралық және мемлекетаралық жіктеу жүйелерімен салыстыру мүмкіндігін қамтамасыз ету мақсатында зерттеу жұмыстарын жүргізуді, халықаралық, мемлекетаралық және басқа елдердің ұлттық жіктеуіштерін зерттеуді ҚР СТ 5.0-2015 стандартының М қосымшасына сәйкес ұйымдастырады [16,17].

ҰТЭ АЖ қажет болған жағдайда, алдындағы жіктеу жүйесіне ауысу кілттері болуға тиіс.

Жіктеуішті әзірлеу әдістемесін құру және бекіту.

ҰТЭ АЖ әзірлеуші-ұйым жүргізілген зерттеулер негізінде жіктеуішті әзірлеу әдістемесін жасайды.

Әдістемеде мынадай мәліметтер жазылуға тиіс:

- жіктеу және кодтау объектілерінің бастапқы жиынтығын сипаттау, жіктеу объектілерінің сандық сипаттамасы;

- объектілерді жіктеу және кодтау әдістерін сипаттау және оларды таңдау негіздемесі;

- жіктеудің негізгі белгілері және олардың бөліп шығару принциптері;

- кодтың алфавиті, негізі және ұзындығы, кодтық белгінің құрылу құрылымы, белгілердің орналасу реттілігі, есептеу мен тексеру тәсілі көрсетілген жіктеуіш кодын қорғауға арналған бақылаушы санның болмауының немесе болуының негіздемесі;

- жіктеуіштің резервтік сыйымдылығын қамтамасыз ету негіздемесі;

- объектілерді кодтау үлгісі (жіктеуіш фрагменті);

- жіктеуіште объектілердің түсу тәртібі және олардың атауларының құрылымы, стандартталған терминологияны пайдалану, қабылданған қысқарған сөздер.

Жіктеуіштің бірінші басылымын әзірлеу

Әзірлеуші-ұйым келісім-шартқа және жіктеуішті әзірлеу әдістемесіне сәйкес жіктеуіш жобасын дайындайды.

Жіктеуіш жобасын әзірлеумен бір мезгілде оған түсіндірме жазба жазылады.

Түсіндірме жазбада мынадай мәліметтер беріледі:

- жіктеуішті әзірлеуге арналған негіздеме;

- жіктеуішті жасау мақсаты;

- жіктеу объектілерінің сипаттамасы;

- ұқсас жіктеуіштермен өзара байланыс және басқа санатты жіктеуіштермен түйісу;

- ҰТЭ АЖ қолданылу саласы;

ҰТЭ АЖ бірінші басылымын әзірлеу сатысында мынадай жұмыстар көрсетілген реттілікпен жүргізіледі.

- объектілердің бастапқы жиынтығын анықтау және талдау;

- объектілердің берілген жиынтығын жіктеу;



- объектілердің атауларын лингвистикалық өңдеу;
- объектілердің берілген жиынтығын кодтау.

Объектілердің бастапқы жиынтығын талдау мыналарды:

- объектілердің өте ортақ қасиеттерін, байланыстарын және арақатынастарын табуды;
  - объектілер арасындағы байланыстарды орнату принциптерін әзірлеуді;
  - объектілердің белгілерін (ортақ және ерекше) табуды;
  - ортақ, барлығына тән белгілері бар объектілердің жиынтықтарын анықтауды;
  - негізгі объектілерді және солармен байланысты объектілерді іріктеу, объектілердің бағыныштылығын және қосалқы бағыныштылығын анықтауды;
  - жіктеуге жататын объектілердің жиынтығын анықтауды қарастырады.
- Объектілердің берілген жиынтығын жіктеу мыналарды:
- жіктеу белгілерін анықтауды;
  - объектілердің берілген көптігі үшін жіктеу әдістерін анықтауды;
  - жіктеудің қажетті және жеткілікті тереңдігін анықтауды қарастырады [16,17].

Объектілер атауларын лингвистикалық өңдеу кезінде объектілердің атауларын жазуды және құруды бір ізге салу, қолданылатын терминологияны реттеу (көп мағыналылықты болдырмау), стандартталған терминологиямен өзара үндестіру жүргізіледі.

Объектілердің атауында қолданылатын терминологияға сәйкессіздік болған жағдайда, әзірлеуші бұны түсіндірме жазбада айырмашылықтарына негіздеме бере отырып, көрсетуге тиіс.

Қажет болған жағдайда осы кезеңде мыналар қарастырылуға тиіс:

- әзірленетін жіктеуіште пайдаланылатын қысқартуларды біріктіру және талдау, оларды бір ізге салу және қысқарған сөздер тізімін дайындау;
- объектілер атауларын қысқарған түрде жазу ережелерін таңдау;
- объектілер атауларының алфавитті көрсеткішін құру (қажет жағдайда).

Объектілердің берілген жиынтығын кодтау мыналарды қарастырады:

- кодтау әдісін таңдауды;
- код алфавиті мен ұзындығын таңдауды;
- автоматтандырылған жүргізу талаптарын есепке ала отырып, код құрылымын құру;
- кодты қорғау үшін бақылау санын есепке алу, оны тексеру;
- кодтардың резервтік сыйымдылығын қамтамасыз ету;
- жіктеу объектілерін, олардың топтарын, белгілерін кодтау.

Әзірлеуші-ұйым жіктеуіш жобасын пікір алу үшін мүдделі ұйымдарға жібереді [16,17].

Жіктеуіш жобасының соңғы басылымын әзірлеу.

Жіктеуіш жобасын алған ұйымдар ол туралы пікір жазады да, оны жіктеуіш жобасын алған уақыттан бастап 60 күннен кешіктермей әзірлеуші-ұйымның мекен-жайына жібереді.

Көрсетілген мерзім ішінде жазба пікір берілмеген жағдайда жіктеуіш жобасы келісілген деп есептеледі.

Әзірлеуші-ұйым алынған жазба пікірлерді өңдейді және пікірлер жинағын жасайды.

Жазба түсіндірмелерде бар ескертулер мен ұсыныстар негізінде жіктеуіш жобасы мен оның түсіндірме жазбасы жөндеп түзетіледі.

Жіктеуіш жобасын оның түсіндірме жазбасымен, тәжірибелік тексеру нәтижелері бойынша пікірлер мен қорытындылар жинағымен бірге жөндеп түзетілген басылымын келісілетін ұйымдарға жібереді.

Келісілетін ұйымдар жіктеуіш жобасын алған күннен бастап бір айдан аспайтын мерзімде өздерінің қорытындыларын береді. Келіскені туралы хатқа ұйым басшысы немесе басшысының орынбасары қол қоюға тиіс.

Жіктеуіш жобасы бойынша елеулі айырмашылықтар болған жағдайда, әзірлеуші-ұйым оларды қарауды және тездетуді ұйымдастырады.

Әзірлеуші-ұйым жіктеу жобасын келісу нәтижелерін есепке ала отырып өңдейді, түсіндірме жазбаны нақтылайды және оны бекітуге беру туралы шешім қабылдайды [16,17].

Жіктеуіштерді бекіту және мемлекеттік тіркеу

ҰТЭ АЖ және ҚР СТ 1.2 сәйкес уәкілетті орган бекітеді.

ҰТЭ АЖ жобасын бекітер алдында уәкілетті органның ұйымында сараптамадан өтуге тиіс.

Сараптаудан оң нәтижелер алынған жағдайда ҰТЭ АЖ соңғы басылымын құжатты әзірлеуші бекіту үшін уәкілетті органға береді.

Жіктеуіш жобасымен бірге мынадай құжаттама:

- ілестіруші хат;

- жіктеуіш жобасының соңғы басылымына жазылған түсіндірме жазба;

- ҰТЭ АЖ жобасына берілген жазба пікірлер жинағы;

- ҰТЭ АЖ жобасының соңғы басылымы келісілгенін растайтын құжаттардың түпнұсқалық даналары;

- сараптама нәтижелері бойынша қорытынды берілуге тиіс.

ҰТЭ АЖ жобасын сараптаудан кері нәтиже алынған жағдайда түзетіліп өңдеуге жатады.

ҰТЭ АЖ тіркеу ҚР СТ 5.2 сәйкес жүргізіледі.

ҚР СТ 5.2 сәйкес ҰТЭ АЖ-не өзгерістер енгізу.

ҚР СТ 1.8 сәйкес ҰТЭ АЖ басып шығару тәртібі.

ҚР СТ 5.2 сәйкес ҰТЭ АЖ жүргізу тәртібі [16,17].

## 5.2 Жіктеуіштерді жасауға, жазуға және ресімдеуге қойылатын талаптар

Жіктеуіште мынадай құрылымдық элементтер болады:

- титул парағы;
- алғысөз;
- мазмұны;
- кіріспе;
- атауы;
- қолданылу саласы;
- нормативтік сілтемелер;
- анықтамалар;
- белгілер мен қысқартулар;
- негізгі бөлігі;
- алфавиттік көрсеткіш;
- қосымша;
- библиографиялық деректер;

«Титул парағы», «Алғысөз», «Негізгі бөлік» элементтерінен басқа, құрылымдық элементтер қажеттілігіне қарай жіктеу объектілерінің ерекшелігіне байланысты жүргізіледі.

«Алғысөз», «Мазмұны», «Кіріспе», «Атауы», «Қолданылу саласы», «Нормативтік сілтемелер», «Анықтамалар», «Белгілер мен қысқартулар», «Қосымша» және «Библиографиялық деректер» құрылымдық элементтерінің жасалуы мен мазмұнына қойылатын, сондай-ақ жіктеуіштер мәтінінің жазылуы мен ресімделуіне қойылатын талаптар - ҚР СТ 1.5 талаптарына сәйкес.

Жіктеуіштің титул парағының бірінші беті А қосымшасына сәйкес ресімделеді.

«Алғысөз» құрылымдық элементі титул парағының екінші бетіне орналастырылады және ҚР СТ 1.5 сәйкес ресімделеді.

Жіктеуіштің бірінші бетін ресімдеу және «Қолданылу саласы» құрылымдық элементін жазу үлгісі - ҚР СТ 1.5 сәйкес.

«Негізгі бөлім» құрылымдық элементі, әдетте, жіктеуішті сипаттаудан және кеселерден тұрады.

«Алфавиттік көрсеткіш» құрылымдық элементінде қажетті іздестіру элементтері (жіктеу объектісінің коды, іздестіру элементінің орналасқан беттері және т.б.) көрсетілген, алфавиттік тәртіппен берілген жіктеу объектілерінің атаулары болады [16,17].

## **Әдебиеттер тізімі**

1. «Техникалық реттеу туралы» Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 9 қарашадағы №603 Заңы
2. «Стандарттау туралы» Қазақстан Республикасының 2018 жылғы 5 қазандағы № 183 Заңы
3. ҚР СТ 1.1-2013 ГСТР РК. Стандарттау және сабақтас қызмет түрлері Терминдер мен анықтамалар
4. ҚР СТ 1.2-2013 ГСТР РК. Ұлттық стандарттарды және алдын ала ұлттық стандарттарды әзірлеу тәртібі
5. ҚР СТ 1.5-2013 ГСТР РК. Стандарттардың құрылуына, жазылуына, рәсімделуіне және мазмұнына қойылатын жалпы талаптар
6. ҚР СТ 1.7-2015 ГСТР РК. Мемлекеттік стандарттау жөніндегі жұмыстарды жоспарлау тәртібі
7. ҚР СТ 1.9-2013 ГСТР РК. Ұлттық стандарттар мен алдын ала ұлттық стандарттар ретінде қолданылатын халықаралық, өңірлік және шет мемлекеттер стандарттарының құрылуына, жазылуына, рәсімделуіне және мазмұнына қойылатын жалпы талаптар
8. ҚР СТ 1.15-2013 ГСТР РК. Стандарттау жөніндегі техникалық комитеттер құру және әрекет ету тәртібі
9. ҚР СТ 1.21-2013 ГСТР РК. Қазақстан Республикасының нормативтік техникалық құжаттардың бірыңғай мемлекеттік қоры. Жинақтау, жүргізу және сақтау
10. ҚР СТ 1.22-2015 ГСТР РК. Стандарт ісі. Қалыптастыру, сақтау, өзекті ету және мұрағатқа тапсыру тәртібі
11. ҚР СТ 1.26-2006 ҚР ГСТР. Стандарттау, сәйкестікті растау, аккредиттеу жөніндегі сарапшы-аудиторлар. Даярлау және аттестаттау тәртібі
12. ҚР СТ 1.33-2013 ГСТР РК. Стандарттау жөніндегі нормативтік құжаттар бойынша сараптама жүргізу және сараптамалық қорытындыларды беру тәртібі
13. ҚР СТ 1.36-2015 ГСТР РК. Еңбек ресурстарын басқару. Стандарттау саласындағы мамандардың біліктілігіне қойылатын талаптар
14. ҚР СТ 1.38-2013 Аудармаларды растау және рәсімдеу, халықаралық, өңірлік және ұлттық стандарттардың, алдын ала ұлттық стандарттардың және шетел мемлекеттерінің стандарттарын толық жазбаша аудармасын редакциялау тәртібі
15. ҚР СТ 1.51-2005 ГСТР РК. Нормативтік құқықтық актілер мен стандарттау жөніндегі құжаттарда стандарттарға сілтемелерді қолдану тәртібі
16. ҚР СТ 5.1-2015. Техникалық-экономикалық және әлеуметтік ақпараттың мемлекеттік жіктеуіштерін әзірлеу тәртібі
17. ҚР СТ 5.2-2015. Техникалық-экономикалық және әлеуметтік ақпараттың мемлекеттік жіктеуіштерін жүргізу туралы ереже
18. ҚР СТ Стандарттау саласында мониторинг жүргізу тәртібі

19. ҚР СТ Ұлттық стандарттау белгісі
20. Бузов, Б.А. Управление качеством продукции. Технический регламент, стандартизация и сертификация [текст] : учебное пособие. - 3-е изд., доп. - М. : Академия, 2008. - 176 с. : ил., табл. - Библиогр.: с.170-171. - ISBN 978-5-7695-4913-7 : 1880-00.
21. Баумгартен, Л. В. Стандартизация и сертификация в туризме [текст] : учебник. - М : Дашков и К, 2012. - 352 с. : ил., табл. - ISBN 978-5-394-01479-6 : 2220-00.
22. Аристов А.И., Карпов Л.И., Приходько В.М., Раковщик Т.М. Метрология, стандартизация и сертификация [текст] : Учебник / - 4-е изд., стер. - М. : Академия, 2008. - 384 с. : ил., табл. - Библиогр.: с.377-378. - ISBN 978-5-7695-5776-7 : 3290-00.
23. Акишев, К. Стандарттау, метрология және сәйкестікті бағалау [Текст/Электронный ресурс] . - Астана : Фолиант, 2011. - 256 б. - ISBN 978-601-271-113-4 : 1470-00.
24. Никифоров, А. Д. Метрология, стандартизация и сертификация [текст] . - М. : Высшая школа, 2002. - 422 с. - ISBN 5-06-004078-X : 100-00.
25. Крылова, Г.Д. Основы стандартизации сертификации метрологии [текст] . - М. : Юнити-Дана, 2002 . - 711с. - ISBN 5-238-00106-1 : 100-00.
26. Эрастов, В. Е. Метрология, стандартизация и сертификация: [текст] : Учебное пособие. - М. : Форум, 2010. - 208 с. : ил. - Библиогр.: с. 204. - ISBN 978-5-91134-193-0 : 695-00
27. Лифиц, И.М. Стандартизация, метрология и сертификация [текст] : учебник. - 6-е изд., перераб. и доп. - М. : Юрайт - Издат, 2006. - 350 с. - (Основы наук). - Библиогр.: с.348--350. - ISBN 5-94879-646-9 : 1300-00.
28. Боларев, Б.П. Стандартизация, метрология, подтверждение соответствия [Текст] : учебное пособие. - М : ИНФРА-М, 2019. - 219 с. - ISBN 978-5-16-009799-2. - ISBN 978-5-16-101235-2 : 8055.00.
29. Селезнева, И.С. Стандартизация и сертификация в химической технологии и биотехнологии [Электронный ресурс] . - Екатеринбург : Урал. ун-т, 2019. - 206 с. - ISBN 978-5-7996-2623-5.